

Қазақстанның 30 жылдық тәуелсіздігі азаматтардың көзімен: оқиғалар, символдар және кейіпкерлер

Зерттеу қорытындылары бойынша
аналитикалық есеп

ӘЛИЯ ТЛЕГЕНОВА
АНАСТАСИЯ РЕШЕТНЯК
СЕРІК БЕЙСЕМБАЕВ
КАМИЛА СМАҒҰЛОВА

Қазақстанның 30 жылдық тәуелсіздігі азаматтардың көзімен: оқиғалар, символдар және кейіпкерлер

Зерттеу қорытындылары бойынша аналитикалық есеп

Бұл жоба Сорос-Қазақстан қорының қолдауымен PaperLab қоғамдық қорының зерттеушілер тобымен 2021 жылғы қазаннан 2022 жылғы наурызға дейінгі мерзімде жүзеге асырылды.

Зерттеуде көрсетілген авторлардың көзқарасы Сорос-Қазақстан қорының көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін. Басылымда қамтылған фактілер, мәліметтер, пайымдаулар мен қорытындылар үшін авторлар жауапты.

Баяндаманы дайындауға қатысқандар:
Әлия Тлегенова
Анастасия Решетняк
Серік Бейсембаев
Камила Смағұлова

МАЗМҰНЫ

4	Кіріспе. Бұл зерттеу неге маңызды?
6	Зерттеудің методологиясы
12	1-тарау. Біз тәуелсіздікті қалай түсінеміз?
12	1.1. Тәуелсіздік күні 16 желтоқсан ба?
16	1.2. Тәуелсіздікке қол жеткізу қалай жүрді?
18	1.3. Тәуелсіздік туралы ресми нарративті қабылдау
23	1.4. Тәуелсіз Қазақстанның символдары
30	2-тарау. Ел тарихына өзіндік көзқарас
30	2.1. Тоқсанынышы жылдар (1991–2001) — экономикалық дағдарыс және мемлекеттің қалыптасуы
38	2.2. 2000 жылдар — экономикалық өрлеу мен авторитаризмнің күшеюі
47	2.3. 2010 жылдар — тұрақтылық әлде тоқырау ма?
58	2.4. Ел тарихындағы тұлғалардың рөлі
70	3-тарау. Біз қандай нәтижеге жеттік және қайда жылжып барамыз?
70	3.1. Негізгі қортындылар
81	3.2. Біз қандай болашақты қалаймыз?
86	Қорытындының орнына
88	Қосымшалар

І КІРІСПЕ. БҰЛ ЗЕРТТЕУ НЕГЕ МАҢЫЗДЫ?

Қазақстанда тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде ел тарихының ресми нұсқасын тек мақтан тұтарлық, қателіктерді, қақтығыстарды және күйзеліс сәттерін ескермейтін тарих ретінде насихаттау тәжірибесі қалыптасты. Қоғамдық ортада қалыптасқан мұндай мемлекеттік нарративтің үстемдігі тарихтың ресми нұсқасы шынымен де қоғамда тамыр жайып, ұлттық бірегейлікті құрудың негізгі элементтерінің бірі болады дегенді білдірмейді.

Тарихтың тек «дұрыс» және рұқсат етілген нұсқасын талап ете отырып, мемлекет бұл нарративтерде өз орнын таба алмаған азаматтар тобын талқылаудан шығарады. Қоғам мүддесіне сай келмейтін мұндай үрдіс тарихты зерделеуді және қайта түсінуге мүмкіндік беретін үздіксіз қоғамдық диалогты қалыптастыруды қажет етеді. Ұлтына, тілді меңгеруіне және тарихи білім деңгейіне қарамастан, «төмендегі» адамдардың қатысуымен көлденең диалог құру маңызы артады. Сәйкесінше, ортақ тарихтың қиын сәттерін ауыздықтамай, қоғамды біріктіруге берік негіз болатын диалогтың қажеттілігі туындайды.

Қоғамның өткенді қайта саралау үрдісі әлдеқашан басталғаны сөзсіз және оған қарсы тұру мүмкін емес. Әсіресе, қазіргі таңда шамамен кез келген ақпарат және қоғамдық ойды оңай табуға болады, ал әлеуметтік желілер тек қарым-қатынас тәсілі ғана емес, сонымен бірге көпшілік алдында пікір алмасудың әмбебап алаңына айналды. Сол сияқты Қазақстанда да елдің саяси өміріне қатысуға деген артып жатқан сұраныспен қатар тарихи маңызды оқиғаларға деген көзқарасты қайта қарау талабы байқалады.

Біз үшін тәуелсіздік кезеңінде, яғни 1991-2021 жылдар аралығында, қазақстандықтар ұжымдық жадының қандай күйде екенін зерттеу қызық болды. Өткеннің ресми және бейресми қоғамдық өкілдіктері мен тарихи танымдардың әсерінен қалыптасқан және сонымен бірге өткенге әлі жата қоймаған кезеңнің естеліктерін сақтай отырып, Қазақстан тарихының соңғы 30 жылындағы ұжымдық жадыны зерттеу — қызықты кейс болып табылатыны сөзсіз.

Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдарын қайта қарастыруға талпыныс жасай отырып, біз тақырыпқа деген өзіміздің зерттеушілік қызығушылығымызды ғана емес, зерттеудің практикалық маңызын да байқаймыз. Осы кезеңде ел азаматтары талай сілкіністер мен қиын-қыстау сәттерден өтуге мәжбүр болды, әсіресе биылғы жыл басында орын алған Қанды қаңтардағы оқиғалар кезінде еліміз ауыр

зардапты тәжірибеден өтті. Өткен кезеңдегі оқиғаларды, сондай-ақ өткеннің қателіктеріне алып келген алғышарттарды сыни тұрғыдан түсінудің және зерттеудің маңыздылығы, тарихтың жағымсыз сәттерін «ұмыту» жағдайында оларды қайталау мүмкіндігін арттырады. Мемлекеттің тарапынан өткеннің ең маңызды әрі қиын оқиғаларын жасыратын ресми нарратив бүкіл қоғамға салған жараны емдей алмайды. Мұндай нарратив, керісінше, қоғамды бөліп жібереді, азаматтардың бір-біріне, мемлекеттік институттарға, соттарға, құқық қорғау органдарына деген сеніміне нұқсан келтіреді және әрі қарай дамуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан біз үшін мемлекеттің жетістіктерін мадақтау кезінде біздің ортақ тарихымыздың қиын-қыстау кезеңдері ескерілетін және тарихтың сол кезеңдерін елмен бірге кешкен қарапайым азаматтарға тиісті орын берілетін пікірталасқа өз үлесімізді қосу маңызды болды.

I ЗЕРТТЕУ МЕТОДОЛОГИЯСЫ

Ұжымдық жады теориясын талдайтын әдеби деректерде өткеннің белгілі бір оқиғалары бүгінгі шындықтың, өмір сүру жағдайлары мен қажеттіліктерінің қысымымен ғана өзінің өзектілігі мен маңызына ие болатын «өткеннің деэссенциализациясы» сияқты құбылыс сипатталады.¹ Дәл осы әлеуметтік және мәдени шектер ортақ өткеніміз туралы ұжымдық көзқарасымызды қалыптастырып, таратады.

Сонымен бірге, ұжымдық жады өткеніміз жайында ғана емес, қазіргі кезең және тіпті болашақпен де байланысты. Мартин Хайдеггер жазғандай: «Тарих аяқталып қойған «өткенді» емес, одан шыққан жаңа болашақ бастауды білдіреді».² Екіге бөлінген өткен шақ туралы ойларды манипуляциялау, билікке қолайлы тарихтың белгілі бір нұсқасын қалыптастыру қоғамға әсер етудің маңызды құралы болуы мүмкін. Дәл осындай тәсілдер күмәнді мемлекеттік саяси шешімдерді негіздеу, билеуші элитаны заңдастыру үшін қолданылуы мүмкін. Кейде ел тарихының ресми нұсқасы мемлекет пен азаматтар арасындағы жазылмаған әлеуметтік келісім-шарттың негізіне айналады.³

«Мемлекеттік мүдделер мен ұлттық қауіпсіздікті қорғау» мақсатында тарихқа қатысты біртұтас үстемдікті ұстанып, өткенге қатысты идеяларды манипуляциялау туралы пікірталас мемлекеттік тарихи саясатқа көбірек қатысты болуы ықтимал. Оның құралдарына қоғамдық пікірді көрсететін сауалнамалар, мемлекеттік мерекелер мен рәсімдерді өткізу, БАҚ, әдебиет және оқу материалдары арқылы тарихи әңгімелерді тарату жатады. Мемлекет тарихи саясатты іске асыра отырып, елдің «салтанатты өткен шағы» туралы мифтерді қолдау үшін әкімшілік ресурстарды жадымен жұмыс істеуге бағыттайды. Түптеп келгенде, тарихтың мемлекет тарапынан жазылған тек осындай нұсқасы ғана қабылдануы және тарауы тиіс.

Тарихи саясаттың қоғамдық тарихтан айырмашылығы бағытталған адамдарымен сирек әрекеттесуінде. Демек, «тарихи саясат *бірлік* ұғымымен байланысты

- 1 Ассман А. Длинная тень прошлого. Мемориальная культура и историческая политика. М.: Новое литературное обозрение, 2014.
- 2 Хайдеггер М. Бытие и время. М.: Издательство АСТ, 2003.
- 3 Колесников А. Ресейдегі тарихи саясат неліктен біріктірмей, араздастырады.// Мәскеу Карнеги Орталығы [Электронды басылым]. Қол жеткізу: <https://carnegie.ru/2017/08/09/ru-pub-72746> (қаралған күні 30.03.2022).

болса, [онда] қоғамдық тарих *жалпы* деген өлшемге негізделеді».⁴ Сондықтан, қоғамдық тарих тарихи саясатқа толығымен қарама-қайшы болмаса да, өткенмен, қоғамдық тарихпен әрекеттесудің қолжетімді балама тәсілі, ол жеке тұлғалардың жадысымен және олардың отбасыларының тарихымен байланысты сақтап қала алады.

Қоғамдық тарих өткенді ұғыну үрдісіне шолу жасап, тарихты «жасаушы» (қазақстандық контекстінде бұл тікелей тарихшылар ғана емес) мен оны «тұтынушылар» арасындағы тең қарым-қатынастар алаңы ретінде қызмет етеді. Біз үшін бұл зерттеуде қарапайым азаматтардың ұжымдық өткенді есте сақтаудағы ерекше рөлін, оларды субъективтіліктен айырмай, мемлекет ұсынған біртұтас тарихи әңгімелердің пассивті тұтынушыларына айналдырмай ерекше атап өту маңызды болды.

Өткен мен болашақ туралы әңгімелерден қатар, біз азаматтардың тәуелсіздік ұғымына енгізген құндылықтары мен мағыналарын бөлек тарауда қарастырғанды жөн көрдік. Пааси тәуелсіздік пен жадының оянуы арасындағы байланысты зерттей отырып, тәуелсіздік ұғымын қарапайым (күнделікті тәжірибе) және ыстық (немесе этно-) ұлтшылдық түрлерінен тұрады деп тұжырымдаған. Оның пікірінше, тәуелсіздік – «әлеуметтік процесс және нақты (немесе ұмтылатын) егемендікті, аумақтың тарихын, сондай-ақ күнделікті әдеттерді, оқиғаларды, естеліктерді, сондай-ақ ұлттық сәйкестілікке байланысты әңгімелер мен иконографияларды біріктіретін тәжірибе/дискурстар жиынтығы».⁵ Мемлекеттіліктің материалдық символдарын (шекаралар, тулар, табиғи ландшафттар сияқты) және оған қол жеткізудегі оқиғаларды (еске алу күндері, сондай-ақ тәуелсіздік үшін күреспен байланысты күндер) біріктіретін тәуелсіздік ұлттық/азаматтық бірегейлік туралы мета-дискурстың маңызды компоненттерінің бірі болып табылады.⁶

Бір қызығы, тәуелсіздікке байланысты мерекелерді көбінесе отарсыздандыру және / немесе ұлт-азаттық күрес⁷ үрдісін бастан өткерген «жаңа» мемлекеттер атап өтеді, себебі бұл елдердің қоғамдары үшін өткенді қайта өңдеу, егемендікке қатысты әңгімелер мен тәжірибелерді саралау маңызды. Қазақстанда 30 жыл ішінде та-

4 Калинин И. Историческая политика. // Все в прошлом. Теория и практика публичной истории / Под ред. А. Завадского, В. Дубиной. М.: Новое Издательство Москва, 2021. С. 355–375.

5 Paasi A. Dancing on the graves: Independence, hot/banal nationalism and the mobilization of memory, *Political Geography*, Volume 54, 2016, Pages 21–31, ISSN 0962-6298

6 J. Morrissey, D. Nally, U. Strohmayer, Y. Whelan (Eds.), *Key concepts in historical geography*, Sage, London (2014), pp. 64–80

7 Paasi A. Dancing on the graves: Independence, hot/banal nationalism and the mobilization of memory, *Political Geography*, Volume 54, 2016, Pages 21–31, ISSN 0962-6298

рих және өткен шақ әңгімелер мен тәжірибелердің қалай қалыптасқанын зерттеу өте маңызды, және ол қоғам болып өткенімізді саралаумен тікелей байланысты.

Осылайша, **бұл зерттеудің мақсаты** – Қазақстанның 30 жылдық тарихын азаматтардың көзқарасы арқылы жұртшылыққа ұсыну. Ал бұл өз кезегінде болашақта қоғамды топтастыру мен азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың берік негізі болуы әбден мүмкін.

Зерттеу барысында біз келесі сұрақтарға жауап табуға тырыстық:

- Тәуелсіздіктің қазақстандықтар үшін символдық маңызы қандай?
- Азаматтар тәуелсіздік кезеңіндегі қандай жетістіктер мен сәтсіздіктерді атап өтеді?
- Еліміздің тәуелсіздік алған үш кезеңіне (1991-2000 жж., 2001-2010 жж., 2011-2020 жж.) қатысты қандай нарративтер басым?
- Тәуелсіздік кезеңінің символдарына қандай тұлғалар, оқиғалар мен үрдістер жатады? Бұл символдарға азаматтар қандай баға береді?

Тәуелсіздіктің 30 жылын Қазақстан қоғамы қалай еске алып, қалай қабылдайтынын түсіну мақсатында фокус-топтық талқылау әдісіне жүгінуді жөн көрдік. Бұл нарративтік анализ үшін кеңінен қолданылатын сапалық зерттеу әдісі, берілген тақырып бойынша фокус-топ өкілдерімен өтетін модераторлық топтық сұхбат. Жаппай сауалнамаға қарағанда, фокус-топтар деректерді жинауда нақты бағытты белгілемейді және «қоғамдық пікірді» бастапқы қалпында сақтап, ауқымды көзқарасты жеткізуге мүмкіндік береді. Фокус-топтық пікірталастардың құрал ретінде ұжымдық жадыдан ненің ұмытылғанын немесе құдаланғанын анықтауға мүмкіндік беретіні де маңызды, бұл жадыда сақталған бірегейлігіміздің маңызды бөлігі болып табылады.

Тақырыпқа терең бойлау үшін біз синхронды және бейсинхронды фокус-топтарды қатар қолдандық. Синхрондық фокус-топ – нақты уақыттағы талқылау жүретін классикалық әдіс. Бейсинхронды фокус-топ қатысушыларынан толығырақ жауаптар алу үшін онлайн форматтағы форумда сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік береді.

Фокус-топтардың қатысушыларын біз төрт буындық топтарға бөлдік. Буын дегеніміз бір кезеңде туылған адамдар тобы ғана емес, белгілі бір маңызды тарихи оқиғалар мен өзгерістерді бірге басынан кешірген адамдардың тобы екенін атап өткен жөн. Карл Мангеймнің пайымдауынша, тұлғаның одан әрі қалыптасуына

адамның кәмелеттік өмірге қадам басқан жылдары (17-25 жас) немесе «әсерлі жылдар» деп аталатын кезеңде өткен тарихи оқиғалар әсер қалдырады. Осылайша, есею жылдарындағы белгілі бір тарихи оқиғаларды бастан кешумен біріктірілген жас топтары оларға тән дүниетанымды көрсетеді, соның негізінде кейінгі барлық тәжірибелерін саралап, өткенге деген өзіндік көзқарасы қалыптасады⁸. Әр буынның алмасуы, өз кезегінде, өткенді қоғамдық қабылдау тұрғысынан өзгертеді: бұрын басым деп саналатын пікірлер уақыт өте келе артта қалып, олардың орнын жаңа тұжырымдамалар басады, «белгілі бір үміт пен қорқыныш атмосферасы, жинақталған тәжірибе және басым құндылықтар ыдырайды, олардың орнына басқа көңіл-күйлер мен көзқарастар келеді».⁹

В. В. Радаевтың¹⁰ буындар жіктеуінен буындар атауларын алып, біз «тоқырау буыны» (1950–1969), «реформалық буын» (1970–1983), миллениалдар (1984-1999) және центениалдар (2000 жылдан кейін туғандар) өкілдері арасында Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі негізгі үрдістерге, оқиғаларға және тұлғаларға қатысты әрбір буынға тән нарративтерді зерттейміз.

Зерттеудің далалық кезеңінде (2021 жылғы қараша) 62 қатысушымен сегіз фокус-топтық пікірталастар өткізілді. Қатысушылар әлеуметтік желілердегі таргеттік жарнама арқылы онлайн әдісімен жиналды (офлайн фокус-топтарды қоспағанда). Фокус-топ жайындағы хабарландыруға барлығы 400-ден астам адам жауап берді. Әр буын тобында пікірталастар қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді. Топқа қатысушылардың жынысы, материалдық жағдайы, білім деңгейі және жұмыс түрі бойынша біркелкі бөліну критерийлері ескерілді.

Онлайн форматта реформалық буын (1970-1983), миллениалдар (1984-1999) мен центениалдар (2000 жылдан кейін туған) өкілдерімен өткен алты фокус-топтық пікірталасқа Астана, Алматы, Шымкент, Атырау, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Петропавл, Семей, Талдықорған, Тараз, Түркістан, Өскемен қалаларының тұрғындары, сондай-ақ Алматы және Түркістан облыстарындағы ауыл тұрғындары қатысты. Техникалық себептермен екі фокус-топ қалыпты офлайн-форматта Астана (орыс тілді топ) мен Талдықорған (қазақ тілді топ) қалаларында өтті. Бұл топтармен бейсинхрондық фокус-топтар да жүргізілді.

8 Мангейм К. Ұрпақтар мәселесі [Электронды дерек]. Қол жеткізу: <http://soc.gaugn.ru/biblio/mangeim.pdf> (қаралған күні 30.03.2022).

9 Ассман А. Длинная тень прошлого. Мемориальная культура и историческая политика. М.: Новое литературное обозрение, 2014.

10 Радаев В.В. Миллениалы на фоне предшествующих поколений: эмпирический анализ / Социологические исследования. 2018. № 3. С. 15–33.

Зерттеу жұмысының бірқатар шектеулері бар. Біріншіден, сапалық зерттеу әдісінің ерекшелігіне байланысты алынған нәтижелерді Қазақстанның бүкіл халқына немесе жекелеген жас топтарына жалпылау мүмкін емес. Мәтіннің міндеті — зерттелетін құбылысқа қатысты азаматтардың арасында болатын пікірлер мен пайымдаулардың қоғамда таралу дәрежесін бағалау емес, олардың ауқымын көрсету. Екіншіден, фокус-топтық пікірталастардың көпшілігін онлайн форматта өткізу модератордың респонденттермен байланысының сапасын төмендетуі, сондай-ақ кейбір қатысушылардың қатысу мүмкіндіктеріне әсер етуі мүмкін. Сәйкесінше, жауаптардың тереңдігі офлайн фокус-топтармен салыстырғанда төменірек болуы мүмкін. Үшіншіден, респонденттер сескеніп, жеке бас қауіпсіздігі мәселесіне байланысты белгілі бір саяси тұлғалар мен оқиғаларға қатысты өз көзқарастарын ашық айтуға дайын болмауы мүмкін.

16 ЖЕЛТОҚСАН
тәуелсіздік күні



I 1-ТАРАУ. БІЗ ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ҚАЛАЙ ТҮСІНЕМІЗ?

1.1. Тәуелсіздік күні 16 желтоқсан ба?

16 желтоқсанды Қазақстан мемлекеттілігінің қалаушы «кірпіштерінің» бірі деп атауға болады. Ресми дискурста тәуелсіздік алу күні ерекше маңызға ие: азаматтарға қосымша екі демалыс күні берілгенімен қатар, бұл ел дамуының қорытындыларын ғылыми конференциялар мен оқу орындарында саралау уақыты; азаматтарға мемлекеттік марапаттамаларды тапсыру мезгілі.

Фокус-топтық пікірталастар барысында респонденттерге келесі сұрақтар қойылды: «Сіз 16 желтоқсанда Тәуелсіздік күнін тойлайсыз ба? Бұл күн сіздің отбасыңыз үшін қалай өтеді? Бұл күн сіз үшін маңызды ма?»

16 желтоқсан туралы әңгіме қозғаған кезде, тәуелсіз Қазақстанда жетілген миллиалдар және центениалдар буындары ең алдымен мектептердегі патриоттық шараларды еске алады. Олардың көпшілігі үшін оқу орындарын бітіргеннен кейін бұл күн көбінесе идеологиялық мазмұны жоқ кезекті демалыс күнге айналған:

Меніңше [мейрамның маңызы] жоғалып бара жатқан сияқты. Мысалы, мектепте бұл бізге мереке болып көрінді. Өйткені 16 желтоқсан мерекесін татап өпес бұрын біз концерттер мен түрлі қойылымдар ұйымдастыратын едік.

Әйел, 19 жаста, орысша ФТ

Орта буындағы респонденттер Тәуелсіздік күні туралы қайшы пікір білдіреді, оны жаппай өтетін ресми мерекелік іс-шаралармен байланыстырады. Мысалы, шенеуніктерді немесе «міндетті» концерттік бағдарламаны күтіп, суықта бірнеше сағат өткізуге мәжбүр болған шерулер мен митингілерге шығуға мәжбүрлеумен атап өтеді:

Күні бойы массовка болып тұрасың. Мұны істеуге міндеттісің. Мен мұны мереке деп санамаймын, өйткені ешбір қызығы жоқ, <...> үйге келесің — саған бар керегі - тезірек жылыну, болды.

Әйел, 38 жаста, орысша ФТ

Аға буын жасындағы топтарда 16 желтоқсан мереке емес, еске алу күні болуы керек деген пікірлер жиі айтылды: 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысу-

шыларды да, 2011 жылғы Жаңаөзендегі наразылық кезінде қаза болғандарды да аза тұту күні ретінде қабылдануы қажет. Бұл күнді қантөгіс күні деп сипаттайды, оны мереке ретінде тойлау – орынсыз, қазақ халқының азаттығы үшін жан пида еткендердге құрмет көрсетпеу дейді.

Бөтен адамдардың ұлтымызға иттей қарағанын, жатақханадан шығармағанын, қабаған иттерді жібергенін көрдім. <...> Өзге ұлт өкілдерінің бізге қысым көрсеткені әлі есімде. Басқа күндер жетерлік. Неліктен 16 желтоқсанға белгіленді бұл мереке?

Ер адам, 54 жаста, қазақша ФТ

Атап айтқанда, пікірталастардың барысында кейбір респонденттер 2009 жылы Республика күні ретінде жойылған 25 қазанды тәуелсіздікті атап өтуге қолайлы және орынды мереке күні деп меңзеді.

Көп жағдайда мерекені қабылдау осы күні қауіпсіздік шараларын күшейтетін биліктің әрекетімен де байланысты. Мемлекет өзі белгілеген мерекеге «монополия» орнатуы өзге пікірлер білдірудің мүмкін еместігі, «тыныш отырып» (кем дегенде саяси мағынада), өз ісімен айналысу белгісі ретінде қабылданады. Сондықтан респонденттердің едәуір бөлігі үшін бұл күн тіпті демалыс күні емес, «жамандықтан сақтап қалсын» деп сескендіріп, үрей тудыратын күнге айналды.

Өкінішке орай, Тәуелсіздік күні дұрыс тойланбайды деп ойлаймын, <...> біз бұл күнді сирек еске аламыз. Бір кезде Польша елінің Тәуелсіздік күнінде болдым. Олар бұл күннің маңызын ұрпақтарының санасына сіңіруге тырысады - алаңға шығады, қайғылы оқиғаларға қарамастан, түрлі шаралар ұйымдастырады, құрбан болған отандастарын еске алады. Меніңше, бізде ондай әдет мүлдем жоқ сияқты. Керісінше, бәрі ешқайда шықпай, үйде отыр. Кейбіреулерде қорқыныш бар сияқты.

Әйел, 26 жаста, қазақша ФТ

Әдетте тәуелсіздік күнін атап өту аясында елордада және ірі қалаларда салтанатты концерттер, фестивальдар мен жәрмеңкелер өтеді. Осы күнге дейін елде жаңа жылдық шыршалар да безендірілмейді: жыл сайын бұл мерекені жаңа жылдық шумен «асып түсуге» жол бермесін деген түсінік таралады.¹¹ Негізінде, бұл күн-

11 Қазақстанцев призвали не готовиться к Новому году до Дня независимости – TengrineWws / <https://tengrinews.kz/story/kazahstantsev-prizvali-gotovitsya-novomu-godu-dnya-283670/>

ді «дұрыс» атап өту мәселесі жыл сайын ресми деңгейде де, бұқаралық ақпарат құралдарында да көтеріледі. Бұл мемлекеттік қызметкерлердің, мерекені ұйымдастырудағы орны қаншалықты зор екенін көрсетеді. Оларға жаппай дайындық пен белсенді қатысу талабы қойылады және жоспардан ауытқымасын деп нұсқаулық беріледі.

Мемлекеттік қызмет өкілі <...> болғандықтан жұмыс барысында дайындық жүріп жатады. <...> Әйтеуір бұл күн сырттан дайындалып жатқан митингтермен сәйкес болып қалады, қауіпсіздік пен мемлекеттік органдар белсенді жұмыс істей бастайды. Яғни, мемлекет тарапынан біз бұл мерекеге дайындалып жатырмыз, оқушыларға ақпараттық шаралар өткізіп жатырмыз, бірақ екінші жағынан, қауіп төну ықтималдылығы бар жаман жағына да дайындаламыз.

Ер адам, 23 жаста, орысша ФТ

Басқа респонденттер де бұндай шиеленіс туралы айтады. 16 желтоқсандағы төмен белсенділік қауіпті және тым саясиландырылған іс сияқты көрінеді:

... жыл сайын әлеуметтік желілерде біртүрлі хаттар жіберіледі: «16-сы күні тұрып, митинг ұйымдастырайық» деген. Ал адамдардың одан қорқатыны өте жаман. Өйткені біздің қауіпсіздік күштері үшін [бұл] басқаша көзқарас тудыруы мүмкін: олар өрескел айтқанда, күш көрсетеді шыққандарға, бұрап, байлап алады.

Ер адам, 30 жаста, орысша ФТ

Фокус-топтық пікірталастар отбасылар мен шағын ұйымдар деңгейінде Тәуелсіздік күнін тойлаудың ерекше бір дәстүрі қалыптаспағанын көрсетеді. Демалыс күні - дос жаранды жинауға қолайлы күн екеніне қарамастан, 16 желтоқсан жеке отбасымен жиналып, аталып өтілмейді:

...біз ол күнді тойламаймыз. Бұл демалыс күні <...> болғандықтан, достарымызбен, туыстарымызбен жиналамыз кейде. Барлығына ыңғайлы уақыт. Жиналып, <...> мейрамханаға барамыз немесе отбасы болып отырыс жасаймыз. Бірақ, бұндай басқосулардың Тәуелсіздік күнімен байланысы жоқ. Демалыс күні болғандықтан ғана, бос уақытымыз деп кездесеміз.

Ер адам, 20 жаста, орысша ФТ

Дегенмен, көптеген қатысушылар мерекенің болашақ ұрпақ үшін, патриотизмді дамыту үшін маңыздылығын мойындайды. Бұл күнді ел қалай тәуелсіздік алғаны

жайында, бұған қандай оқиғалар бөгет болғаны туралы ой қозғаумен өткізуге болады. Халықтың ойынша, қаза болғандардың рухына сыйластық көрсету осыдан басталады. Дей тұра, кейбіреулер ғана отбасы болып оны талқылайды екен:

Иә, таңатпастан біз 1986 және 2011 жылдары құрбан болғандарды еске аламыз. Бірақ біз бұл тәуелсіздік, бұл адамдар еліміз тәуелсіз болсын деп жандарын қиған, қанын төккен дейміз. Бізге берілген аманат ретінде бұны жалғастыруымыз шарт.

Әйел, 50 жаста, орысша ФТ

Фокус-топтық пікірталастардың нәтижелерін салыстырмалы талдау келесі үрдістерді көрсетеді:

- Университет немесе мектеп жылдарын тәуелсіз Қазақстанда өткізген буын бұл күнді ресми мерекелік күн деп есептейді. Оған алдын ала оқу орындарында концерттік қойылымдар ұйымдастырып, дайындаламыз дейді. Көзқарастары көбінесе жағымды, алайда терең саралау мен рефлексия байқалмайды.
- Тәуелсіздік алғанды өз көзімен саналы жасында көргендер үш топқа бөлінеді: біріншілері бұл күнді «еске алу күні» деп санайды, салтанатты күннен гөрі қайғылы деп бағалайды; екіншілері - көптен күткен азаттық күні, қалғандары болса тағдырдың келесі сынағы, қалыпты үрдіс деп қарайды екен.

16 желтоқсанның қалыпты күйдегі мереке ретінде қабылданбауы — барлық фокус-топтарға ортақ көзқарас. Бұл Наурыз сияқты халық болып тойлап, **шын жүрекпен қуанатын күн емес**. Керісінше, түрлі идеологиялық және жалпыхалықтық мағыналарға толы күн. Бұл орайда Қазақстанның мемлекеттілігін алуы жайындағы талқылаудың әлі аяқталмағанын көре аламыз. Қоғамдық дискурста қазірдің өзінде буындардың мақсатқа жету жолындағы күресі мен қиындықтары, тәуелсіз дамудың бастамасы, әлемдік аренада өз орнын іздеу сияқты ортақ үрдістер аталатыны сөзсіз. Дегенмен, көптеген сұрақтар әлі де саралаудан өтпеген, барлық буындарға, әсіресе аға буындағыларға аса ауыр тиеді.

Адамдар бұл мереке күндері қалыпты үйдің шаруасымен айналысқанды жөн көреді, кей жағдайда ғана бұл күнмен байланысты оқиғаларды отбасы болып талқылайды. Бұған көбінесе осы күнге дейін билік құрған жағдай ықпал етеді: қауіпсіздік шараларын күшейту, номиналды іс-шаралар өткізу сияқты.

1.2. Тәуелсіздікке қол жеткізу қалай жүрді?

Кейбір аға буынның өкілдері тәуелсіздік туралы айта отырып, кеңестік кезеңнің тегін медицинасын, білімін және жұмыссыздықтың болмауын сағынышпен еске алады. Жас ұрпақ үшін бұл олардың ата-аналары тәуелсіздікті ерекше бағаламайтындығының көрсеткіші. Осылайша, «кеңес заманында жақсы еді» нарративы елдің егемендігі туралы әңгіме аясында әкелер мен балалар арасындағы дәстүрлі қақтығысқа себеп болады.

...аға буын егемендікті онша аңсамаған да секілді. Олар “Кеңес уақытында бұндай болмаған, бұдан да жақсы болатын, білім мен ғылым, медицина тегін еді” және тағы басқа. Олардың бойында өткенге деген сағыныштары бар. <...> Қазақстанда тұрған ұнай ма екен өздеріне? КСРО-да кептеліп қалып қалған тәрізді кейде.

Ер адам, 21 жаста, орысша ФТ

Оған қоса, қазақтардың КСРО кезінде бастан кешкен қуғын-сүргін жайында белгілі бір ұжымдық түсініктегі сюжет қалыптасқан. Респонденттер ең қиыны деп қазақтар мен басқа да этностардың өз тілдерінде сөйлеуге мүмкіндігінің болмағанын атап өтті. Сонымен қатар, **олар кеңестік кезеңдегі күнделікті өмірде болған кемсітулерді жиі еске алады**: жұмысқа немесе оқуға алмайтын, кезек бойынша пәтер бермейтін, «төменгі сатыда» тұрғандар деп қабылдайтын.

Қиындық көп болды. Бірақ мен, әрине, тәуелсіз болғанымызға қуанамын. Өз ұлтымыз. Кезінде біз олар болмаса, адам емеспіз, олар бізді адам қылған деп айтатын. Мен өз ұлтыма деген мақтанышты сезіндім. Тіпті бір рет орыс декан мені шақырып, оқудан қуып жібере жаздады. Анам келіп, қалдырды бірақ кейін.

Ер адам, 64 жаста, қазақша ФТ

Бұндай сәттер 1986 жылғы желтоқсан оқиғасын еске алғанда жиі айтылады. Алматының жастары Колбиннің келгеніне байланысты наразылық білдіреміз деп шеруге шыққан. Аға буынының өкілдері үшін бұл оқиғалардың жеке өмірлері мен мансаптық жолдарына әсер еткені әлі де естерінде. Бір қызығы, сол кездегі адамдар Қазақстанның КСРО-дан жақын арада бөлінетінін алдын ала сезген болатын.

Мен тәуелсіздік күні жайында 1986 жылдан бастап [айтқым] келеді. Барлығы Желтоқсан оқиғасынан бастау алған. Бұл тарихымыз ғой. Бұны кейін 91-де өзгерте алмайсың. Кейін бұл оқиғалардан кейін, күйеуімді жұмыс бабымен ауыстырған. Ол кезде қазақ қыздарын жертөлеге қамайтын. Күйеуім ол кезде полицияда істеп, өз көзімен көрген. Оны да ұрып соқты, әрең дегенде жетекшісінің кабинетіне қашып келді. Кейін бізді ауыстырды басқа жаққа. Мен балабақшаның жетекшісі болып істедім, кейін бізді басқа жаққа ауыстырып, жұмыстан шығып кеттім. Дүкенде тұрдым, путчистер шықты. <...> Ол кезде сотқа жоқ. теледидар нашар істейді, газет оқыдық. Сол кезде айттым, біз әрі қарай бөлініп кетеміз, менің болжамым. Онда сатушылар маған күлетін. Кейін 1991 жылы президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Мәскеуде болды, КСРО ыдырай бастады. Отбасымызбен бөлініп, тәуелсіз ел боламыз деген ойды толықтай қолдадық. Кеңес Одағына ренжігенбіз ол кезде.

Әйел, 64 жаста, қазақша ФТ

Өскелең ұрпақтың Желтоқсан оқиғасы жөніндегі ой-пікірлері 1986 жыл қазақ халқының тәуелсіздікке жету жолындағы басты эпизодтардың бірі деген ресми нарратив арқылы қалыптасты. Кейбір центениалдар үшін тәуелсіздік алу тарихы XVIII ғасырдағы патшалық Ресейге қарсы көтерілістерден басталып, 1986 жылға дейін созылған оқиғалар тізбегі ретінде құралған. Тәуелсіздіктің бейнесі қазақ халқының егемендік жолындағы ұзақ күресінің нәтижесі болып қабылданады.

...арғы аталарымыздың заманынан бері жеріміз Ресейде де, Ташкентте те жатыр. Ташкентте бабамыз Төле би жерленген. Олар бұны қан төгіп қорғап келген, <...> қанша азаматтарымыз мерт болды, атылып кетті. Бұл қан тәуелсіздік үшін төгілді. Біз оқығанда Ленинград университетінің қазақтары “Жас ұрпақ” деген ұйым құрды: <...> біздің заман содан басталды. Оның мақсаты — қазақ халқының болашағы, тәуелсіздігі және оған жету үшін қажет әрекеттер. Ол туралы Тайжанов ойланған, Әуезов ол кезде Мәскеуде оқыған. Ленинград, Мәскеу мен Киевте бұндай ұйымдар құрылған. Сонда біз белсенді қозғалысты бастадық. Кейін Алматының студенттері бұл туралы естіді. Сосын бізді басып тастады. Әрине, 1986 жылы біздің қазақ жастарымыздың қаны төгілді. Жастарға бұның барлығы қандай еңбекпен келгенін түсіндіру қажет.

Әйел, 54 жаста, қазақша ФТ

Алайда, зерттеу көрсеткендей, тәуелсіздік алу төңірегінде адамдардың барлығы қаһармандық нарративті қолдай бермейді. Кейбір респонденттер Қазақстанның КСРО құрамындағы соңғы республика болып қалғанын еске алады, яғни тәуел-

сіздік — күрестің нәтижесі емес, тек жағдайдың солай болуы, сондықтан тәуелсіздікке қол жеткізуді мақтаныш ретінде қарастыруға болмайды:

...неге елімізде барлығы бейтарап ойда? Өйткені, жалпылама алсақ, тоқсаныншы жылдары еліміз тәуелсіздік үшін күреспеген. Белгілі бір оқиғалар жиналып, соның нәтижесінде ғана тәуелсіз болды. <...> Адамдардың жаны мен жүрегінде үндеу алатындай, біз алдық, біз жеттік, кім болсын солардан қорған қалдық деген арпалыс күрес болған жоқ. Жай ғана болған нәрсе. Ата-аналарымыз, аға-апайларымыз сол кезде өмір сүрген, олар үшін ешбір ерекшеліксіз өтті барлығы. Бір саяси жүйе екіншісіне ауысты, <...> коммунизмнің орнын республика басты. <...> бәлкім, болашақта балаларымыз [16 желтоқсанды] тарихта қалай оқытылатынына байланысты атап өтетін шығар енді.

Ер адам, 31 жаста, орысша ФТ

Аға буындағы қатысушылар арасында тәуелсіздік алу үдерісіне немқұрайлы қарап, болып жатқан оқиғаларға эмоционалдық-идеологиялық мән бермейтіндер болды. Олар үшін өз күндерін өздері көру мен аман қалу мәселелері бірінші орында тұрады.

И: Тағы қандай естеліктеріңіз бар?

Р: Аса бір естелік жоқ. Аса мән бере қоймадым.

И: Ол кезде немен айналыстыңыз?

Р: Университет бітіріп, ересек болдым. Оқудан соң мектепке жұмысқа тұрдым.

И: Қандай сезімде болғаныңыз есіңізде ме?

Р: Бұл шынымен де ыдырау уақыты болды. Сондықтан ауылдарда ол кезде басқаша өмір еді. Қорқыныш бар еді, өйткені бәрі Кеңес Одағы дегенге үйреніп қалған. Сосын осы жағдай шықты кенеттен.

И: Ешкім күтпеген ғой шынымен?

Р: Ешкім. Мүмкін, белгілі бір қорқыныш та болған шығар. Үнемі сол ғой, белгісіздіктен сескенеміз. Жас болып көрсетпедік қой. Сол үшін тыныш күйде өтті.

Әйел, 55 жаста, орысша ФТ

1.3. Тәуелсіздік туралы ресми нарративті қабылдау

Тәуелсіздік алу үдерісін қабылдау ресми нарративпен қаншалықты сәйкес келетінін бағалау үшін, бейсинхронды фокус-топтар кезінде респонденттерге ҚР Тұңғыш

Президенті кітапханасының сайтында жарияланған Тәуелсіздік күніне арналған мақаладан үзінді бойынша өз пікірін білдіру ұсынылды:

1990 жылғы 25 қазандағы "Қазақ КСР Мемлекеттік Егемендігі туралы" Декларация және 1991 жылғы 16 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Конституциялық заңы Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін ресімдеу жолындағы негізгі заңнамалық актілер бола отырып, жаңа егемен мемлекет — Қазақстан Республикасының конституциялық-құқықтық іргетасын қалады.

Отыз жылда жазылған халқымыздың тың тарихы, ел егемендігі мен тәуелсіздігінің шежіресі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты.

Тәуелсіздік – мемлекеттігіміздің алтын діңгегі, дербестігіміздің берік негізі. Тарихы бай, тамыры терең Қазақ елі үшін бұдан асқан қастерлі құндылық жоқ. Оны ең қымбат қазынаға, ең асыл аманатқа балаймыз. Сондықтан бабалар аңсаған тәуелсіздіктің қадірін жан-жүрегімізбен сезінеміз. Егемендік — әр халыққа бұйыра бермейтін баға жетпес бақыт.

Бір қызығы, саналы жасында тәуелсіздікке қол жеткізген респонденттердің аға буыны үшін экс-президенттің (Елбасы сөзі жиі қолданылады) рөлі — сөзсіз. Қазақ тілді өкілдер үшін тәуелсіздік қазақ халқының жеңісі, қастерленуі қажет құндылық және бостандық пен егемендіктің *«әрбір халыққа бұйыра бермейтін бағаланбас бақыт»* (ер адам, 54 жаста, қазақша бейсинхронды ФТ) маңыздылығын көрсететін осы құндылықтың жетекшісі - Назарбаев. Орыс тілді фокус-топта Назарбаевты *«мықты басшы, ерікті әрі жігерлі адам»* (әйел, 57 жаста, бейсинхронды орысша ФТ) және *«бұлыңғыр заманда»* ел тізгінін алып, Қазақстанды КСРО-дан алып шыққан: *«Елбасының есімі жеріміздің тарихына алтын әріптермен жазылады»* (ер адам, 56 жаста, орысша бейсинхронды ФТ) деп сипаттайды.

Кейінгі буындар Назарбаевтың Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы рөлін бағалауға сыни көзқараспен қарайды. Реформалық буын арасында Тұңғыш Президенттің еңбегін мойындайтындар да аз емес. Ең басты жетістігі ретінде бейбітшілікті және қауіпсіздікті сақтап қалғанын атап өтеді. Сонымен қатар, Конституцияның қабылдануы, астананың көшірілуі, этникалық қазақтарды елге қайтару бағдарламасының қолға алынуы және кең мағынада әлеуметтік-экономикалық, саяси жетістіктері де маңызды болып табылады. Бірақ бұл буын өкілдері Назарбаев құрған супер-

президенттік республиканың кемшіліктерін, соның ішінде саяси реформалардың жоқтығын және азаматтық қоғамның дамымағанын да атап көрсетеді:

Тәуелсіздігіміз – киелі ұғым, президенттің жұмысы, бірақ оны тым мақтап кету дұрыс емес. Биліктің тәжірибеге сай берілуі қажет. Сылтаусыз. Уақыты келгенде биліктен кету керек. Жеткілікті. Тәуелсіздікті, халықты ойлау керек.

Ер адам, 40 жаста, қазақша бейсинхронды ФТ

Олардың ойынша тәуелсіздік жеке тұлғаның аясында шоғырланбай, адам құқықтарымен, биліктің алмасуымен, заңның үстемдігімен және азаматтардың өз жері мен мұрасына жауап берумен байланысты болғаны дұрыс.

Конституция түріндегі іргетас жақсы қаланды. Бірақ олардың жасағаны қазақ халқының «тәуелсіздік рухына» қайшы. Тұңғыш Президент пен оның туыстары байысын деп бүкіл ел құлдыққа сатылды.

Әйел, 42 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Миллениалдар буыны (әсіресе қазақтілді фокус-топ) тоқырау буынының өкілдері сияқты, Назарбаев тұлғасына әлдеқайда жағымды пікірде екенін білдірді. Олардың тұжырымдары бойынша, Тұңғыш Президент салиқалы саясат жүргізген. Сондықтан ел өзін еркін сезінуге мүмкіндік алды; алайда жаңа заман саясатқа деген жаңашылдық көзқарасты талап етеді:

Әлбетте, Тұңғыш Президентіміздің еңбегі баға жетпес, бірақ алдағы кезең басқа әрекеттерді қажет етеді.

Ер адам, 36 жаста, қазақша бейсинхронды ФТ

Атап айтқанда, қоғам арасында ресурстарды әділ бөліп беру, азаматтарды ел ісіне белсене тарту, құқықтық қорғау шаралары және сыбайлас жемқорлықпен, қандасқұмарлықпен күресу шараларына деген сұраныс бар.

Центениалдар мәтіннен Қазақстанның тәуелсіздік алуының ретроспективасын көбірек байқады. Тәуелсіздікті алуды бұл жастар, басқалармен салыстырғанда, (осы мәтінге қатысты) азаматтар үшін дамудың және мүмкіндіктердің қайнар көзі ретінде ерекше жағымды құбылыс деп қабылдайды. Бір қызығы, тек осы жерде ғана тәуелсіздік алудың еңбегі бір адамға ғана тиесілі еместігі, ортақ игілік деген идея пайда болады және нақты тұжырымдалады:

Тәуелсіздікті алу барысында көптеген адамдар үлес қосқан, олардың аттарын атамау — ұят.

Ер адам, 20 жаста, қазақша бейсинхронды ФТ

Мен бұл мәтінмен келісемін, өйткені біздің тәуелсіздігіміз Тұңғыш Президентімізбен тығыз байланысты. Оның тәуелсіздікке қосқан үлесін атап өтпеу қате болар. Оған қоса, тәуелсіздігіміз желтоқсан оқиғасының қатысушыларымен, жастармен тікелей байланысты деп ойлаймын.

Әйел, 18 жаста, қазақша бейсинхронды ФТ

Сонымен бірге, егемендікті қабылдауда индивидуалистік ноталар осы буында көбірек естіледі. Тәуелсіздік қасиетті, өз алдына құнды нәрсе болудан қалды: соңғы 30 жылда мұндай «насихаттық ұрандардан» бас тартып, нақты әрекеттерге кірісу керек. Олар үшін тек тәуелсіз елде өмір сүру ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның дамуына, әділ қоғамда өмір сүруіне мүмкіндіктердің болуы маңызды:

Егемендікпен мақтанған дұрыс емес. Мақтаныштың бірден-бір себебі – азаматтардың өмір сүру деңгейі. Азамат ретінде мен үшін Жаңа жылда костюм киген қай адам мені құттықтайтыны маңызды емес. Іс-шараларда, мемлекеттік мекемелердің шатырлары мен флагштоктарда қай тудың ілініп тұрғаны да маңызды емес. Мен үшін мемлекеттің өз міндеттемелерін орындауы, халыққа жайлы және қауіпсіз жағдай жасауы әлдеқайда маңызды.

Ер адам, 20 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Тұңғыш Президентті респонденттер қалай сипаттайтынына қарап, бірқатар қорытындылар жасай аламыз. Тоқырау кезіндегі буын *«Қазақстан тарихында есімі мәңгілік қалатын қайратты көшбасшы, қайсар тұлға»* (әйел, 57 жаста, орысша бейсинхронды ФТ) деп Назарбаевқа қатысты өзінің жылы ойларымен бөліседі. Ол *«[қазақстандықтарға] тәуелсіздіктің қаншалықты құнды екенін жеткізді»* (әйел, 55 жаста, қазақша бейсинхронды ФТ) және *«қазақ халқын бірқатар жеңістерге жеткізді»* (әйел, 60 жаста, қазақша бейсинхронды ФТ).

Реформалық буын Тұңғыш Президенттің рөлін сыни көзқарас арқылы көреді: алдыңғы жылдардағы жетістіктерін ескере отырып, дамымаған демократиямен биліктің алмасу принципі жүзеге аспайтынын меңзейді: *«Тәуелсіздік Тұңғыш Президенттің есімімен үздіксіз байланысты, бірақ бұл сабақтастықтың болуы үшін көп нәрсе жасалғанын түсіну керек. Менің ойымша, бізде бұл үздіксіздіктің болмауы жақсы болар еді»* (ер адам, 41 жаста, орысша бейсинхронды ФТ). Респонденттердің 44%-ы ғана Назарбаевтың рөлін жағымды тұрғыдан қабылдайды.

Миллениалдар мен центениалдар арасында Назарбаевқа қатысты теріс ой кең таралмаған: респонденттер неғұрлым жас болса, оның рөлі мен тарихтағы орнына соғұрлым немқұрайлы көзқарас білдіреді. 1990 жылдардың буыны Тұңғыш Президенттің сіңірген еңбегін мойындауға дайын, бірақ бүгінгі таңда жаңа тұлғалар мен мақсаттар қажет деген талап білдіреді. Бұл буындағы қолдаудың жоғары (60%) деңгейі негізінен қазақ тілді респонденттердің жауаптарынан құралады, орыс тілді бейсинхронды ФТ респонденттерінің жартысы өз пікірін білдіруден бас тартқанды жөн көрді (1-суретті қараңыз).


2000 жылдары туғандар мәселеге басқаша қарайды: орыстілді бейсинхронды ФТ-да сегіз респонденттердің бірі ғана Назарбаевты атап өткен, қалғандары тәуелсіздіктің құндылығы мен маңызы туралы айтуды таңдады. Қазақ тілді топтарда респонденттердің жартысы жағымды немесе бейтарап ой білдірді. Ресми нарративтерге сай ой білдіріп, жартысына жуығы мәтінге жағымды (47%) немесе бейтарап (47%) қарады, бұл буынның респонденттері тәуелсіздікті бүкілхалықтық жетістік деп көреді: *«Оймен келісемін, бірақ Назарбаевты атап өту тұлғаға табынумен қатар келеді, және мәтінге мүлдем қатысы жоқ»* (ер адам, 21 жаста, орысша бейсинхронды ФТ).

1-сурет. Буындар арасындағы тәуелсіздік және Н. Назарбаевтың рөлі туралы нарративті қабылдау

Центениалдар



Миллениалдар



Реформалық ұрпақ



Тоқырау ұрпағы



■ Теміс ■ Бейтарап ■ Оң

Тәуелсіздік пен Н. Назарбаевтың рөлі туралы мәтінге респонденттердің берген бағасынан келесі тұжырымдамалар шығардық:

- **тәуелсіздіктің құндылығын сезіну аға буыннан жас ұрпаққа қарай өзгереді:** тәуелсіздік алуды саналы жаста өткергендер көп жағдайда егемендікті қазақтың / қазастандықтардың азаппен көптен күткен жетістігі ретінде қабылдаса, тәуелсіздік кезінде дүниеге келген буын өкілдері тәуелсіз ел қандай болуы керектігі туралы нақты талап қояды (шешім қабылдаудағы еркіндік, адам құқығы және т.б.);
- **қазақтілді фокус-топтарда Назарбаевтың жеке басына қатысты патетизм айқынырақ көрінеді:** барлық жас ерекшелік топтарында (ең жас буыннан басқа) ол үлкен қолдауға ие.

1.4. Тәуелсіз Қазақстанның символдары

Жоғарыда келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, сұхбатқа қатысушылар Қазақстанның тәуелсіздігі туралы айтқанда, бұл ұғымға құндылықтар мен эмоциялардың кең ауқымын жатқызады. Зерттеудің келесі міндеті қазақстандықтардың әр буыны үшін тәуелсіздікке қол жеткізгені не бергенін, осы құбылыстың сипаттарының/мемлекеттің жағдайының тірек нышандары мен белгілері қандай екенін анықтау әрекеті болды.

Барлық жас ерекшелік топтарында жиі қайталанатын негізгі нарративтер тізімі (2-суретті қараңыз):

- **Ұлттық шекара мен рәміздердің болуы (ту, елтаңба, әнұран, ұлттық валюта мен Конституция)**

Бұл тақырып талқылаудағы ең негізгісіне айналды. Фокус-топтың қатысушылары Қазақстанның «ауқымды территориясын», ұлттық шекарасын маңызды деп көрсетті:

Бұл Қазақстан екені, біздің табиғатымыз, өзіміздің жеріміз деген сезім бар. Бала кезімнен, есімде болса, мен отбасыммен, мәселен, Ресейге туысқандарымызға қонаққа барған бойда, неге екені белгісіз, маған Қазақстанды осындай сызық бөліп тұрғандай көрінетін. Біз барғанда Ресейде тек ормандар бар, ал бізде — дала. Менде бала кезімнен бар қалыптасқан осы.

Әйел, 19 жаста, орысша ФТ

2-сурет. Тәуелсіздік символдары туралы сұраққа жауап ретінде сөздер жиынтығы



Ұлттық мемлекеттің болғаны халық мүддесін қорғауға және оны дамытуға мүмкіндік береді. Тоқырау буынының өкілдері мен реформалық буын респонденттерінің көбісі болашаққа үміт артатындарын, өз пікірлерін ашық айтып, саяси шешімдер қабылдауға қатыса алатындарын айтады.

Біздің шекарамыз бар, президентіміз бар, мүдделерді [халықаралық] деңгейде шешетін және қорғайтын үкіметіміз бар. Жақсы ма, жаман ба, бұл басқа сұрақ. <...> не десе де, біз тәуелсіз елміз.

Әйел, 50 жаста, орысша ФТ

- Қазақи бірегейлікті сақтау және дамыту мүмкіндігі: ана тілінде еркін сөйлеу, әдет-ғұрыптарды сақтау, тарихи оқиғаларға өзіндік көзқарастың болуы

Бұл идея қазақтілді де, орыстілді де фокус-топтарда басым. Респонденттердің пікірінше, кеңестік саясат аз ұлттардың өздерінің мәдени дәстүрлерін білдіру және

ұлттық тілдерді пайдалану құқықтарына нұқсан келтіру болып табылады. Көпшілігі оны этникалық аз ұлттардың және «орыс тілінде сөйлемейтін адамдарға» бағытталған күнделікті шовинизммен байланыстырады.

Осы орайда тәуелсіздік кезеңі қазақ халқының бірегейлігін дәріптеудің бір жолы ретінде қабылданады.

Тәуелсіздіктің бір белгісі – біз өз мәдениетімізді қалағанымыздай дәріптей аламыз. Цензурасыз. Бізде осындай костюмдер бар деп айта аламыз, олар үшін үгіт-насихат жасай аламыз және бұл тәуелсіздіктің белгілерінің бірі. <...> университеттер мен мектептерде біз белгілі бір сыныптарда барлығы қазақ тілінде сөйлеуі керек деп айта аламыз. Қазір балалардың Қазақстан тарихын өтуі-бұл да тәуелсіздіктің белгісі.

Ер адам, 20 жаста, орысша ФТ

Сонымен қатар, респонденттердің кейбірі тәуелсіздік алған 30 жылдан кейін қазақтілді азаматтардың құқығы әлі де тапталып жатқанын алға тартты. Осылайша, қандасымыз егемен Қазақстанның өміріне бейімделу тәжірибесі туралы былай дейді:

Құдайға шүкір, 1991 жылы тәуелсіздік алдық. Тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді сақтап қалдық. Көшіп келгенімізде қиындық көрдік, бірақ бәрібір осында қалдық. Осыған дейін үкімет маған ешқандай квота, ештеңе берген жоқ. Жұмыс іздеп барсам, “орысша білесің бе?” деп сұрады. Мен Қазақстанда тұрсам, мен қазақпын, қазақша, қытайша, аздап ағылшынша біліп, орыс тілін не үшін білуім керек екен? Өз күшімізбен үй алдық, үкіметтен пайда жоқ. Мен ештеңе алған жоқпын. Бірақ менде реніш жоқ. Ең бастысы, балаларым осында өсіп жатыр. Қазақ өз жерінде өсе берсін.

Ер адам, 62 жаста, қазақша ФТ

- Орыс тілді фокус-топтарда тәуелсіздік кезеңінің құндылығы ретінде қазақи бірегейлікке қарағанда қазақстандық бірегейлік те аталды.

Фокус-топтарда көпұлтты мемлекет, көпұлтты қоғам идеялары жиі аталады. Бұларға сәйкес «ұлт құраушы» құндылықтар ретінде елде тұратын этностар арасындағы толеранттылық пен өзара сыйластық жатқызылады. Жастар буындардың ойлары ресми дискурсқа жақынырақ келеді:

Жалпы, мен ата-анаммен бала кезімнен бері орысша сөйлесемін. Дәлірек айтсам, ата-анам орыстілді. Әйтеуір, қазір бәріміз екі тілде сөйлеуге тырысамыз. Біз басқа ұлт өкілдеріне сыйластықпен қараймыз. Біз өзімізді қазақ емес, қазақстандықпыз деп есептейміз.

Әйел, 20 жаста, орысша ФТ

Аға буындағылар да ортақ нәрсені сезінеді, алайда оны бастан өткерген ортақ сілкіністердің нәтижесі деп айтады. Қазақстан халқы көп қиындықты бірге көрді, өз мемлекетін құруда және одан бас тартуға дайын емес. Мұндағы бірегейлік ұлттық емес, азаматтық сипатта:

Десе де, біз мұндай жасты бекер сүрмедік және ХХ ғасырда болдық, Одақтың құлдырауынан, қайта құрудан, мемлекетіміздің қалыптасуынан аман қалдық. Біз әр түрлі кезеңдерденбіз, әр түрлі сфераларданбыз. Және де біз араласамыз. Мүмкін, қарым-қатынаста болу - бұл қазақстандықтардың бір ерекшелігі шығар. Менің ойымша, біздің топқа кету туралы мәселені көтерудің қажеті де жоқ сияқты.

Әйел, 57 жаста, орысша ФТ

■ Азаматтардың жеке құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру мүмкіндігі

Респонденттер ел арасында еркін саяхаттау, өзіндік дінді ұстану, бала тәрбиелеу, мамандық таңдау, білім алу, тіпті тауарлар мен қызметтерді тұтыну туралы мүмкіндіктері туралы көп айтады:

Немерелерімізге кешегі күннің қандай екенін, оған жеткенше қандай қиындықтар болғанын айтамыз. Қазір тәуелсіздіктің арқасында білім алып, түрлі мамандыққа ие болып, үйленіп жатыр балаларымыз.

Әйел, қазақша ФТ

Біз еркін жұмыс істеп, қалағанымызды жасай аламыз. Қандай киім киіп, немен тамақтанатынымызды да өзіміз таңдаймыз.

Ер адам, 26 жаста, қазақша ФТ

Респонденттердің жауаптарына сәйкес, бұл факторлар барлығынан басым деп айта аламыз. Бұл жерде фокус-топқа қатысушылардың барлығы дерлік ынтымақта-сады: тәуелсіз Қазақстанда сыбайлас жемқорлық пен теңсіздік сияқты шектеулерге қарамастан жеке тұлғаны дамыту мүмкіндігі бар.

Соңында, барлық топтардағы респонденттер үшін тәуелсіздіктің маңызды құрамдас бөлігі — бұл елдегі бейбітшілік, қоғамдағы лаңкестік әрекеттер мен қақтығыстардың болмауы. Кейбіреулері Ауғанстан және Қырғызстан сияқты елдерді «жаман» мысал ретінде келтіреді. Ресми дискурстағыдай, олар бейбітшілік пен тұрақтылықтың сақталуы елдің Тұңғыш Президентінің еңбегі деп біледі.

Жоғарыда аталған нарративтер - барлық буынға ортақ, пікірлерінде айқын айырмашылықтар байқалмайды. Халық санасындағы тәуелсіздіктің ресми белгілері мемлекет кепілдік беруге міндетті жеке бостандықтармен тығыз байланысты. Респонденттер іс жүзінде азаматтық, саяси бостандықтарды атап өтпейді – олар тәуелсіздіктің 30 жылдық кезеңінде мұндай байланысты байқамаған.

Тәуелсіздік тақырыбының өзі қоғамдық пікірталаста қасиетті сипатқа ие. Респонденттер оның маңызды символдық мәнін атап өтеді. Ел тәуелсіздігі қазірдің өзінде мақтануға тұрарлық үлкен жетістік деген пікір басым. Әсіресе, бұл аға буынның арасында жиі кездеседі. Жас респонденттер егемендікті көбінесе қалыпты жағдай ретінде қабылдайды. Олар үшін тәуелсіздіктің болғанымен қатар, өздерін азаматтық мүдделері мен бостандығын қорғауды қамтамасыз ететін заманауи және құқықтық мемлекеттің бір бөлігі ретінде сезінген маңызды.

Сонымен қатар, Тәуелсіздік күні қарапайым қазақстандықтар үшін жағымды, мерекелік күннің әсеріне ие болған жоқ: көбінесе бұл «тыныштық» уақыты, мерекелік күндерді пайдалана отырып, адамдар отбасыларымен уақыт өткізеді, бұл ретте қалалардың орталық көшелерінен (жиі жабылатын) аулақ болуға тырысады. **Тәуелсіздік күнінің маңызы мен құндылығын қалай дәріптейтіні толығымен мемлекет еншісінде.** Бұл күнді кейбіреулер осыдан 10-30 жыл бұрын болған, бірақ халықтың жадысына жақын, 16 желтоқсанға байланысты оқиғалар туралы жабық жиындарда талқылайды. Дегенмен, осы уақыт ішінде Тәуелсіздік күнін тойлаудың қоғамдық бір әдеті басқа мерекелерді тойлағандай қалыптаспады.

Мемлекетіміздің егемендікке қол жеткізген үрдісінің өзі қоғамда жанжал туғызуда. Біреулер мұны қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ғасырлар бойы жүргізген күресінің жемісі деп санаса, енді біреулер билік қабылдаған әңгімеге сүйене отырып, Н.Назарбаевты «қазіргі қазақ мемлекеттілігінің атасы» деп таниды. Респонденттердің едәуір бөлігі бұл оқиғадан айтарлықтай идеологиялық сипат байқаймайды, елдің тәуелсіздік алуын жағдайлардың жиынтығы деп біледі.

Жастар үшін Н.Назарбаевтың «тәуелсіздік авторы» деген беделі «түсіп» барады. Олар оған заманауи Қазақстанның “жалғыз атасы” деген атақты беруге дайын емес: олар елдің егемендігін ортақ жетістік деп санайды.

Тәуелсіздік алуды саналы жасында бастан өткергендер өздерінің және айналасындағылардың бойында келесідей сезімдер болғанын айтады: белгісіздіктің бірінші кезеңінде пайда болатын **шок / паника** Қазақстанның тәуелсіздік алуымен келген **қуаныш / эйфория** оң өзгерістердің болуына деген **үміт** дағдарыс пен күтілген өзгерістердің болмауынан туындаған **түңілу**.



АСТАНА

I 2-ТАРАУ. ЕЛ ТАРИХЫНА ӨЗІНДІК КӨЗҚАРАС

1991 жылы Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігінің жариялануы әлі өткен шаққа жылжып, тарихқа айналған жоқ. Бірақ тәуелсіз Қазақстанның соңғы үш онжылдықтағы сұлбасы мен ерекшеліктері қоғамның ұжымдық жадысында белгілі бір сипатқа ие.

Ұжымдық жады үшін тарих пен естеліктердің сенімділігі екінші дәрежелі болғандықтан, осы тараудың (және бүкіл зерттеудің) мақсаты бірлескен өткен кезеңнің дәл, егжей-тегжейлі және дәйекті бейнесін жаңғырту емес. Біз осы зерттеу аясында Қазақстан Республикасы қазіргі тарихының негізгі сұлбасын сызуға және азаматтардың пікірінше тарихи оқиғалардың маңыздылығын олардың қайсысы ұмытылып, қайсысы өткенді ұжымдық қабылдауда айқын көрінетінін ескере отырып, анықтауға тырысамыз.

2.1. Тоқсаныншы жылдар (1991–2001) – экономикалық дағдарыс және мемлекеттің қалыптасуы

Зерттеуге қатысушылар тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығын еліміздің жаңа тарихындағы күрделі, сонымен бірге ең маңызды кезеңі деп бағалайды. Фокус-топтарға қатысушылардың айтуынша, 1991 жылдан 2001 жылға дейін мемлекеттіліктің негіздері құрылып, нарықтық экономикаға көшу жүзеге асырылды.

Осы жылдарды ересек жаста бастан өткерген тоқырау кезеңінің буындары (1950–1969 жылдар аралығында туғандар) 1990 жылдардың басталуын Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін пайда болған әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың призмасы арқылы еске алады. Осылайша, адамдардың ең жарқын әсерлері азық-түлік тапшылығымен, тауар талондарымен және ең ұзақ кезектерде тұру қажеттілігімен байланысты. 90 жылдардың алғашқы кезеңіндегі айтулы сезімдерге келешекке деген үрей мен қорқынышты жатқызуға болады.

1991 жылы мен ес-түссіз күйде болдым, тіпті жылағаным есімде. Жаңа ғана тұрмысқа шыққаным есімде. Болашағымыз үшін үлкен қорқыныш болды, келесі бірнеше жылда біз қайда барамыз, нанға ақша жоқ, қалай өмір сүреміз деген қорқыныш болды. Бұл талондар пайда болған кез. Өте қорқынышты болды.

Әйел, 50 жаста, орысша ФТ



Экономикалық дағдарыстар аясында қазақстандықтардың тұтыну мүмкіндіктері күрт төмендеді. Зерттеуге қатысушылар отбасыларының аш қалмауы үшін қандай қиыншылықтардан өткендерін айтты.

Ақша жағы қиын болды. Атамыз комбайншылармен келісіп, екі қап қарақұмық сатып алды, содан кейін оларды кептіргішке апарды. Сөйтіп кейін бізде екі жыл қарақұмықтан басқа тамақ болмады.

Әйел, 42 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Сол жылдары біз тек картоп және макаронмен ғана өмір сүрдік. Ақшамыз болмады.

Әйел, 52 жаста, орысша ФТ

Дағдарыстың салдары қазақстандықтардың әлеуметтік-коммуналдық инфрақұрылымға қол жеткізе алмағандарынан байқалды. Ең қиыны жарық пен жылудың жоқтығына шыдау болды. Адамдар суық сыныптарда сабақ оқып, пәтерлерінде қосымша пеш орнатуға мәжбүр болғандарын еске алады. Кейбір респонденттер мектепте де пешті өздері қыздырғандарын айтады. Шағын елді мекендердің тұрғындары апталап жарықсыз қалып, жарықтың тек мереке күндері ғана қосылғандығын айтты.

Таңертең сабақтар күн сайын қараңғы сыныптарда басталатын. Су алу үшін колонкаға бару керек болатын. Ата-анам жайлы пәтерін үйге ауыстырды. Қолданыстағы орталық жылыту арқылы пеш салынды. Біз от жағуға пайдаланатын кітаптарды таңдайтын едік.

Әйел, 40 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

... біздің ауданда жарықпен қиындық бар еді: есміде қатты қалғаны жарықты Жаңа жылға қарай ғана қосты. Бұл барлығымызға үлкен бақыт болды.

Ер адам, 31 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

90 жылдардың басындағы қоғамдық жады сонымен қатар зауыттар мен фабрикалардың тоқтап қалуымен тығыз байланысты, ол адамдар тауарлармен жалақы алған кездер немесе өмір сүру қаражатынсыз қалған кездер. Жаппай жұмыссыздық жағдайында көптеген адамдар жұмыспен қамтылудың жаңа түрлерін игеруге мәжбүр болды. Ақша табудың ең қол жетімді тәсілі жүгірме саудасы болды. Көптеген бұрынғы мұғалімдер мен медицина саласының қызметкерлері кәсіпкерлікпен айналыса бастады, ал балалар ата-аналарына күн көруіне көмектесу үшін ерте

өсуге мәжбүр болды. Дәл осы кезеңде базарлардағы балалар еңбегі үйреншікті жағдайға айналды.

Алты айлық жалақысын үйге әкелейік деп анаммен бірге мұғалім болып жұмыс істеген мектебіне барғаным есімде. Жалақыны үш жәшік арақпен берді. Інім екеуміз анама сол жәшіктерді шанамен үйге дейін әкелуге көмектестік. Оның бәрін анам қалай сатып жібергені есімде жоқ, бірақ содан кейін біздің үйде қалыпты өнімдер пайда болатын.

Ер адам, 41 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Анам мен әжем **коммерсант болып істеді**. Тауарды Алматыдан Қостанайға апарып сататын... Атамды зейнетке ерте шығарды. Балалық шағым базарда өтті, үйдің үлкендеріне солай көмектескенмін.

Әйел, 31 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

14 жасымда көшет сататынмын. Нан пісіріп, оны да саттық. Аскөк, ақжелкен сататынбыз.

Әйел, 40 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Ауыл тұрғындары дағдарыс кезінде өз еңбектерінің және шаруашылық өнімдерінің құнсызданғанын еске алады. Тауар мен ақша тапшылығы жағдайында адамдар ауыл тұрғындарына аса пайдасы жоқ төмен бағамен бартерлік айырбасқа көшті: «Бір қойды бір қап ұнға ауыстырған кездеріміз болды». Басқалары халық ішімдікке құмарланып кеткенін, **ауылдық өмір сапасының төмендегенін** еске алды: «*Бүкіл ауыл қолдан жасалған, самопал дейтін арақты ішетін*» (ер адам, 39 жаста, қазақша бейсинхронды ФТ).

Сол заманның тағы бір ерекшелігі – **қылмыстың өркендеуі мен көшедегі тәртіп бұзушылықтың белең алуы**. Көптеген респонденттер көшеде жүру, әсіресе кешкі уақытта қауіпті болып қалғанын еске алады. Кісі өлтіру, төбелесу және тонау қазақстандықтардың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналды.

Ата-анам маған сол кезде жаңа "мерседес" сатып алған жақсы досының болғанын айтты. Сол досын көлік сатып алғаннан кейін екі айдан соң жергілікті бандиттер өлтіріліп, көлікті ұрлап кеткен. Мүмкін бұл қызғаныштан болған шығар ...

Әйел, 22 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Тоқырау буынының өкілдері 1997-1998 жылдарды дағдарыстан шығу кездері деп еске алады. *«Экономика ақырындап нығая бастады. Адамдар өзінің бұрынғы жұмыстарына орала бастады. Халықтың әлеуметтік жағдайы тұрақтала бастады»* (әйел, 55 жаста, қазақша ФТ). Респонденттер дәмханалар мен тойханалардың ашылғанын экономикалық дамудың алғашқы белгілері деп сипаттайды.

Азаматтардың естеріндегі жарқын әсерлерінің бірі - **сырттан әкелінген тауарлар мен жаңа азық-түлік өнімдерінің пайда болуы**. Зерттеуге қатысушылардың Uncle Ben's, Maggi өнімдерін алғаш рет тұтынып көргендері естерінде. Кедейлік пен өмір сапасының төмендеуі аясында ірі тауарларды немесе жылжымайтын мүлікті сатып алу үлкен мереке іспеттес болатын.

Ең әсерлі сәт өз пәтерімізді сатып алу болды. Ата-анам бақытты еді, тіпті қоныс тойынан қалған кассета әлі де бар.

Әйел, 19 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Біз еске алуды ұнататын ең жарқын оқиға (біз дегенім, яғни мен ғана үлкендердің айтуынша) — ата-анам алғаш рет өз ақшаларына теледидар сатып алды (сонау 1997 жылы) және жаңа жылдық түнді біз концерт көрумен өткізіп, қатты қуанған едік, сол кездегі өмірдің осындай кішкентай сәттері бақыт әкелетін.

Ер адам, 21 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Басынан өткерген қиындықтарға қарамастан, қатысушылар сол кездегі қазақстандықтарға ерекше оптимизм сезімі тән дейді. Барлық қиындықтар уақытылы деген пікір жиі айтылды. Ертеңгі күнге, тәуелсіздікке деген сенім халықты шабыттандырған. Фокус-топтар барысында респонденттер көп нәрсе ынтамен жасалғандығын, адамдар бір-біріне көмектескенін және өмірлеріне шағымданбағандарын айтады.

1992 жылдың көктемі есімде: Республика даңғылының бойымен келе жатқанмын. Ақшаның жоқтығы мен жұмыссыздыққа қарамастан адамдар күліп келе жатты.

Әйел, 57 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Ата-анамның үйлену тойы. Ақша жок болса да, мейрамханада тойлаймыз деді. Тойдың бейнежазбасын қарап, сол кездің атмосферасын сезіне алады екенсің: шағын мейрамхана, пластик орындықтар, қабырғалардағы кілемдер.

Қонақтардың көбінде сыйлыққа акшалары болмай, қолдарынан келгенін әкелді. Біреуі сыйлығы ретінде тамада болды, біреуі тамақ алып келді. Өте қызықты кезең екен.

Ер адам, 20 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Жалпы, талдау 90 жылдардағы әртүрлі буындардың қабылдауындағы кейбір айырмашылықтарды анықтады. Егемен Қазақстанның алғашқы онжылдығы туралы айта отырып, ең үлкен аға буын өкілдері көбіне өздерінің **материалдық жағдайына сілтеме жасайды**, өйткені өмір сүру үшін ақша табу міндеті солардың мойнына жүктелді. Бұл орайда реформалық буындағылар балалық шаққа түскен ауыртпалықтарын, **ата-аналары қалай қиналғандарын ғана есіне алады**: экономикалық белсенді болмай, көтерілістердің нақты көлемін түсінбестен, олар «мемлекеттің қалыптасуы», саяси жүйенің қалыптасуы, сайлау туралы көбірек айтады.

Саналы жасында 90 жылдарды өз көзімен көрмеген жас ұрпақ үшін бұл кезең жайындағы ойлары аға буынның айтқандарынан қалыптасады. Олар бұл кезең жөнінде көбінесе **ата-аналарының, кейде мұғалімдер мен аға тәлімгерлердің естеліктерінен ғана біледі**.

Алайда, центениалдар ата-аналарының бұл кезең туралы айтуға мүлдем дайын еместігін мәлімдеді, «ауыр жылдар» деп қана шектеледі екен. Жас буын өкілдері арасында тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығы жайында осындай жатталып қалған ойлар қалыптасқан.

Кезеңнің негізгі оқиғалары

Фокус-топтардың нәтижелеріне сай бұл кезеңнің аса маңызды оқиғалары мынадай:

- **Семей полигонының жабылуы мен ядролық қарудан бас тарту (1991–1992 жж.)**. Қазақстандықтардың қабылдауы бойынша, бұл оқиғалар Қазақстанның 90 жылдардың басындағы басты жетістіктеріне жатады. Зерттеуге қатысушылардың ойынша, полигон жабылуының арқасында радиацияның қоршаған ортаға тигізетін кері әсері төмендеп, ұлт денсаулығына одан әрі зиян келтірмеу мүмкін бола бастады. Сонымен қатар, кейіннен ядролық қарудан бас тарту әлемдік аренада жас республиканың халықаралық беделін көтеріп, елдің экономикасына инвестицияларды тартуға мүмкіндік берді.

Бұл біздің үкімет қабылдаған дұрыс шешімдерінің бірі болды деп ойлаймын. Зиянынан басқа, ядролық қаруды ұстау өте қымбат және экономикалық тұрғыдан тиімсіз. Тағы бір артықшылығы – Қазақстанның қазір қауіпсіз елдердің қатарына кіргені. Бұл әлемдік қауымдастық алдындағы жағымды имидж.

Әйел, 20 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Алайда, полигонды жабу мен ядролық қарудан бас тарту жайындағы респонденттердің көқарасы бұл жердегі Тұңғыш Президенттің басты рөлі жайындағы ресми ақпаратпен сәйкес келмейді. Олар Қазақстанның ядролық қарудан бас тарту жолы «Невада-Семей» қоғамдық қозғалысы мен оның жетекшісі О.Сүлейменов үлесінің арқасында мүмкін болды деп есептейді.

- **1993 жылы ұлттық валютаның енгізілуі.** Қазақстандықтар үшін тәуелсіздіктің алғашқы жылдары кеңестік рубльден қазақ теңгесіне көшумен тығыз байланысты. Зерттеуге қатысушылардың көпшілігі бұл оқиға жайында жағымды пікірде. Ұлттық валюта тумен, елтаңбамен және әнұранмен бірге тәуелсіздіктің маңызды нышаны болып табылады. Сонымен қатар, талдауға қарасақ, теңгеге көшу қоғам жадысында азапты экономикалық реформалардың басталуымен байланысты екенін көрсетеді. Осылайша, жас қатысушылар ата-аналарының рубль құнсызданып, теңгеге көшкеннен кейін жинақтарынан айырылып, ақша тұрғысынан қиын жағдайға тап болғанын еске алады.

1993 жыл, ақша реформасы, теңгенің келуі. Бұл күні ата-анамның зейнетақыларынан барлық жиган-терген ақшасы бір сәтте құнсызданды, жоқ болды. Бұл шамамен 120 мың рубль еді. Кейін жабайы капитализмге, нарықтық қатынастарға ендік.

Ер адам, 52 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

- **«Болашақ» бағдарламасының іске қосылуы.** Фокус-топтардың қатысушылары қазіргі Қазақстанның басты жетістіктері ретінде бірнеше рет «Болашақ» бағдарламасын атап өтті. «Бағдарлама білімді, дарынды жастар үшін үлкен мүмкіндік берді» деген пікір бар: *«Себебі 14 мыңға жуық қазақ жастары әлемнің үздік университеттерінде білім алып, алған білімдерін мемлекет игілігіне жұмсады. Білім және ғылым тұрғысынан, зиялылық тұрғысынан тәуелсіздігіміз арта түсті»* (ер адам, 40 жаста, қазақша ФТ).

Дегенмен, бағдарлама мен оның нәтижелеріне күмәнмен қарайтындар да бар. Атап айтқанда, шенеуніктердің және ауқатты ата-аналардың балаларында ғана

шетелде оқуға мүмкіндіктері бар деп ойлайды. Шетелден білім алған студенттердің Қазақстанға оралмай, бюджеттік ақша қор болады деген сыни пікірлер де бар.

- **1993 және 1995 жылдардағы Конституцияның қабылданғаны.** Зерттеу көрсеткендей, бұл оқиғаның символдық маңыздылығы туралы ортақ пікір бар: өз Конституциямызды қабылдау арқылы Қазақстан әлем картасында өзін егемен мемлекет ретінде көрсетті. Бұл орайда, жас буынның кейбір өкілдері екінші Конституцияға ерекше мән береді, себебі оның қабылдануымен Қазақстанда суперпрезиденттік республиканың негізі қаланды, Н. Назарбаевтың жеке билігінің нығаюы да басталды.

Өйткені 1994 жылы Назарбаев құрамында бірнеше партиялар бар парламентті таратып жіберді. Сол парламентте демократия болған деп есептеймін. Одан әрі парламенттің орнына жаңа сайлау өтіп, бұрынғы партиялардың қатысуына тыйым салынды. Ал 1995 жылы жаңа Конституция қабылданды, оған сәйкес республикамыз президенттік республикаға айналды. Яғни, осы Конституциядан бастап елімізде авторитарлық жүйе енгізілді.

Ер адам, 18 жаста, қазақша ФТ

- **Елорданың Алматыдан Ақмолаға көшірілуі.** Азаматтардың пікірінше, бұл оқиғаның Қазақстан тарихындағы орны ерекше. Зерттеуге қатысушылардың барлығы дерлік елорданы ауыстыру елдегі түбегейлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің себебіне айналып, біршама қазақстандықтардың өміріне әсер еткенін мойындайды. Осы ретте бұл оқиғаның салдарын қалай бағалау керек деген сұрақ туындайды. Бір жағынан, астананы көшіру солтүстік өңірлерді дамыту, ұлттық құрамды теңестіру және ішкі көші-қонды оңтүстіктен солтүстікке бағыттау сияқты бірқатар стратегиялық міндеттерді шешті деген пікір қалыптасқан. Елорданы мақтаныш және мемлекеттіліктің символы ретінде қабылдау да орын алады.

1996 жылы Елбасы Қазақстанның астанасын көшіру туралы шешім қабылдады. Жаңадан, мақтанышымызға айналған жаңа қаланы салуға кірісті.

Әйел, 33 жаста, қазақша ФТ

Екінші жағынан, көбісі мұндай шешім экономикалық тұрғыдан тиімсіз деп санайды. Респонденттер елорданың құрылысына миллиард доллардың жұмсалғаны басқа аймақтардың дамуын тежегенін айтады. Оның үстіне, қанша қаражат жұмсалғанымен, Астана өмір сүруге қолайлы дамыған қалаға айнала қоймады деген пікірлер де бар.

Бүкіл ел бір қала үшін 30 жыл еңбек етсе де, көктем сайын бұл қаланың бытшыты шығады.

Ер адам, 20 жаста, орысша ФТ

Сырт көзбен қарасаң, әдемі қала салдық. Бірақ іс жүзінде ол жансыз, қызықсыз. Ал қазір Астанада болып жатқан нәрсе тіптен сұмдық. Қаланың шырқы жоқ.

Әйел, 43 жаста, орысша ФТ

Сараптамаға сүйенсек, аға буын өкілдері елорданың Алматыдан ауысқаны басынша қолдайтынын атап өтеді. Бұл қалада өмір сүрудің жеке тәжірибесі де маңызды: елорданың тұрғындары басқа өңірлерге қарағанда Астана туралы жағымды пікір білдіреді.

- **2001 жылы ҚДТ-ның (ДВК) құрылуы.** Талқылау барысында қатысушылар бұл оқиғаны аса көп атап өтпеген. Ол негізінен 1990 жылдардан бері елдегі саяси өзгерістер аясында ғана талқыланды. ДВК-ның құрылуы және одан кейінгі жеңіліс елдегі авторитарлық жүйенің күшеюі кезеңіне сай келді. Бір қызығы, кейбір қатысушылар ҚДТ қызметін «буржуазиялық төңкеріс жасау әрекеті» және жүзеге аспай қалған «саяси жаңару мүмкіндігі» ретінде анықтайды.

Жас түріктердің қозғалысы болды, бұл Қазақстанның демократиялық партиясы. Кезінде ол жойылып, мүшелері тұтқындала бастағанда, Қазақстандағы саяси оппозиция әбден жойылды.

Ер адам, 21 жас, орысша ФТ

2.2. 2000 жылдар – экономикалық өрлеу мен авторитаризмнің күшеюі

Фокус-топқа қатысушылардың барлығы дерлік Қазақстан тәуелсіздігінің екінші онжылдығын дағдарыстан біртіндеп шығып, өмір сүру жағдайының жақсарып жатқан кезеңімен байланыстырады. Шетелдік инвестициялардың, сондай-ақ минералды шикізат бағасының өсуінің арқасында ел экономикасы қарқынды дами бастайды. Өнеркәсіп, сауда мен құрылыс дами бастады. Мемлекет әлеуметтік сала және инфрақұрылымға қаражат бөлді. Зерттеуге қатысушылар бұл кезеңді Қазақстанның «елеулі даму», «гүлдену» кезеңі, тіпті «алтын кезеңі» деп сипаттайды.

2000 жылдан бастап бұл мұнай кен орындарына шетелдіктер жіберілген кезде күрт өсу болды. Қазақстан үшін қандай пайызбен болғанын білмеймін. Бірақ бұл ақша біздің өмірімізге енді.

Ер адам, 56 жаста, қазақша ФТ

Мен 1989 жылы дүниеге келдім және жабайы 90 жылдардың салдарын аздап көргенім бар. Ол кезде бәрі онша жақсы болмай, кейін ғана жақсара бастады. 2000 жыл біздің мемлекетіміз үшін әлеуметтік жағынан өсу болды, сенім пайда болды.

Әйел, 32 жаста, орысша ФТ

Ел өміріндегі оң өзгерістер қазақстандықтар үшін бірқатар белгілер бойынша байқалады.

Біріншіден, әкімшілік-аумақтық реформалар мен астананы көшіру есебінен өсудің жаңа мүмкіндіктері пайда болады. Астанада және басқа қалаларда құрылыс қарқынды басталып, көлік инфрақұрылымы жақсарып, үйлер салына бастады. Талдықорғанның тұрғыны 2001 жылы қала облыс орталығы мәртебесін алғаннан кейін қалай өзгере бастағанын есіне алды:

Талдықорған қаласының тұрғыны ретінде 90 жылдары қаламыз күйреп тұрған кез болатын деп айта аламын. Зауыттар мен фабрикалардың қызметі тоқтап, адамдар пәтерлерін тастаған. 2000 жылдары Елбасының шешімімен Талдықорған облыс орталығына айналды. Содан бері инфрақұрылымды дамыту басталды, үйлер салынды.

Ер адам, 20 жаста, қазақша ФТ

Ауыл тұрғындарының тұрмыстық жағдайы да анағұрлым жақсара бастады. Фокус-топқа қатысушылардың бірінің айтуынша, 2000 жылдардан кейін ауыл тұрғындарының ақшалай жағдайы тез жақсара бастады: адамдар жаңа баспаналы болды, әр үй автокөлік алды. Сонымен қатар, респонденттердің пікірінше, ауылдарды дамытуда мемлекеттік қолдау бағдарламалары маңызды рөл атқарды. Бұндай бағдарламалар аясында адамдарға бір реттік жәрдемақы беріле бастады.

2003-2005 жылдар ауылдарды қолдау жылы деп жарияланғанына өте қуаныштымын. Сол жылдары демографиялық жағдайды жақсарту үшін бір реттік жәрдемақы берілді. Менің ойымша, бұл өте қуанышты жайт.

Әйел, 47 жаста, қазақша бейсинхронды ФТ

Жағдайымыз күннен күнге жақсарып келеді. Ауыл тұрғындары жаңа үйлеріне көшті. Барлығы бір бір көлік алды.

Әйел, 26 жаста, қазақша бейсинхронды ФТ

Екіншіден, азаматтардың тұтыну мүмкіндіктері өсті, табыстары артып, несие алу мүмкіндіктері пайда болды. Тоқырау кезеңінің өкілдері 2000 жылдары жағдайдың қалай өрбігенін және балаларын ақылы университеттерде оқытқандарын еске алады. Орта және аға буынның ұмытылмас әсерлері жаңа қалаға көшу және пәтер салумен байланысты. Осы кезеңде мемлекеттің заңдастыру бағдарламасының арқасында адамдар жеке меншік иесі болуға мүмкіндік алды.

Жұмысым жақсы жүрді, ақша келе бастады. Қыздарымды ақылы оқыттым. 40 жылдығымды тойладым. Жақсы кездер еді.

Ер адам, 55 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Осы кездегі маңызды оқиға жылжымайтын мүлікті заңдастыру болды. Оны мемлекет жүзеге асырды және біз барлық кезеңдерден өтіп, үйлеріміздің заңды иелері атандық. Сол үшін мемлекетіміздің басшылығына мың алғыс – бізге үлкен көмек болды.

Әйел, 57 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Тұтыну мүмкіндіктерінің өсуімен қатар, қазақстандықтар бос уақытын әр түрлі өткізуге мүмкіндік алды. Ата-аналар өз балаларының білім алуына және жан-жақты дамуына қаражат бөле бастайды. Сонымен бірге, экономикалық белсенділік арта бастады. Көбісі бизнесте бағын сынап, желілік маркетинг дамыды. Бұл қосымша ақша табудың ең қолжетімді және жаппай тәсілі болатын: *«Біз бәріміз Amway-ге кірдік, өнімдерін таратумен айналыстық. Үйге арналған өнімдер мен витаминдердің сапасы ұнады. Әртүрлі жұмыс кездесулерге қатыстық»* (әйел, 57 жаста, орысша бейсинхронды ФТ).

Үшіншіден, қазақстандықтардың ел ішінде де, шетелге де саяхаттауға мүмкіндігі пайда болды. Мысалы, 20 жастағылар 2000 жылдардың ортасына қарай жаңадан бой көтеріп жатқан Астанаға алғашқы сапарларын еске алады.

Ұмытылмас сәт – Нұр-Сұлтанға (Астана) алғашқы сапарым. 2007 жыл, мен бірінші рет үлкен қалаға келдім. Билейтін фонтандар, Думандағы аквариумды, MEGA-ны көрдім. Көңіл көтеретін орындар көп екені ұнады.

Әйел, 22 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Қазақстандықтардың алғашқы шетел сапарларынан кейінгі әсерлері бұдан да ерекше. Зерттеудің кейбір қатысушылары Түркияда демалыс кезіндегі «қымбат және алуантүрлі атмосфера» және өмірдің жаңа деңгейіне деген ұмтылыстың пайда болғанын айтады. Басқа респонденттердің айтуынша, АҚШ-та ұзақ уақыт өмір сүргеннен кейін елде қайта бейімделу қиын болған.

Ең жарқын естелік – 2010 жылы Түркияға сапарымыз. Отбасыммен шетелге алғаш рет шықтық. Басында біз үшін мұндай қымбат және бөтен жерде болған бір түрлі сезілетін. Осыдан кейін өміріміздің сапасын жақсартуымыз қажет, жақсы өмірге ұмтылуымыз қажет деп шештік.

Ер адам, 20 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

2005 жылы АҚШ-та жарты жылдай тағылымдамадан өттім. Қайтып келгеннен кейін қайта бейімделу қиын болды. Онда көргенім мен осында қайта келгенімнің күйі екі бөлек екен.

Әйел, 40 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Осылайша, 2000 жылдардағы экономикалық даму халықтың әл-ауқатын арттырып қана қоймай, қазақстандықтардың жалпы көңіл күйіне жағымды әсер етті. Зерттеуге қатысушылар өмір сүру деңгейі өскен сайын өз мемлекетіне деген сенімдері күшейе түскендерін атап өтті. Пікірталасқа қатысушылар Қазақстанда өткен ірі халықаралық іс-шараларды (ЕҚЫҰ саммиті, Азиада ойындары) алғаш рет көрген кездегі елге деген мақтаныш сезімін еске алды.

Баспана алу мүмкіндігі, қажетті заттардың алуан түрлілігі мен қолжетімділігі, өзін-өзі дамытуға мол мүмкіндіктер, шетелге саяхаттауым, т.б.. Бұл оқиғалар тәуелсіз елдің жарқын болашағына деген сенімімді нығайтты.

Әйел, 42 жаста, қазақша бейсинхронды ФТ

Дегенмен, экономиканың қарқынды дамуының кемшіліктері де болды. Зерттеуге қатысушылардың айтуынша, қазақстандықтардың қажетті құқықтық және қаржылық сауаттылығы болмағандықтан, кейбіреулер алаяқтық схемаларының құрбанына айналды. Білім беру және денсаулық сақтау жүйесіне ақша ағымының көлеңкелі жағы осы секторларды коммерцияландыру, сондай-ақ тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың өсуі болды. Азаматтардың төлем қабілеттілігін ескерместен жаппай несие беру де осы уақыттың ерекшелігі болып табылады.

Адамдар сауатсыз болатын, жылжымайтын мүлік нарығында алаяқтар көбейді. Құқықтар қорғалмайтын. Көптеген адамдар құрылыс компанияларының кесірінен зардап шекті.

Әйел, 55 жаста, орысша ФТ

Университетте жемқорлық кең таралды, шын айтайын. Оқығысы келгендер – оқыды, ал дипломның сыртын ғана аңсайтындар ақша төледі, пара берді. Осы жылдары тек экономистер, заңгерлер, бухгалтерлер ғана бітірді, олардың көпшілігі өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді, ал дипломдары болса үйлерінде жатыр.

Әйел, 31 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Тұрақты даму үрдісі 2008-2009 жылдардағы қаржы дағдарысының салдарынан тоқтады. Мұнай бағасының құлдырауы аясында теңге құнсызданды. Бұл шетел валютасында несие алған қарыз алушыларға айтарлықтай соққы болды. Кейбір қатысушылар бағаның айырмашылығынан несиеге сатып алған дүние-мүлкінен айырылып қалдық дейді.

Басында жалдамалы пәтерде тұрдық, кейін долларлық ипотекамен үлкен үй алғанбыз. 2009 жылғы дағдарыстан кейін біз одан айырылып, жаңа пәтер жалдауға мәжбүр болдық, өйткені банк пайызды арттырып жіберді.

Ер адам, 20 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

2000 жылдар туралы нарратив көбінде жаңа Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өмірін қамтығанымен, елдің саясатында маңызды өзгерістер жүріп жатты. Ең алдымен фокус-топқа қатысушылар қазақстандық қоғамның демократиялану белгілерін байқайды. Демек, тоқырау кезеңінің өкілдері 2000 жылдардың басында елде сөз бостандығы артып, халықтың саясатқа қатысуға деген ынтасы арта түсті деп есептейді:

Халық өз ойын ашық айта бастады, дауыс беруге, сайлауға қатысуға дайын болды.

Әйел 50 жаста, орысша ФТ

Қазақстандықтардың саясатқа, оның ішінде жергілікті өкілетті органдардаға үміткер ретінде белсенді араласуы байқала бастады. Қарағанды қаласының тұрғыны қоғам арасында билік құрылымдарындағы сапалы өзгерістерге үміт артқанын айтады:

Ол заманда елде, қантөгіссіз-ақ, нақты өзгерістер болады деп үміттенетінбіз. Әділ сайлауда жеңіске жеткен жаңа буын саясаткерлері билікке келе бастайды деп күттік.

Ер адам, 44 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Алайда, бұл үміттер тез арада сейілді. Дәл сол респондент облыстық мәслихатқа екі жыл қатарынан қатысып, фальсификациялар құрбаны болғанын айтты: «2005 жылы мені сайлаудан алып тастады, 2006 жылы 1,8%-дық көрсеткішпен олар бес орынның арасында сол бесіншісін берді» (ер адам, 44 жаста, орысша бейсинхронды ФТ), яғни, аңсаған демократияның орнына «2007 жылға қарай Қазақстан клептократиялық сұлтандыққа айналды» дейді зерттеуге қатысушы.

2010 жылы Президент Н. Назарбаев Елбасы мәртебесін алған соң автократия деңгейі күшейе бастады. Бұл туралы тарихи үдерістердің саяси жағын көп талқылаған центениалдар атап өтті.

Арғысында 2010 жыл. Қателеспесем, ол кезде президент Н. Назарбаев Елбасы мәртебесін алып, оның өкілеттігінің әлеуеті кеңейді.

Ер адам, 20 жаста, қазақша ФТ

Екінші онжылдық Жаңаөзендегі қайғылы оқиғалармен жабылуда. Ең жас буын бұл оқиғаны «құлдыраудың» басталуы ретінде айқындайды, мемлекет тарапынан митингтердің белсенділері мен қатысушыларына қатысты қуғын-сүргін әрекеттерінің салдарынан қарапайым қазақстандықтар арасында мемлекеттік саясатқа наразылық күшейе бастады, **қорқыныш пен үрей пайда болды**. Халық бұл қорқынышты азаматтық белсенділік танытқанда өз мүдделерін қорғау қажеттілігімен байланыстырады. Аға буын бұл оқиғаны күйзеліс ретінде еске алады: құқық қорғау органдарының қарусыз шерушілерге оқ атқанына сену мүмкін емес дейді:

Бұл бүкіл халық үшін үлкен соққы болды. Сұмдық! Халықтың көз жасы әлі есімде. Біз теледидар көріп отырғанбыз, көзге жас алдық. Анам, әкем, балалар. Бұл сұмдық еді.

Әйел, 50 жаста, орысша ФТ

Дәл сол уақытта, фокус-топтарға қатысушылардың айтуынша, жаппай елден кету үрдісі басталды. Мемлекеттік органдардың репрессиялық әрекеттері мен центениалдар буынының өкілдері арасындағы эмиграцияның байланысы, кем дегенде, сол буын репрессияны мақұлдап қана қоймай, қорқады дегенді білдіреді. Бұл қорқы-

ныш міндетті түрде жас респонденттер сезінетін өз қауіпсіздігіне қатер ретінде түсіндірілмеуі керек, керісінше олар бөлісетін құндылықтардың көрінісі, олар үшін маңызды және осы тұрғыда қолайсыз екендігінің көрсеткіші болуы керек.

Кезеңнің негізгі оқиғалары

Бұл кезеңнің маңызды оқиғалары мынадай:

- **3.Нұрқаділовтың қазасы мен А.Сәрсенбаевтың өлімі (2005 және 2006 жылдар).** Синхронды фокус-топтар барысында қатысушылар бұл жағдайларды ел тарихындағы маңызды оқиғалардың қатарына аса қатты жатқызбады. Бұл жайттарға елдің 2000 жылдар басы мен ортасында күшейген саяси қуғын-сүргін жағдайынан хабардар респонденттер ғана назар аударды. Бейсинхронды фокус-топтар барысында қатысушылардың өз пікірлерін нақтылап жеткізулеріне мүмкіндіктері болды. Біріншіден, бұл екі жағдайдың елдің тарихындағы қара дақ екенімен көпшілік келіседі. Адамдар бүгінгі күнге дейін шындықты толық білмейді және жақын арада білуі екіталай деген пікір кең таралған. Екіншіден, бұл кісі өлтіру оқиғаларының саяси астары туралы түсінік бар болса да, респонденттер кінәлі болуы мүмкін адамдар туралы өз болжамдарын айтуға дайын емес. Шамамен 40 жастағы респонденттің айтуынша, «әдетте осы кезеңнің оқиғаларына сол уақыттан бастап-ақ саяси баға берілмейді, себебі әркім өмір сүргісі келеді және бостандықта болғысы келеді» (ер адам, 44 жаста, орысша бесинхронды ФТ). Біршама батыл мәлімдемелерді 20 жастағы буынның өкілдері көбірек жасайды. Олар оқиғаға мемлекет пен елдің бірінші тұлғаларын жауапты деп санайтындарын жеткізді.

Бұл екі оқиға 2005 жылдардағы билікке жақпаған оппозиционерлер мен қарсылық білдіргендер із-түссіз жоғалып кеткен немесе өлтірілген немесе өз-өзіне қол жұмсаған қанды заманды сипаттайды... Сол кездегі оқиғалар өте қорқынышты және мемлекеттің өзін жақтамайтындармен қалай күресуге болатынын көрсетеді. Халық бұның қауіпін көрді. Бұл елде балама, өзгеше пікірде болу қауіпті.

Ер адам, 21 жаста, орысша ФТ

Осы оқиғалардан кейін Қазақстан өзін әлем картасында оппозициялық белсенділік ашық түрде құдаланатын, басшыларын жоюға дейін баратын авторитарлық ел ретінде көрсетті деген пікір бар.

- **Шаңырақ және Жаңаөзен оқиғалары (2006 және 2011 жылдар).** 2000 жылдары басқа да бірқатар төтенше жағдайлар болды. 2006 жылғы Шаңырақ оқиғасы жиі айтылмаса да, Жаңаөзен оқиғасы әр фокус-топта аталды. Бұл оқиға «сыни белгі» немесе Қазақстанның артқа шегіне бастауының белгілісі ретінде қабылданады. Атап айтқанда, 20 жасар буын өкілдерінің бірі мемлекет тарапынан қантөгіске жауап ретінде қорқыныш пен наразылық сезімінің пайда болуы туралы айтады.

Бірақ, меніңше, 2010 жылдан бері Жаңаөзен оқиғасына байланысты құлдырау қайта басталды, оның салдарынан халық үрейленді. Осы кезеңнен бастап тәуелсіз елімізге халықтың көңілі толмады. Сондықтан көбі басқа елдерге көше бастады.

Ер адам, 21 жаста, қазақша бейсинхронды ФТ

Респонденттердің бейсинхронды фокус-топтардағы жауаптары Жаңаөзендегі оқиға жөнінде әртүрлі пікірлерін көрсетеді. Бұдан біз негізгі үш пікір тобын байқадық. Біріншісі - ақпараттың жоқтығына және жағдайдың анық еместігіне сілтеме жасай отырып, ешбір баға бергісі келмейтіндер («*Пікір жоқ*» деумен шектеледі). Респонденттердің екінші тобы оппозицияның ереуіл ұйымдастырғаны, сырттан келген арандатушылықтың болуы туралы ресми ақпаратты қолдайды. Талдау көрсеткендей, мұндай ұстаным салыстырмалы түрде аз және ауқымды түсіндірілмеген.

Кез келген елде билікті құлатамыз дейтін оппозиция бар. Маңғыстау облысындағы оқиғалар да - оппозицияның айналасы.

Әйел, 57 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Жаңаөзеннің оқиғасын «биліктің өз халқына қарсы қылмысы» деп анықтайтын респонденттердің үшінші тобының ұстанымы барынша айқын. Адамдарға оқ ашу құқық қорғау органдарының тарапынан жүзеге асырылмауы тиіс. Қатысушылардың бірі атап өткендей, *«осы оқиғалардан кейін менің досым құқық қорғау органдарынан кетті, кісі өлтіретіндердің формасын кие алмады»* (ер адам, 40 жаста, орысша бейсинхронды ФТ.). Осылайша, мұнайшылардың талаптары әділ, ал наразылық білдірушілерге қару қолдану бүкіл халық үшін өшпес ұят деген тұжырым қалыптасты:

Мұнайлы өлкенің жұмысшылары жалақыны көтеруді және жағдайларын жақсартуды бейбіт жолмен талап етті. Оларды не «Нұр Отан» партиясы, не

орталық билік елемеді. Бұл қазақ халқына ұят, бүкіл әлемге ұят болды. Бұл біздің тарихымыздағы ұят оқиға.

Ер адам, 40 жаста, қазақша бейсинхронды ФТ

- **ЕҚЫҰ Саммитін және Қысқы Азия ойындарын (Азиаданы) өткізу – 2010 және 2011 жж.** Біз бұл екі іс-шараны бір топқа біріктіргеніміздің себебі - екеуі де шамамен бір кезеңде өткізілген халықаралық іс-шаралар. Екі оқиғаны да респонденттер Қазақстанның халықаралық деңгейде танылуына үлес қосқан деп еске алады. Сондай-ақ, Азиаданың арқасында оңтүстік елорда Алматыда жаңа спорт кешендерінің пайда болғаны халықты қуантты. Бірақ кейбір азаматтар бұл оқиғаларды экономикалық тиімсіз имидждік жобалар деп санайды.

Соңғы онжылдықта біз имидждік жобаларға тым көп көңіл бөлдік деп ойлаймын. Универсиада да осы жобалардың бірі. Әрине, бізге мұндай шаралар керек. Бірақ маған ол кезде бұл шара орынсыз көрінді. Иә, барлығын әдемі жасадық. Десе де, бұдан экономикалық нәтиже жоқ. Халыққа пайдасын тигізуі керек еді негізі.

Ер адам, 36 жаста, қазақша ФТ

- **2010 жылы ЕАЭО құрылуы.** Сараптама көрсеткендей, Еуразиялық экономикалық одақ құруға азаматтардың біржақты бағасы жоқ. Сауалнамаға қатысқандардың бір бөлігі экономикалық интеграция мен одаққа мүше мемлекеттер арасындағы тауарлардың еркін қозғалысын тиімді әрі маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ, Ресей мен Қазақстан арасындағы ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени-әлеуметтік байланыс жөнінде және көршілес ірі державамен достық қарым-қатынаста өмір сүру қажет деген ойлар айтылған.

Ешбір мемлекет жақын әрі беделді көршісін ескермей, өз саясатын жүргізе алмайды. Бұл қалыпты жағдай. Қазақстанның көршілерімен ортақтастыққа келетіні — даналықтың белгісі. Өйткені бұл тұтастық пен мемлекеттілікті сақтаудың бірден-бір жолы.

Ер адам, 20 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Дегенмен, кейбір респонденттердің айтуынша, бұл одақтың экономикалық пайдасы айқын емес. Іс жүзінде Қазақстан ұтылып жатыр деген ой айтылды. Кедендік тарифтердің енгізілуі мен Ресей импортына тәуелділіктің артатыны халық көңілінен шыға қоймады. Сонымен қатар, Ресей саудаға шектеулер енгізу арқылы келісім шарттарын біржақты тәртіппен бұзуы мүмкін. Жалпы, ЕАЭО

құрылғаннан бері бірқатар тауарлар құнының өсуі байқалды, респонденттердің ойынша, бұл қазақстандықтардың өмір сүру деңгейінің төмендеуіне әкелді.

2014 жылдан кейін ресейлік кеден қазақстандық тауарларды шекарадан өткізуді тоқтатты. Ресейлік тауарлар отандық өндірісімізге кері әсерін тигізді. Шетелден тауар импорты көбейді, көліктер қымбаттады. Бұл халықтың әлауқатын төмендетті.

Ер адам, 40 жаста, қазақша бейсинхронды ФТ

Қазақстан мен Ресейдің жақындасуын қауіпті деп санайтын респонденттер тобы да бар. Олар экономикалық одақтың артында **Ресей Федерациясындағы саяси режимнің айқын империялық құлшыныстары жатыр** дейді. Географиялық тұрғыдан Қазақстан Ресейден ешқайда кетпесе де, мүмкін болса, белсенді интеграциялық әрекеттерге тойтарыс беру керек дейді зерттеуге қатысушылар.

В. Путиннің шовинистік және империялық нанымдарын және Ресейдің қазіргі Қазақстандағы рөлін ескерсек... Бұл жайттарды әрқашан есте сақтау керек. «Орыс жерлерін» жаулаушы, Кремльдегі империялық амбициялары бар... В.Путин ұсынған интеграциялық үдерістерден барынша алшақ болу керек. Олардың түпкі мақсаты – Кремльдегі бұрынғы «халықтар түрмесін» қалпына келтіру, яғни тәуелсіздіктен, ал одан кейін мемлекеттіліктен айыру. Бірақ, екінші жағынан, көршілерді таңдай алмайсың...

Ер адам, 52 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

2.3. 2010 жылдар – тұрақтылық әлде тоқырау ма?

Қазақстан тәуелсіздігінің үшінші онжылдығына қатысты екі негізгі бәсекелес нарративті байқауға болады.

Бір жағынан, кейбір респонденттер бұл кезеңді **тұрақтылық пен қалыпты өсу кезеңі деп көреді**. Сол жылдары сәтті экономикалық реформалар жүргізіліп, соның арқасында еліміз жаңғырып, жаңа даму деңгейіне шықты деген ойлар таралған.

Фокус-топқа қатысушылардың пікірінше, өзгерістердің маңызды факторы — **білімді жастар**. Осылайша, елімізде НЗМ мен Назарбаев Университетінің пайда болуына байланысты сапалы білім алу мүмкіндіктері артты деген ойлар айтылды. Сондай-ақ, әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерін тәмамдаған «Болашақ»

түлектерінің елге оралып, ел игілігіне еңбек етуге дайындығы да елдің дамуына оң әсерін тигізген.

Қазақстанның табыстылығының тағы бір факторы ретінде бұл кезеңде елдің халықаралық деңгейде танылғаны айтылды. Мәселен, 2012 жылғы Лондон олимпиадасындағы спортшылардың жеңісі, 2017 жылы ЭКСПО халықаралық көрмесінің өткізілуі маңызды рөл ойнады.

Ең жағымды бағалар 1990 жылдары қиын кезеңді бастан өткерген аға буын мен тоқырау буынының өкілдеріне тән. Оларға бұл мемлекеттің өз азаматтарына бет бұрған кезі болатындай көрінеді. Осылайша, соңғы онжылдықты еске түсіре отырып, бұл буын өкілдері олардың әл-ауқатын жақсартудағы түрлі мемлекеттік бағдарламалардың рөлін ерекше атап өтеді.

Тұрақтылық, жайлылық. Қызым мемлекеттік грантқа ие болды. Мемлекеттік бағдарлама бойынша екінші баспанамызды алдық, тұрақты жұмысқа орналастық, бос уақытымызды дұрыс ұйымдастыра білдік. Өз елімізде өзімізді бақытты сезіне алдық.

Әйел, 42 жаста, қазақша бейсинхронды ФТ

2016 жылдың аяғында жұмысым алға басып, балаларым өсіп, әлеуметтік жағдайым жақсарды. Бұл жылдар Қазақстан үшін өте жақсы болды деп ойлаймын, Президент жыл сайын түрлі жолдаулар дайындап, бағдарламалар бастайтын. Бұл бағдарламаларды жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінді. Бір мысал - 2019 жылғы «Балапан» бағдарламасы. Республика бойынша ауылдық жерлерде балабақшалар санын көбейді.

Әйел, 47 жаста, қазақша бейсинхронды ФТ

Екінші нарратив – **Қазақстанда соңғы он жылдағы тоқырау және одан кейінгі құлдырауы жайлы.** Респонденттердің айтуынша, бұл кезеңде елде айтарлықтай жетістіктер болған жоқ, табыстар көбінде ресми сипатта ғана бола бастады. Осы тұрғыда респонденттер қымбат имидждік жобаларды, сыбайлас жемқорлықты және үкіметтің тиімсіздігін еске алады.

2011 жылдан бері, шынын айту керек, мемлекеттің басқару аппараты өз жұмысын атқармайды, жай ғана бар болғаны болмаса. 2010–2020 жылдары Кеңес Одағы кезіндегідей тоқырау болды деп ойлаймын.

Ер адам, 20 жаста, орысша ФТ

Бірақ жылдар өткен сайын адамдар жемқорлық деңгейінің өсіп келе жатқанын, қанағатсыздықтың өскенін байқай бастады. Сондықтан <...> соңғы онжылдықта адамдарда ештеңе өзгермейді деген ой бар.

Ер адам, 22 жаста, орысша ФТ

Облыс орталықтарының тұрғындары ешқандай оң өзгерістердің болмауын жиі айтады. Заманауи инфрақұрылым ірі қалаларда пайда болғанымен, еліміздің басқа аймақтарында бәрі өткен ғасырдағы күйінде қалды.

Бір байқағаным, Астана мен Алматыны есепке алмағанда, басқа қалалар онша дамымай жатыр. Мен Өскеменге, Петропавлға, тіпті өз қалам Павлодарға бардым – уақыт тұрып қалған сияқты. Неге екенін білмеймін, оны Петропавлда ерекше сезіндім. Өзімді КСРО-дағыдай сезіндім.

Әйел, жаста, орысша ФТ

Зерттеуге қатысушылардың көбі 2014-2015 жылдардағы дағдарыс белгілі бір өзгеріс нүктесі болып табылады деген ойда. Бұл кезде мұнай бағасының күрт төмендеуінен кейін, теңгенің кезекті девальвациясы орын алады. Шамамен әрбір фокус-топта респонденттер бұл оқиғаны ауыр зардапты тәжірибе ретінде еске алады: «Бұл адамдар үшін осындай үлкен күйзеліс болды. Елдің дамуы төмендей бастады» (әйел, 57 жаста, орысша ФТ).

Ақшасын сәтті ауыстырып үлгерген кейбір қазақстандықтарды қоспағанда, ұлттық валютаның екі есеге жуық құнсыздануы азаматтардың ақшалай жағдайы мен әлауқатына ауыр соққы болды. Адамдар жиған-тергендерінен айырылды, жоспарлары бұзылды.

Бәрі жақсарып келе жатқандай болды. Жұмысым тұрақты, табысым жақсы, балам оқу оқиды. Біз бірге тұрамыз, қажеттілігіміз көп емес, тіпті Қазақстанды аралап та үлгереміз кейде демалыста. Сосын бағаның күрт өсуі, жинаған ақшаның құнсыздануы, абдырап қалу, жоспарлардың күйреуі... Жұмыстағы жаңа өзгерістер, тиімдірек орын іздеу басталды.

Әйел, 42 жаста, орысша ФТ

2014-2015 жылдардағы күйзелістерден кейін қазақстандықтардың экономикалық жағдайы айтарлықтай нашарлады. Көбісі теңге құлдырағаннан кейін қалпына келе алмағанын атап өтті. Бұл жағдайда қазақстандықтардың девальвацияға дейінгі кезеңдердегі ақшалай жағдайын бағалау үшін теңгенің долларға шаққандағы баға-

мын ескеру маңызды. Тиісінше, ұлттық валютаның әрбір құнсыздануын адамдардың өмір сүру деңгейі нашарлауының белгісі деп қабылдайды.

Айталық, 2010 жылы жалақым 200 мың теңге болса, ол 1000 доллар шамасында еді. Қазір 200 мың теңге аламын, бұл шамамен 500 доллар. Яғни, біздің валютамыз бәсекеге мүлдем қабілетсіз. Мен оны тез арада түзетудің жолын көріп тұрған жоқпын.

Әйел, 40 жаста, орысша ФТ

Бұл кезеңдегі елдің саяси өмірі де күйзеліс кезеңін өткерген. Респонденттер көбіне оқ-дәрілердің жарылуы, елорда атының өзгеруі, LRT құрылысы сияқты оқиғаларды атады. Президент ауысқаннан кейін қазақстандықтар елдегі саяси жағдайды қайта бағалауда. Көптеген адамдар, әсіресе жастар, елдегі тиімсіз және сыбайлас жемқорлық түріндегі жүйелі мәселеге назар аудара бастады.

2011 жылдың басынан бастап мен әлемді басқаша қабылдай бастадым, оның ішінде елге, ел саясатына, экономикасына, халқына және т.б. сыртқы және ішкі саясатқа назар аудара бастадым.

Ер адам, 22 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Егер өскелең ұрпақ үшін елдегі жағдайға қанағаттанбау белсенді азаматтық әрекет етулеріне себеп болса, орта буынның саяси өзгерістерден баяғыдан көңілі қалғаны анық. Мәселен, 44 жастағы азамат шетелге барған соң Қазақстандағы авторитарлық және жемқорлыққа толы жүйе жақын болашақта өзгермейді деген ой түйді. Нәтижесінде ол өз ортасында шетелден білім алу және одан әрі елден көшу қажеттілігі туралы идеяны бірнеше рет өрбіте бастады.

Сапардан кейін сіңіліме 18 жастағы ұлын Чехияға оқуға жіберуге кеңес бердім. Шешімді өздері қабылдады бірақ. Оларды сол кезде жақындарының арасынан қолдаған жалғыз мен (қалғандар Ресейдегі оқуды жақтаған). Қазір жасы 20-да, сонда үшінші жыл оқып, жұмыс істеп жатыр. Енді сол жақта қалады. Ал елге «былай өмір сүру керек емес» дегенді бір көру үшін келіп тұрады.

Ер адам, 44 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Егер азаматтардың экономикалық табыс туралы көзқарастарына девальвация әсер етсе, 2019 жылғы президенттік сайлаудан кейін олардың көзінде Қазақстанның демократиялық бейнесі өзгерді. Әсіресе, «манекен» болып шыққан Ә. Қосановқа дауыс берген респонденттер алданған сезімдерімен бөлісті. Азаматтық

ұстанымдарын көрсету қауіпті және мемлекет тарапынан қуғын-сүргінге ұшырауы мүмкін деген пікір де күшейе түсті.

2019 жылы президент сайлауы өтті. Мен Қосановқа дауыс бердім. Бірақ ол арнайы қойылған кандидат болып шықты. Сол кезде митингілер барысында мемлекет тарапынан жан түршігерлік әрекеттер жасалды. Қорқыныш болды.

Ер адам, 23 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Осылайша, ел дамуының 30 жылдық кезеңінің соңына таман респонденттер саяси жағдайға көңілдері толмайтынын айтты. Респонденттер 2019 жылы президент ауысқаннан кейін де атарлықтай өзгерістер болған жоқ дейді. Бұрынғыдай мемлекет халықтың шынайы мәселесін естімей, саяси өзгерістерді жүзеге асыратындай болады.

Қазір барлығымыз құлдыраудамыз. Шындық осы. Еліміз демократиялық мемлекет болғанымен, өз ойымызды ашық айта алмаймыз. Қудалау әлі де бар. Адамдардың шынайы мәселесін елемеу үшін түрлі саяси ойындар жасалады. Мұның бәрі тәуелсіз мемлекетіміздің дамуына кедергі келтіреді.

Әйел, 43 жаста, қазақша ФТ

Ең таңғаларлық оқиға — президенттік биліктің ауысуы болды. Бұл күтпеген жағдай еді, бірақ, көріп отырғанымыздай, айтарлықтай өзгеріс әкелмеді.

Әйел, 50 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Саясат пен экономикадағы тоқырау үрдістеріне қарамастан, соңғы он жылда қазақстандықтардың күнделікті өмірі айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Өзгерістердің негізгі факторы — ғаламтордың дамуы және цифрландыру. Респонденттердің атап өтуінше, аз уақыт ішінде жаңа технологиялар өмірдің барлық саласына еніп кеткен. Банктік қосымшалардың, онлайн жеткізу қызметтерінің, сондай-ақ электрондық үкіметтің арқасында қызметтерді алу ыңғайлы болды. Жоғары жылдамдықты интернеттің арқасында қашықтан жұмыс істеу және білім алу қолжетімді болды. Пандемия жағдайында онлайн жұмыс істеу және білім алу одан да жоғары сұранысқа ие болып, әлеуметтік нормаға айналды.

Жақсы жақтарынан, елімізде цифрландыру мен технологиялардың дамуы өте жылдам жүре бастады. Осының аясында өзіме ыңғайлы болған азық-түлікті жеткізуді, банктік қосымшалар арқылы онлайн төлемдерді, көлік ақысын төлеуді, Sergek жүйесін, eGov онлайн қызметтерін, 5G желісін сынақтан

өткізуді, әртүрлі бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы оқыту және қашықтан жұмыс істеу сияқты және т.б. мүмкіндіктерді атап өткім келеді. Бізде соңғы он жылда бұл сектор қарқынды дамыды.

Ер адам, 22 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Зерттеуге қатысушылар соңғы жылдардағы жаппай цифрландырудың да ыңғайсыз тұстары бар дейді. Олар әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы қоғамда теріс пиғыл мен жалған ақпарат тарағанын өкінішпен атап өтеді.

Соңғы жылдары мәдениет саласы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Тұтыну-дың өсуімен, урбанизациямен және ғаламтордың қолжетімділігіне байланысты адамдардың өмір салты мен көзқарастары өзгереді. Жаһанданудың салдары айқын байқалады — әлеуметтік және мәдени алуантүрлілік артып, адамдар ашық және бір-біріне шыдамды бола бастайды. Бұл өзгерістер мегаполистерде көбірек байқалады. Мәселен, Атыраудан көшіп келген 22 жастағы Алматы тұрғыны бұрын жігіттердің шашын бояп, сырға тағып жүргенін елестету қиын болғанын айтады.

Мен жалпы өсудің өте баяу екенін және оны ешкім көрмейтінін көрсеттім. Бірақ, 1990-2000 жылдардағы қазіргідей өз ойыңды айтуға, шашыңды бояп, сырға салуға мүмкіндігің бар деп ешкім ойламаған. Яғни, адамдар қазір мұны еркін жасай алады. Кем дегенде Алматы мен Астана сияқты дамыған қалаларда.

Ер адам, 22 жаста, орысша ФТ

Бұл бағыттағы прогрессивті өзгерістер өнер мен ойын-сауық индустриясының дамуы тұрғысынан айқын байқалады. Барлық фокус-топтарда қатысушылар шетелде танылып, қазақстандық музыка өнерін танытып жүрген жаңа буынның әншілерін мақтанышпен айтты.

Сонымен қатар, қоғамдағы мәдени-құндылықтардың ауысуы ескі әлеуметтік нормаларды қайта қарастыру қажеттігін тудырды. Атап айтқанда, «ескі» және «жаңа» дүниетанымдардың қақтығысы зерттеуге қатысушы кейбірінің өмірлік мысалдары арқылы жақсы суреттелген. Өскелең ұрпақ патриархалдық көзқарастар мен қатаң иерархияға негізделген отбасылық және гендерлік қарым-қатынастар жайындағы «дәстүрлі» идеяларға көнуге дайын емес.

Үйлену тойымыздың алдында күйеуім үш бөлмелі пәтер алу үшін ипотекалық несие алды. Ал біз оның ата-анасымен бірге тұра бастадық. Бірақ, келін

дегеніміз иерархия бойынша адам емес, ит пен құлдың арасындағы біреу болатын адам деген “нағыз қазақи” менталитетті алғаш рет сезіндім. Бұдан шығатын қорытынды, бұрын коммунизмге талассыз сенген халық келін деген ұғымның бастапқыда салынған жағымды астарын бұрмалап, ата-баба дәстүріне кенет қайта ораламыз деп, дәстүрдің шырқын бұзды. 2019 жылы ажырастық, мен ата-ана және балалар бөлек тұруы керек деген қорытындыға келдім.

Әйел, 31 жаста, орысша бейснхронды ФТ

Қабылдамау жақын араласатын адамдардың тарапынан ғана емес, әртүрлі әлеуметтік институттар тарапынан да дәстүршілдік көріністерінен туындайды. Атап айтқанда, респонденттер нақты әлеуметтік және саяси мәселелерді талқылаудың орнына кез келген жерден арғы тамырына қайта оралу идеясын насихаттайтын мемлекеттік БАҚ-ты сынға алады. Азаматтардың күткендері мен мемлекеттік институттардың шынайы сапасы арасындағы алшақтық, басқалармен қатар, саяси өзгерістерге деген сұраныстың артуына себеп болады.

Мен үшін 2014-2018 жылдар аралығы «Келинка Сабина» деген ұранмен өткен сияқты. Әр жерден енешканың алдында өзін қалай ұстау керектігін талқылай бастады. Ал қазақ телеарналары мен үшін тіпті жиіркенішті болды. Олар қоғам мен саясаттың, жалпы мемлекеттің айқын мәселелерін емес, түп-тамырына қайта оралып, шынайы қазақ қыздары мен әйелдерінің институтын қайта құруымыз керек деген бос сөзді талқылайды. **Бұл мені ызаландырды. Мен өзгерістерді, президенттің ауысканын, биліктің ауысқанын қаладым.**

Әйел, 31 жата, орысша бейсинхронды ФТ

Елдің онсыз да құлдырау үстіндегі үшінші он жылдығына коронавирус пандемиясы қосылды. Зерттеуге қатысушылар 2020 жылдан бері келе жатқан қорқыныш және белгісіздік туралы көп айтады. Көптеген адамдар үшін зардапты естеліктер аурумен, жақындарынан айырылумен, сондай-ақ коронавирустық пандемия кезінде медициналық көмектің сапасы мен бірқатар дәрі-дәрмектердің қолжетімсіздігінен туындаған қиындықтармен байланысты.

Осы уақытта түрлі оқиғаларды бастан кештім, бірақ өмірімде көп нәрсені өзгерткен COVID-19, пандемия болды. Жас немесе кәрі болсын, талай туыстардан айырылды. Терезеден мен жедел жәрдем көліктерін жиі көремін. Адамдар жұмыссыз қалды, дәрі-дәрмек жетіспеді. Әрине, бұл мәселелер бүкіл әлемге әсер етті, бірақ мұндай кезеңді бастан өткеру шынымен қорқынышты екен.

Әйел, 22 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Кезеңнің негізгі оқиғалары

Біз әрі қарай қазақстандықтардың пікірінше үшінші онжылдықтағы басты оқиғаларға тоқталамыз.

- **2017 жылы ЭКСПО көрмесінің өткізілуі** — тәуелсіздік кезеңіндегі жиі айтылатын оқиғалардың бірі. Респонденттердің айтарлықтай бөлігі көрменің еліміздің әлемдік имиджіне қосқан оң үлесін атап өтеді. Көрме өткен жерде заманауи кеңселердің, Astana Hub, АХҚО сияқты бірқатар инновациялық жобалардың пайда болуы да оң бағалануда. Талдау көрсеткендей, ЭКСПО-ның артықшылықтары туралы елорда тұрғындары мен іс-шараның өзінде волонтерлік тәжірибесі бар қатысушылар жиі айтады.

Менің ойымша, ЭКСПО маңызды әрі жақсы оқиға. Мен ЭКСПО-да волонтер болдым, келген халықаралық қауымдастықты көрдім. Бұл шынымен де дамуыма үлкен серпін берді. ЭКСПО — да болып жатқан оқиғалар-бұл халықаралық қаржы орталығы, бұл жаңа университет, бұл шын мәнінде ағылшын құқығының орталығы, бұл шын мәнінде үлкен серпін.

Ер адам, 21 жаста, орысша ФТ

Сонымен қатар, респонденттердің айтарлықтай бөлігі көрме өткізу идеясына да, одан келген пайдаға да сыни көзқараспен қарайды. Көрменің эстетикалық «көркемдігі» туралы әңгіме басым. Респонденттердің пікірінше, имидждік мақсатқа миллиардтаған доллар жұмсау орынсыз болды. Сонымен қатар, ЭКСПО өз міндеттерін орындамады: ол өткізілгеннен кейін Қазақстанда жасыл энергия да, туристік кластер де пайда болған жоқ.

Меніңше, біздің елде барлығын мақтанып көрсету үшін жасаған. Мысалы, ЭКСПО. 2017 жылдың жазында бәрі өте әдемі болды, бұл жобаға миллиардтаған доллар жұмсалды. Ал қазір осы аумақты аралап жүрсеңіз, астаң кестеңі шығып жатыр. Жердегі барлық тақтайшалар сынған. Ең жақын жалғыз саябақ бар. Ағашының жапырақтары жаз бен көктемде сап-сары. Бұған ешкім мән бермейді. Мен сұрағым келетіні: осының барлығын шынымен де пайдалы нәрселерге жұмсауға болатын кезде, неге сөйтпедік?

Әйел, 20 жаста, орысша ФТ

- **2019 жылы Н. Назарбаевтың биліктен кетуі** де соңғы онжылдықтағы атышулы оқиғалар қатарында. Фокус-топқа қатысушылардың барлығы іс жүзінде Н. На-

зарбаевтың президенттік өкілеттігін тоқтату туралы шешімі туралы жағымды пікір қалдырады. Бұл ел тарихындағы жаңа бетті ашатын, көптен күткен оқиға болды деген нарратив басым. Жастар мен орта буын өкілдері қуаныш сезімін білдіріп, жаңа өзгерістерге деген сенім пайда болды дейді. Аға буынның саналы өкілдері ғана елдегі жағдайды қайта нашарлайтынын, 90 жылдарға қайта оралудан қорыққандарын айтты. Сол үшін ерекше бір сезімдері болған жоқ.

Иә, бұл әрбір қазақстандық үшін қиын күндер болды. Бастапқыда сатқындық сездік, ол (Назарбаев) бізді неге осындай кезде тастап кетті деген көптеген сұрақтар болды. Отанымыз бұдан былай не болар екен деп бәрі де алаңдады. Бұл шынымен 90 жылдар ма? 30 жыл бойы тұрақтылыққа, тыныштыққа, береке-бірлікке үйренген әрбір адамның жүрегіне үрей ұялады, ол кезде республиканың болашағына алаңдайтынбыз.

Әйел, 50 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Оқиғалардың одан әрі дамуы қазақстандықтардың өзгерістерге деген үмітін ақтай алмады. Елорданың және басқа да инфрақұрылымдардың атын Тұңғыш Президенттің атына ауыстыру өте жағымсыз әсер туғызды: *«Ұлы атаулардың өзгеру дәуірі. Кімнің атымен аталатынын айтпай ақ қояйық. Ең бастысы, ескерткіш қойылса, кептерлер өздері ақ ұшып келеді»* (ер адам, 40 жаста, орысша бейсинхронды ФТ).

Талдау көрсеткендей, 2021 жылдың соңына қарай Н. Назарбаевтың президенттіктен кетуі елде ештеңені түбегейлі өзгерткен жоқ деген ортақ пікір қалыптастырды. Биліктің ауысу үрдісі жасанды болып шықты, ал жаңа президент тәуелді тұлға ретінде қабылданады (*«Кеткен болса, шын мәнінде кету керек еді, спектакль қоймай»*). Сонымен қатар, зерттеуге қатысушылар елде азаматтар мен сыртқы бақылаушыларды адастыратын қос биліктің пайда болғанын да айтады.

Бұрын бәрі салыстырмалы түрде тыныш және түсінікті болды. Жасанды өзгерістермен бірге, дегенмен, біршама саяси мәселелер орын алды. Барлығы билікті екі орталыққа бөле бастады, кімге бағынарын білмеді. Және экономикалық тәуекелдер болды. Яғни, инвесторлар бізге әдетте Тұңғыш Президенттің кепілдігімен келетін, содан кейін біраз сұрақтар көтерілді. Сол үшін бұның барлығы түсініксіз оқиға деп ойлаймын.

Ер адам, 20 жаста, орысша ФТ

- Президент сайлауы және Тоқаевтың билікке келуі. Тоқаев жеңген 2019 жылғы президент сайлауы қазақстандықтар арасында әр түрлі сипат алады.

Бір жағынан, бірінші және екінші президент арасындағы сабақтастық идеясын қолдайтын, сондай-ақ оның сайлаудағы жеңісін әділетті деп санайтын Тоқаев жақтастарының даусы анық айтылған. Сайлау нәтижелерімен келіспейтін қарама-қайшы пікір бар. Бұл пікір өкілдерінің айтуынша, сайлау көптеген заң бұзушылықтармен өтті, дауыстарды әділ санаған жоқ. Бұған қоса, *«лайықты бәсеке болған жоқ, ешкімнің де өзін-өзі ұсынуына рұқсат етілмеді»* деген пікір бар. Бұл жерде жаңа президент келгеннен кейін де, елдегі жағдай өзгерген жоқ деген пікір айқын.

Тоқаев қуыршақ ретінде тамаша қызмет атқарып келеді. Елорданың атын өзгерткені, оны бастапқыда қолдаған адамдардың көбін өзінен алшақтатты. Айтпақшы, бұл атауды өзгерту Назарбаевтың өзін жағымсыз кейіпте көрсетеді. Осы процедураға бюджеттен миллиардтаған қаражат жұмсалды. Бұл биліктегі адамдардың елге жеке әмиян ретінде қарайтынын көрсетеді. Сондай-ақ көшелердің, әуежайдың атын өзгерту және т.б.... Барлығы да мансап үшін, ел үшін емес. Ал бұның барлығы еліміздің заңнамасын бұзу арқылы жасалған. Кейін Жоғарғы соттың *«құқықтық бағасы»* арқылы жасырылып, бәрінің болашақта қалай өзгеретінін көрсетті.

Әйел, 40 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

- **Коронавирустық пандемия** қоғамның ұжымдық жадысында өшпес із қалдырды. Зерттеуге қатысушылар бұл оқиға адамдардың өміріне әсер ету **дәрежесі мен ауқымы бойынша басқалардан асып түседі** деп есептейді. Өмір салты, ой-сана, адамдар арасындағы қарым-қатынас — барлығы өзгерді. Құндылықтар мен приоритеттерге адамдар басқаша қарайтын болды.

Сонымен қатар, зерттеуге қатысушыларға бұл індеттің салдарына біржақты баға беру қиын. Даулы мәселелердің бірі мемлекеттік органдардың азаматтарына аурушаңдық, жұмыссыздық және карантиндік шектеулер жағдайында қолдау көрсетуі біршама талқыланды. Үкімет пандемия жағдайында өзін жауапты әрі тиімді көрсетті деп есептейтін қатысушылар да бар. Бұл ретте ең көп айтылатын дәлел – халыққа 42 500 теңге көлеміндегі ақшалай көмектің төленгені.

Жағымды жағын айтсақ, мемлекетіміз басқа елдермен салыстырғанда халықты қолдайтындай шара жасаған.

Әйел, 19 жаста, орысша бейсинхронды ФТ

Дегенмен, осы кезеңдегі үкімет пен басқа да мемлекеттік органдардың жұмысына теріс баға беретіндердің пікірі анық естіледі. Атап айтқанда, олар дә-

рі-дәрмектің тапшылығы мен қымбаттауын, ауруханалардағы орындардың тапшылығын, статистиканың нақтыланбауын, тиісті ведомстволардағы сыбайлас жемқорлық дауларын, сондай-ақ елордада індет кезіндегі отшашуды сынға алады.

Пандемия басталғанда қазақстандықтар өздерін өзі емдеді, бұған бәріміз куә болдық. Талай рет дәрі-дәрмектерді қоймалара ұстап, адамдарға бірнеше есе қымбат етіп сатты. Билік бұл адамдарды неге жазаламады екен! Пандемия денсаулық сақтау саласының сынға төтеп бере алмайтынын көрсетті, өтірік көп! Сыбайлас жемқорлық көп.

Әйел, 50 жаста, қазақша бейсинхронды ФТ

Зерттеуге қатысушылар пандемияның әлеуметтік және саяси салдарын да талқылады. Қоғамда ынтымақ пен сана-сезім артты деген пікір бар. Кейбір респонденттердің ойынша, пандемиядан кейін елде қазақстандықтардың саяси белсенділігі айтарлықтай өсті.

Жақсы жағына көңіл бөлсек, пандемия азаматтық қоғамға жақсы әсер етті. Адамдар шығып, ойларын жеткізетін болды. Алаңдарға шықпай-ақ, әлеуметтік желілерде пікірлерімен бөлісе алатын болды. Феминистік шерулер, экологиялық қозғалыстар. Адамдардың санасы өзгерді.

Әйел, 21 жаста, орысша ФТ

Деректерді әртүрлі жас буындар тұрғысынан талдау көрсеткендей, ең жас буын елде «пісіп-жетілген» проблемаларды анық көре отырып, болашаққа деген оң көзқарасты сақтайды. Бұл көзқарас центениалдар арасында Тұңғыш Президенттің биліктен кетуі мен жоғарыдан келген демократиялық реформалар туралы уәделерінен емес, еріктілер қозғалысы мен азаматтық қоғамның дамуының нәтижесінде орнықты. Азаматтық кеңістік, фокус-топқа қатысушылардың пікірінше, соңғы жылдары елдің дамуында маңызды рөлге ие болды.

Демек, Қазақстан тарихының соңғы үш онжылдығы белгілі бір нарративке сәйкес келетіні айқындалды. Алайда, бұл Президент Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында баяндалғаннан өзгеше. Ұқсастық тарихты шартты түрде үш онжылдыққа бөлуде ғана кездеседі, бірақ бұл жылдардың мазмұны айтарлықтай ерекшеленеді – **оқиғалар жағынан да, әсерлік жағынан да.**

Жетістіктердің ерекше тізімі қарапайым қазақстандықтар басынан өткерген қиындықтарды ескермейді. Ресми баяндауда қазіргі тарихтың кез келген қиын сәттерін

еске алмаса да (айтылса да, тек қана қиындықтарды жеңу тарапынан ғана), бұл сәттер ұжымдық жадыға **берік қонған** және қазақстандықтардың жақын арадағы өткен шақтарын қалай қабылдайтынына әсер етеді.

Бұл жерде маңызды тенденцияны атап өткен жөн: буындардың өзгеруі және саяси мәдениеттің біртіндеп өзгеруі біздің соңғы, бірақ әлі де тарихымызды қабылдау деңгейінде байқалады. Өскелең ұрпақ саяси саладағы өзгерістерді жиі атап өтеді, бұл оқиғаларға үлкен мән береді, сонымен қатар олардың қазіргі кездегі әсерін бақылайды. Саяси білімнің өсіп келе жатқан деңгейі, болып жатқан жағдайға қызығушылық және өскелең ұрпақ өкілдері арасында өзін-өзі көрсетудің жоғары құндылығы жақын болашақта азаматтардың елдің қоғамдық-саяси өміріне қатысу сипатына әсер етеді деген сезім пайда болады.

2.4. Ел тарихындағы тұлғалардың рөлі

Қазақстанның тарихы, басқа елдегідей, саяси құрылымды, әлеуметтік және мәдени элитаны құрайтын адамдардың тарихымен тығыз байланысты.

Фокус-топтық талқылаулар барысында қатысушыларға олардың пікірінше соңғы 30 жылдағы елдің дамуына ең көп әсер еткен тұлғаларды атауды ұсындық. Респонденттер ойларына келген есімдерді атады. Бұл саясаткерлер, қоғам қайраткерлері, шығармашылық, мәдениет салаларының және т.б. өкілдері болуы мүмкін. Негізгі тұлғалардың тізімі әзірленгеннен кейін, қатысушылар аталған қайраткерлердің әрқайсысының қосқан үлесін бағалады. Осылайша, атаулар мен олардың рейтингтерінен «оң», «екіжақты» және «теріс» критерийлері бойынша дерек жиналды.

Талқылау барысында респонденттер 107 адамның есімін атады. Төмендегі диаграммадан көріп отырғанымыздай, олардың 47% - саясаткерлер, 38% - мәдениет және спорт қайраткерлері, 18% - қоғам қайраткерлері мен кәсіпкерлер.

Талдау көрсеткендей, адамдар **саясаткерлерді басқа сала өкілдеріне қарағанда жиі атайды** (бір адамды бірнеше топқа жатқызуға да болады). Атап айтқанда, жеке тұлғаларды бөлуде саясаткерлердің үлесі 50%-дан асады. Орташа алғанда, фокус-топтар барысында бір саясаткердің есімі 2,7 рет аталды. Қоғам қайраткерлері, бизнесмендер және мәдениет, спорт қайраткерлеріне келетін болсақ, әрбір адамды орташа есеппен 1,8 рет қайталанады.

4-сурет. Тұлғалардың жеке адамдар (n=107) мен аталған саны (n=236) бойынша жіктелуі

Жеке тұлғалар бойынша



Аталған саны бойынша



■ Мемлекеттік және саяси қайраткерлер ■ Қоғамдық қайраткерлер, кәсіпкерлер ■ Мәдениет және спорт қайраткерлері ■ Басқалары

Әр түрлі буын өкілдерінің тұлғаларды атауларын талдау динамикасы қызық мәліметтерге толы. Мемлекет және саяси қайраткерлердің танымал тұлғалары арасында реформалық буын мен миллениалдар жиі аталды.

Тоқырау кезеңінің буыны мен центениалдар саяси қайраткерлерді сирек еске алады. Бірақ, қоғамдық қайраткерлер мен кәсіпкерлер жайында көп айтады.

5-сурет. Тұлғалардың түрлі буын өкілдерімен аталып өтуі

Тоқырау ұрпағы



Реформалық ұрпақ



Миллениалдар



Центениалдар



■ Мемлекеттік және саяси қайраткерлер ■ Қоғам қайраткерлері, кәсіпкерлер ■ Мәдениет пен спорт қайраткерлері

Жалпы респонденттер арасында негізгі тұлғалардың ел дамуындағы рөлі оң болып бағаланады (60%).

Алайда, әртүрлі сала өкілдерінің қосқан үлесіне деген көзқарастардың бір-бірінен айырмашылықтары бар. Осылайша, саясаткерлердің рөлі бәрінен де нашар бағаланады. Аталған адамдардың 41%-ы оң әсер етті, ал 42%-ының рөлі екі жақты, не жақсы не жаман емес деп бағаланды. Аты аталған тұлғалардың 18%-ы теріс баға алды.

Қоғам қайраткерлері мен бизнесмендердің қосқан үлесі неғұрлым оң қабылданады: 59%-ы оларды оң деп бағаласа, 32%-ы екі жақты және тек 9%-ы теріс деген баға берді.

Сонымен, мәдениет және спорт қайраткерлерінің рөлі толықтай оң бағаға ие болды. Аталған есімдердің 92% -ы оң мағынада болды.

6-сурет. Маңызды тұлғалардың елдің дамуына тигізген үлесін бағалау

Мемлекеттік және саяси қайраткерлер



Қоғам қайраткерлері, кәсіпкерлер



Мәдениет пен спорт қайраткерлері



Ортақ



■ Оң ■ Теріс ■ Екіжақты

Мемлекеттік және саяси қайраткерлер

Жоғарыда аталып өтілгендей, талқылау барысында аталған аттардың көпшілігі мемлекет және саясат қайраткерлеріне қатысты (барлығы 46 адам). Бұлар көбінесе соңғы 30 жылда Қазақстанда жоғары мемлекеттік қызмет атқарған адамдар.

Алынған мәліметтер негізінде саяси қайраткерлерді атаудың шартты рейтингін құруға болады. Сонымен, барлық фокус-топтарда Н. Назарбаевтың, Қ. Тоқаевтың және Әбілязовтың есімдері аталды. Алты топта А. Сәрсенбаев, З.Нұрқаділов және И.Тасмағамбетов аталды. Саясаткерлердің арасында Р. Әлиев, Д. Назарбаева, М. Жәкішев сияқты тұлғалар да салыстырмалы түрде жиі аталады.

Келесі кезекте маңызды тұлғаларға деген көзқарастар мен ел дамуына қосқан үлесіне тоқталамыз.

Н. Назарбаев



Н. Назарбаевтың тұлғасы қазақстандықтар арасында қарама-қайшы пікір туғызады. Бір жағынан, еліміздің бейбіт жолмен дамуындағы Тұңғыш Президенттің шешуші рөлі туралы игі әңгімелер бар. Ел ішінде де, көршілес елдермен қарым-қатынаста да бейбітшілік пен келісімді сақтау Н. Назарбаев саясатының арқасында жүрді деп есептеледі. Бұл Қазақстанды басқа посткеңестік елдерден жақсы жағынан ерекшелендіреді.

Мұндай пайымдаулар негізінен Н. Назарбаевтың тұлғасына көбірек адалдық танытатын 50 жастан асқан буын өкілдеріне тән екенін айта кеткен жөн.

Елбасымыздың арқасында бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз деп ойлаймын. Мысалы, Ауғанстан, Қырғызстан сияқты көрші елдер де бізбен бірге КСРО-дан шықты. Бірақ біздің олардан айырмашылығымыз - бейбіт заманда өмір сүріп жатқанымыз. Бізде терактілер, қақтығыстар жоқ.

Әйел, 55 жаста, қазақша ФТ

Екінші жағынан, Тұңғыш Президенттің анығы жоқ мұрасы туралы тұрақты пікір бар. Респонденттер оның билікте болуын қорытындылай келе, жағымды да, жағымсыз

да сәттерді тізімдейді және оларды бір ортақ ұғымға біріктіру мүмкін емес дейді. Мәселен, Н. Назарбаевтың саяси көшбасшылығының айқын кемшіліктерінің бірі - өзінен кейін қалдырған жемқор және авторитарлық жүйесі. Бұл пікірді орта және жас буын өкілдері жиі айтады.

Бұл ретте оның ел басқарған кезеңдеріне байланысты «жақсы және жаман Назарбаев» туралы дискурс қалыптасты. Осылайша, 90 жылдары, ол жаңа сайланған кезде, қазақстандықтардың нақты қолдауы мен құрметіне ие болған басшы деп саналатын. 50 жастағы буын өкілдері 90 жылдардың басында алғаш рет Назарбаев үшін саналы түрде дауыс бергендерін еске алады.

Басында үміт, сенім ұялатты.... Иә, алдымен елімізді жарқын болашаққа жетелеген Назарбаев болатын. Мен тіпті сайлау болған кезде, әлі есімде сайлауға барғанымыз. Саналы түрде... 30 жыл ішінде бір нәрсеге келерміз деп ойлағанмын...

Әйел, 57 жаста, орысша ФТ

Зерттеуге қатысушылар Назарбаев билігінің соңғы 10 жылын көбінде теріс тұрғыдан сипаттайды. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығында абсолютті деңгейге жеткен жеке тұлғаға табыну әдеті халықты қатты ашуландырады.

Биліктің соңына таман тым көп мақтау болып кетті. Мен білмеймін, мүмкін оның қасындаы адамдар шек дегенді сезбеген болар. Бірақ бұл нонсенс қой! Назарбаев көшесі, Назарбаев атындағы үй, Нұр-Сұлтан қаласы. Шынымды айтсам, артық болып кетті. Иә, ол адам құрметке лайық. Оның еңбегі зор. Бірақ теріс факторлар да бар. Осыны да ескеру қажет.

Әйел, 31 жаста, орысша ФТ

Назарбаев ел үшін көп жұмыс жасады. Бірақ ұзақ уақыт билікте болғаны халықты жалықтырып жіберді.

Ер адам, 19 жаста, қазақша ФТ

Зерттеуге барынша хабардар және саясаттандырылған қатысушылар Назарбаевтың барлық мұрасына сыни көзқарас қажет деген пікір айтады. Қазіргі Қазақстанның даму нәтижелері туралы айтқанда, Тұңғыш Президенттің рөлін асыра айтпай кетуге болмайды, өйткені Тұңғыш Президенттің жетістіктері туралы түсінік көп жағдайда қазіргі таңда бар насихатпен мәжбүрленіп таңылған.

Менің ойымша, Назарбаев кезінде қол жеткізген жетістіктеріміз — оның еңбегі емес. Біз мұндай насихат жүріп жатқандықтан солай ойлап жатамыз. Бүкіл жүйе оған арналып құрылған. Сондықтан бізге Назарбаевтың ғана еңбегі бар сияқты көрінеді. Сол себепті, менің ойымша, Қазақстанның Тәуелсіздіктің 30 жылындағы барлық жетістіктерін оның еңбегі деп айту дұрыс емес.

Ер адам 18 жаста, қазақша ФТ

Қ. Тоқаев



Еліміздің қазіргі президенті Қ. Тоқаевтың қосқан үлесіне қатысты респонденттердің көзқарастары да оң және екіжақты болды. Егер Н. Назарбаев жағдайында мұндай пікірлер оның мұрасының анық еместігіне қатысты болса, Тоқаев жағдайында қатысушылар қорытынды жасау үшін өкілеттілігі тым қысқа деген тұжырым береді.

Менің ойымша, оның жеке тұлға ретіндегі жұмысын бағалауға әлі ерте. 10 жыл өтсін, содан кейін көре жатармыз.

Ер адам, 20 жаста, орысша ФТ

Бұл орайда Тоқаевтың Назарбаевтан айырмашылығы жоқ деген пікір бар, «олардың шыққан ортасы бір». Мүмкін, бұл аға буынның екінші Президентке деген сенімімен түсіндіріледі. Респонденттерге оның білімі, зиялылығы және БҰҰ-дағы жұмыс тәжірибесі ұнайды: «БҰҰ елшісі болып, ол Қазақстан үшін көп нәрсе жасады» (әйел, 50 жаста, орысша ФТ).

Оған қоса, кейбіреулер Тоқаевты «ол шектуелі ережелерге сай жұмыс жасауда» деп ақтауға бейім. Бұл екінші Президенттің толық билігі жоқ екенін көрсетеді.

Тоқаевқа күмәнмен қарау оның билікке Тұңғыш Президенттің қолдауының арқасында келгенімен байланысты. Дегенмен, Тоқаевтың басқа жауапты лауазымдарда жұмыс істеген кезеңіндегі жетістіктері туралы айтудың қажеті де жоқ.

Ол саяси мансапта қанша жыл жүр. Бірақ ол туралы 01 өз өкілеттіктерін тапсырған кезде ғана білдік. Ол туралы ешкім ешнәрсе естімеген.

Ер адам, 21 жаста, орысша ФТ

Жалпы, 2021 жылдың соңына қарай Тоқаевтың қоғамда имиджі қалыптаспай қалғаны таң қалдырады. Ол өзін әлі толық көрсете алмағандықтан, оң үміт болды. Алайда, оның саяси және жеке қасиеттеріне қатысты белгісіздік әлі де сақталды.

М. Әбіләзов



Тіркелмеген «ҚДТ» (орыс. ДВК) партиясының жетекшісі Мұхтар Әбіләзов Тәуелсіздік кезеңіндегі көбінде жағымсыз кейіпкер ретінде қабылданады. Респонденттердің бір бөлігі оның елдің дамуына қосқан үлесін түсініксіз, ал екінші бөлігі теріс деп бағалады.

Оның рөлін екіұшты бағалау Әбіләзовтың кезінде өзі қазір сынап отырған саяси режимнің бір бөлігі болғандығынан туындайды. Сәйкесінше, оның ниеттерінің шынайылығына деген сенім жоқ. Теріс пікір білдірген респонденттер одан алауыздықты тарататын және дамуға кедергі жасайтын адам деп біледі.

Менің ойымша, оның іс-әрекеті Қазақстанға зиян тигізеді, өйткені оның өмірбаянын қарасақ, өзін нағыз оппозиционер деуге құқығы жоқ. Мен оның әрекеттері бізге зиян тигізеді деп санаймын.

Ер адам, 20 жаста, орысша ФТ

Талқылау барысында Әбіләзовты қолдағандар да болды. Атап айтқанда, респонденттердің бірі қазақстандық билік Мұхтар Әбіләзовтан арнайы жау жасайды деп есептейді, өйткені ол халықтың нақты қолдауына ие екенін біледі.

Мұхтар Әбіләзов - халық қамын ойлайтындардың бірі. Жамандықтың барлығы оған ілінді. Сіз үкіметке қажет деп Мәскеуде ғимарат салынғанын білесіз бе? Содан кейін алды да, оны соған жапты. Оны әлі күнге дейін елге жібермейді, неге? Себебі адамдар оны қорғайды.

Ер адам, 64 жаста, қазақша ФТ

А. Сәрсенбаев



Алтынбек Сәрсенбаев — 2006 жылы өлтірілген, 2000 жылдардың ортасындағы көрнекті саясаткерлердің бірі. Егемен Қазақстанның жиі айтылатын қайраткерлерінің қатарында бар. Фокус-топтардың көпшілігінде қатысушылар оны елдің дамуына оң септігін тигізгенін айтады. Атап айтқанда, оны *«жақсы адам, журналистиканы көтерді, әділ сөйледі, қазақтарға қолдау көрсетті, рух берді»* деп сипаттайды (әйел, 60 жаста, қазақша ФТ).

Сондай-ақ, респонденттер оның *«билікке қарсы шыққаны»* үшін қайтыс болды деп санайды. Сәрсенбаевтың қосқан үлесін екіұшты екендігін респонденттер оның кез келген саясаткер сияқты, жүйені өзгертуге ұмтылып қана қоймай, жеке мансабын қуған деп түсіндіреді.

З. Нұрқаділов



Заманбек Нұрқаділовты да соңғы 30 жылдың басты тұлғаларының бірі ретінде еске алады. А. Сәрсенбаевтың жағдайындағыдай, оның өлімі қазақстандықтар үшін үлкен соққы болды. Талдау оның тұлғасына деген көзқарас оң және екіжақты екенін көрсетті. *«Заманбек Нұрқаділов көп жақсылық жасады. Ол тарихта қарапайым, әділ адам ретінде қалды»* (әйел, 41 жаста, қазақша ФТ).

И. Тасмағамбетов



Республикада жоғары лауазым атқарған Иманғали Тасмағамбетовті де зерттеуге қатысушылар алдыңғы қатарда атап өтті. Сонымен қатар, оған деген көзқарас көбінде оң. Ең алдымен респонденттер Тасмағамбетовтің әкім болған қалаларды дамытуға қосқан үлесін атап өтеді: *«Мен ол жайында оң көзқарастамын. Өйткені ол Атырау облысының, Астана мен Алматының әкімі болған. Барлығы ол туралы»*

айтқанда күлімсірейді» (ер адам, 22 жаста, орысша ФТ). Сондай-ақ, оның мәдениетті қолдау мен шығармашылық интеллигенцияға деген қамқорлығы туралы айтылды: *«ол елдегі руханияттың дамуына алғаш үлес қосқан қайраткерлердің бірі»* (ер адам, 46 жаста, қазақша ФТ).

Фокус-топтар барысында басқа саясаткерлер аз айтылды және олар туралы пікірлер аз болды. Дегенмен, олардың ел дамуына қосқан үлесін бағалай отырып, қазақстандықтардың ұжымдық жадында із қалдырған тұлғалардың келесі топтарын атап өтуге болады:

- **Жағымды кейіпкерлер** қатарында: Серікболсын Әбділдин, Мұрат Оспанов, Нұрлан Балғымбаев, Мұхтар Жәкішев және Асхат Аймағамбетов секілді тұлғалар жиі кездеседі.
- **Екіжақты кейіпкерлерге:** Әкежан Қажыгелдин, Жанболат Мамай, Кәрім Мәсімов жатты.
- **Теріс кейіпкерлер:** Дариға Назарбаева, Рахат Әлиев және Әміржан Қосанов.

Қоғамдық қайраткерлер, кәсіпкерлер

Фокус-топтар барысында қоғам қайраткерлері мен бизнесмендер саясаткерлерге қарағанда аз аталды. Бұл тізімге барлығы 19 адам кірді, олардың арасында О. Сүлейменов, М. Ломтадзе, Т. Әубәкіров сияқты тұлғалар жиі аталған.

Талдау көрсеткендей, үш адам **жағымды пікірлер** тудырады. О. Сүлейменов Семей ядролық полигонын жабуға үлес қосқан қайраткер ретінде қабылданады. Kaspi bank басшысы Михаил Ломтадзе банк қызметтері нарығында революциялық өзгерістерге алып келді және өте ыңғайлы банк қосымшасын жасағаны үшін жағымды кейіпкерлердің қатарына жатқызылады. Тоқтар Әубәкіров өзінің ғарышқа ұшқан алғашқы қазақ мәртебесінің арқасында оң бағаға лайық болды.

Тізімді одан әрі саралайтын болсақ, жағымды ой тудыратын қоғам қайраткерлеріне Мұхтар Шаханов, Әбіш Кекілбаев және Досым Сәтпаев жатқызылды. Сара Назарбаева, Марғұлан Сейсембай, Айдын Рахымбаев және Мұхамеджан Тазабек сияқты тұлғалар жөніндегі пікірлер екі жақты.

Болат Назарбаевқа қатысты теріс баға айтылды.

Мәдениет пен спорт қайраткерлері

Жоғарыда айтылғандай, фокус-топтар барысында тәуелсіздіктің ең маңызды тұлғаларының қатарында мәдениет пен спорт адамдары көп болды. Барлығы 41 адам аталды. Олардың үлесі шамамен барлық фокус-топтарда оң бағаланды.

Бұл топтағы ең көп айтылатын кейіпкер — әлемге әйгілі қазақстандық әнші Димаш Құдайбергенов. Барлық фокус-топтарда оның ел беделіне қосқан оң үлесі атап өтілді. Сонымен қатар, Димаш тәуелсіз Қазақстанның символдарының бірі ретінде қабылданады.

2016 жылы Димаш Қытайға барды. Ондағы қазақтардан естідік. Димаш барлық барған жерінде ана тілінде сөйледі. Мен оның тәуелсіз мемлекеттің өкілі екенін түсіндім, ол осы уақытта дүниеге келген.

Әйел, 50 жаста, қазақша ФТ

Мәдениет қайраткерлерінің арасында Батырхан Шүкенов, «Ирина Кайратовна» және Ninety One топтары, Иманбек, Мейрамбек Беспәев, Данәлия Төлешова және басқа да орындаушылар бар.

Спортшылар арасында Денис Тен, Геннадий Головкин, Илья Ильин, Серік Қонақбаев, Серік Сәпиев, Жақсылық Үшкемпіров және т.б. қайраткерлер аталды.

Алынған тұлғалардың тізімі және олардың бағалары негізінде респонденттерге алынған ақпаратты қорытындылау және тәуелсіз Қазақстан тарихындағы әртүрлі тұлғалардың рөліне қатысты қорытынды жасауды ұсындық.

Ең алдымен, қатысушылар **саясаткерлер мен мәдениет және спорт қайраткерлері арасындағы қарама-қайшылыққа** назар аударды. Қоғамдық қабылдауда шығармашылық тұлғалар мен спортшылар оң кейіпкерлер, ал саясаткерлер екіұшты немесе теріс екендігі айқын болды. Респонденттердің пікірінше, бұл қазақстандықтардың саяси қайраткерлеріне деген сенімсіздіктің көрсеткіші. Тәуелсіздік жылдарында **азаматтар тарапынан толық сенім мен қолдауға ие болатын адам болған жоқ.** Сонымен қатар, саясаткерлерге сыни баға беру Қазақстандағы мемлекеттік басқарудың барлық жай-күйін көрсетеді.

Біз ән айтып, би билей аламыз. Бірақ ел басқаруға, өкінішке орай, жоқпыз.

Әйел, 50 жаста, орысша ФТ

Негізінде, біздің халықта саясаткерлер туралы теріс көзқарас бар, ал мәдениет қайраткерлері дамудың күші және мақтанышы болып табылады.

Ер адам, 20 жаста, орысша ФТ

...саясаткерлер тарапынан қандай да бір қауіп бар. Сенімсіздік бар.

Ер адам, 23 жаста, орысша ФТ

Респонденттердің басқа да тұжырымдамаларына сүйенсек, алынған қаһармандар тізімінде **ер адамдар саны басым**. Респонденттер соңғы 30 жыл ішінде елдің дамуына үлес қосқан әйелдердің есімдерін сирек еске алады. Бұл әсіресе саяси салаға қатысты, бұл салада тек бірнеше әйелдердің есімдері ғана аталды. Зерттеуге қатысушылар үшін бұл жағдай қоғамдағы әйелдердің рөлі туралы патриархалды көзқарастардың сақталуын көрсетеді.

Менің ойымша, осы тізімнен елде ерлердің мәртебесі жоғары екенін көруге болады. Патриархат. Мұнда тек ерлер саясаты ғана жүргізіледі. Бұл бір жағынан дұрыс, ал екінші жағынан — жоқ.

Ер адам, 19 жаста, қазақша ФТ

Бізде әлі де әйелдің балаға қарап, үй жинап және т.б. тірлікпен айналысуы керек деген пікір бар. Бұл ойлар тіпті адамдардың өздерінде де, әйелдердің өздерінде де бар. Бұған дейін ешкім қоғам олардан күткеннен жоғары болуға ұмтылмаған.

Ер адам, 23 жаста, орысша ФТ

Сондай-ақ, респонденттер тізімде ғылым өкілдерінің өте аз екенін атап өтті. Белгілі ғалымдардың болмағаны, зерттеуге қатысушылардың пікірінше, қазақстандық ғылымның қиын жағдайын суреттейді.

Бізде бірде-бір ғалым, жазушы жоқ екенін қосқым келеді. Зиялы қауымнан, әрине, бірнеше адам бар, бірақ олардың саны өте аз. Ең алдымен саясаткерлер, эстрада жұлдыздары және тарихи тұлғалар.

Ер адам, 31 жаста, қазақша ФТ

Өздеріңіз көріп отырғандай, бірде-бір ғылым қайраткері жоқ. Бұл саясаткерлердің арасында кейбір философтар бар шығар, бірақ нақты ғылымдарда, атап айтқанда математика, химия, биология және т.б. жетістіктер жоқ.

Ер адам, 31 жаста, орысша ФТ



І 3-ТАРАУ. БІЗ ҚАНДАЙ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТТІК ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖЫЛЖЫП БАРАМЫЗ?

Біздің жұмысымыздың негізгі мақсаты қазақстандықтардың біздің таяудағы ортақ өткен шағымыз туралы ұжымдық түсініктерін жаңадан жаңғырту ғана емес, сонымен қатар зерттеуге қатысушыларға өткенге баға беруге мүмкіндік беру болды. Өйткені, қоғамдық тарих саласындағы жұмыстың маңыздылығы өткеннің бейнесін жасауда емес, оларды мұқият түсінуде жатыр. Өткен қателіктерді, сәтсіздіктер мен қиындықтарды ашық талқылау арқылы ғана жарқын болашаққа қадам жасай аламыз. Сондықтан, осы тарауда біз топтық пікірталастарға қатысушыларымыздың айтуынша, тәуелсіз Қазақстанның 30 жылдық жолын қорытындылаймыз және қазақстандықтардың ел болашағына деген үміттеріне мән береміз.

3.1. Негізгі қорытындылар

Тараудың осы бөлігінде біз қазақстандықтардың елдегі өмірдің түрлі салаларын, соның ішінде әлеуметтік инфрақұрылымды, бірегейлікті, тілді, мәдениетті, халықаралық қатынастарды қабылдауын жинақтауға және талдауға тырыстық. Біз тәуелсіз Қазақстанның белгілі бір саладағы нәтижелерін қорытындылауға бағыттамай, олардың ең жиі қайталанатындарын ғана атап өтіп, фокус-топтардың қорытындысы бойынша тәуелсіздіктің 30 жылдық кезеңін бағалау барысында байқағанымызша, топтық пікірталасқа қатысушылар көбінесе **өмір сүру деңгейі мен сапасына, экономикалық дамуға, мемлекеттік басқару сапасы мен ішкі саясатқа** сілтеме жасады. Олардың түсінігінше, бұл сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейімен тығыз байланысты. Бұл үш бағыт еліміздің жаңа тарихындағы ауыртпалықтарды айқын көрсетеді.


Мемлекеттік басқару және саясат

Мемлекеттік басқару сапасын айта отырып, фокус-топтардың мүшелері жүзеге асырылып жатқан саясаттың тиімсіздігі мен мағынасыздығынан көңілі қалғанын жеткізді. Әсіресе, ең алдымен, азаматтардың назарын шетке аудартуға бағытталған қаражаттың ұтымсыз жұмсалу мәселесі ерекше атап өтілуде.

Біз адамдарды алдау үшін көп ақша жұмсаймыз. Біз талай зейнетақы ақшасын, бюджеттік ақшаны шашамыз, шоу жасау үшін артық жайдан жай шығын шығарамыз. Ертең не болатыны ешкімге маңызды емес.

Әйел, 43 жаста, орысша ФТ

7-сурет. «Тәуелсіздік алған 30 жылдан кейінгі Қазақстанның көрінісі қандай?» сұрағына алынған жауаптардағы сөздердің жиынтығы



Мәлімделген бағдарламалар немесе саясаттар ел тұрғындарына нақты пайда әкеле алатын болса да, фокус-топтардың қатысушылары мемлекеттік бастамаларды тиімді іске асыру мүмкіндігіне және сәйкесінше қарапайым қазақстандықтардың өміріне оң әсер ететініне күмән келтіреді.

Бірдеңе істеп жатқан сияқтымыз, бірақ ештеңе шықпайды.

Ер адам, 40 жаста, орысша ФТ

Фокус-топтарға қатысушылар бүгін елде болып жатқан мәселелерді көбінесе биліктің ауыспайтынымен, сәйкес институттар арқылы халықтың даусы естілмейтінімен байланыстырады. Фокус-топтардың қатысушылары қазіргі жағдай үшін жауапкершіліктің бір бөлігін саяси элитаға, екінші бөлігін азаматтардың өздеріне жүктейтінін байқаймыз.

Иә, соңғы сайлау адамның, азаматтың ақыл-ой таңдауымен, құқығымен санаспайтынын көрсетеді. Бәрі оларға қалай қажет болса, солай қол қояды. Бірақ бәрібір бұл көп жағдайда халықтың саясаттан тыс болуы және ол [сайлауға] бармайтындықтан жасалады. Ал толтырылуы керек бюллетеньдердің бәрі толтырылмайды.

Ер адам, 41 жаста, орысша ФТ

Ең жас буын өкілдері фокус-топтар барысында қазақстандықтардың елдің саяси өміріне белсенді қатыспауының себептерін атап өтті. Олардың пікірінше, қазақстандықтар қазіргі мәселерге қатысты өздерінің наразылықтарын ашық айтуға батылы жетпейді.

Менің ойымша, біз аздап қорқақ болдық. Бізге тәуелсіздік алу оңай болған жоқ, қан көп төгілді. Дегенмен, Қазақстанда әлі күнге дейін көптеген мәселелер бар. Бұл мәселелер көбінесе биліктен қорқатынымызға байланысты. Сондықтан олар, әрине, шешілмейді.

Әйел, 18 жаста, қазақша ФТ

Осы фокус-топтың қатысушылары осындай мінез-құлыққа, соның ішінде елдегі күрделі экономикалық жағдайға және, тиісінше, қазақстандықтардың өзекті мәселелермен айналысатынына, сондай-ақ саяси белсенді азаматтарға көрсетіліп отырған қудалау мен қысымға бірқатар түсіндірмелер ұсынды. Басқа фокус-топ барысында реформалық кезеңнің өкілдері бұл қорқынышқа өте нақты негіздеме келтіреді. Респонденттер азаматтық қатысу тәжірибесін мемлекеттік органдар "түбегейлі басатын" өзгерістерге қол жеткізудің бекер әрекеті ретінде сипаттайды.

Іс-әрекеттер заңды болсын деп жұмыс жасай бастағанда, олар саған қауіп төндіре бастайды, қолыңды қайырады. Қоймасаң, балаларыңа қауіп төнеді деп бопсалайды. Сені өмір сүру мүмкіндігінсіз қалдырады, қудалайды. Мұндай жағдайда қалай өмір сүруге болады, білмеймін...

Әйел, 43 жаста, орысша ФТ

Мұндай жағдайда мемлекеттік органдар фокус-топтардың қатысушыларына қолжетімсіз және азаматтарға қарсы тұратындай көрінетіні таңқаларлық емес. Бұл сезімдер органдардың азаматтарды тыңдауға және ел игілігі үшін жұмыс жасауға деген ықыласының жоқтығымен ғана емес, мемлекеттік биліктің барлық деңгейінде тараған сыбайлас жемқорлықтан туады. ЛРТ құрылысы мемлекеттік

биліктің бірнеше деңгейіндегі сыбайлас жемқорлықтың айқын мысалдарының бірі болып табылады.

Түсінесіз бе, мен жақында<...> облыс әкімімен кездейсоқ таныстым, ол маған жасырмай-ақ (мені бірінші рет көріп тұрса да) "бұл жерге отыру үшін 17 мың доллар төледім. Мен бұл ақшаны екі айда-ақ қайта жинап аламын осында істеп. Менде кем дегенде төрт ай бар, ол уақыт [ішінде] лауазымым өсіп, тағы ақша таба аламын", - деді. Біздің билік қаншалықты өркөкірек болғанын елестете аласыз ба?! Мені білмейтін адам маған бұл туралы қалай ұялмай айтады?!

Әйел, 43 жаста, орысша ФТ

Респонденттердің пікірінше, сыбайлас жемқорлық ерекше ауыртпалық тудырады, Ол ұлттық қордан, табиғи ресурстардан кірістерді әділ бөлуге жол бермейді. Реформалық және миллениалдар буындарының өкілдері сыбайлас жемқорлық болмаған кезде елдің экономикалық жағдайы мен азаматтардың өмір сүру деңгейі бірнеше есе жоғары болу мүмкін еді дегенді меңзейді.

Бірақ ел үшін жүрегің ауырады. Еліміз бай. Бізде Павлодар облысының Баянауыл ауданында Менделеевтің барлық кестесі жатыр. Біз осында өмір сүріп, өркендейтін едік. Бірақ бұл сыбайлас жемқорлық, трайбализм, тамыр-таныстық, мұның бәрі таныс арқылы, ақша үшін, адамдардың бәрін ақша арқылы шешу әдеті.

Әйел, 50 жаста, орысша ФТ

Фокус-топтар қатысушыларының пікірінше, сыбайлас жемқорлықтың жаппай орын алуы елдің одан әрі дамуына кедергі болып қана қоймай, **қазақстандықтарды жақсы өмір іздеп, өз елінен кетуге мәжбүр етеді.** Барлық жерде «адамдардың ақша арқылы мәселе шешу әдеті» бар кезде, қызмет атқаратын институттар мен әділ ойын ережелері болмаған кезде, фокус-топқа қатысушылардың көз алдында тек болашақ емес, бүгінгі күн де бұлыңғыр болғаны соншалық, елдің кез келген елеулі дамуына үміттену өте қиын.

Аға буынның арасындар ең үлкендері проблемаға көп көңіл бөлмейді, сыбайлас жемқорлықты Қазақстанның қоғамдық және саяси кеңістігінде қалыпты болатын құбылыс деп көреді. Ал миллениалдар мен центениалдар буындарының өкілдері сыбайлас жемқорлықты жойқын әрі қауіпті санайды. Бір фокус-топқа қатысушының пікірінше, әлеуметтік және экономикалық теңсіздік жоғары деңгейде болғанда, сыбайлас жемқорлық және саяси институттардан азаматтардың көңілі қалғаны

үкіметті азаматтардан алшақтатады. Сонымен қатар, болашақа үлкен қатерге алып келуі ықтимал.

Мұның бәрі қашан жарылады? Мұның бәрі қашан жойылады? Жақында болатын сияқты. Ал егер бұрын мұның бәрі әйтеуір реттелсе, әйтеуір тұрақталса, қазір халық тарапынан биліктен бас тарту байқалады.. <...> Билік тек өздері пайда көруді меңзейді.

Әйел, 43 жаста, орысша ФТ

Фокус-топтардың қатысушылары арасында мемлекетке қатысты наразылықтар анық естіледі. Респонденттер елдегі дамудың жоқтығы, қазақстандықтардың алған несиелері, сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі және ең бастысы аталған проблемалардың негізінде жатқан «шіріген» жүйе туралы айтады. Реформалық буын мен миллениалдардың кейбір өкілдері **аға буынмен жасалған қоғамдық шарт бұдан былай іс жүзінде жұмыс істемейді және қазақстандықтарға жақын арада саналы түрде өзгерістерге келуге тура келеді** деп санайды.

Бұрын біз «алдымен экономика, содан кейін саясат» деген ұранға шыдасақ, дұрыс құрылымдалған саясатсыз экономиканы қалай нығайтқанымызбен, бәрібір әлсіз болады деп ойлаймын. Ол бір түнде құлап кетуі мүмкін. Сондықтан, меніңше, біз саяси саналы түрде бірдеңені өзгертетін немесе жай ғана бұл график төмендей беретін жағдайға жеттік.

Ер адам, 41 жаста, орысша ФТ

Экономика

Бірнеше фокус-топтардың қатысушылары мемлекет көрсетіп отырған елдің экономикалық жағдайы бір бөлек, ал қазақстандықтардың көпшілігі өмір сүріп жатқан шындық — бір бөлек екенін атап өтті.

Меніңше, айтылғанның бәрі өтірік, көзбояушылық. Бірақ бәрібір халықтың жағдайын жасыра алмайсың.

Ер адам, 55 жаста, қазақша ФТ

Сауалнамалар көрсеткендей, соңғы екі жылда қазақстандықтар өздерінің экономикалық жағдайын нашар деп қабылдай бастады. Мәселен, Орталық Азия барометрінің (ОАБ) тұрақты сауалнамасының нәтижелері 2020 жылы бүгінгі

экономикалық жағдай өткен жылмен салыстырғанда әлдеқайда нашарлады деп есептеген адамдардың үлесі 5,1%-дан 30%-ға дейін өскенін көрсетті. 2021 жылдың аяғында бұл үлес респонденттердің төрттен бір бөлігін құрады. Экономика біршама нашарлады деп санайтындардың үлесі 25%¹² -дан төмен түспеді. Үкіметтің 2021 жылдың соңында ЖІӨ өсуін қалпына келтіру және «экономиканы пандемия жағдайларына бейімдеу»¹³ туралы мәліметтеріне қарамастан, ҚР Ұлттық статистика бюросы берген деректер қарама-қайшы жағдайды көрсетеді. Осылайша, тұтыну шығындарының ішінде қоғам әл-ауқатының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылатын тамақ өнімдерінің үлесі әлі де тым жоғары (52,8%¹⁴). Бұл ретте, егер 2019 жылы бұл үлес 49,7%¹⁵ -ды құраса, 2020 жылы 54,8%-ға¹⁶ дейін көтерілді.

Бір қызығы, фокус-топтардың қатысушылары 2000 жылдардың бірінші жартысында байқалған экономикалық әл-ауқаттың өсуін ешбір саясаткердің жұмысымен байланыстырмайды. Жас және аға буындағы фокус-топтардың қатысушылары **еліміздің әл-ауқатының өсуі ең алдымен елде табиғи ресурстардың болуымен байланысты** екенін атап көрсетеді. Сонымен қатар, кейбір қатысушылар көмірсутектер, шетелдік инвестициялар ағыны және мұнайдың жоғары бағасы болмағанда сол кезеңнің экономикалық көрсеткіштерінің өсуі мүмкін болмайтынын меңзеді.

Алайда, ресурстарды жалдау құны респонденттердің біраз наразылығын тудыратын жайттардың бңрң екені анықталды. Яғни, *«ел экономикалық, әлеуметтік салаларда белгілі бір нәтижелерге қол жеткізді»* (ер адам, 20 жаста, қазақша ФТ) дегенге қарамастан, зерттеуге қатысушылар елдің табиғи ресурстарынан түсетін кіріс әділетсіз бөлінеді және азаматтардың мүдделерін ескермейді деді.

12 Қоғамдық ойлардың ереуілдерге дейінгі тенденциялары — Ортаазиялық барометр / <https://ca-barometer.org/en/news/trends-in-kazakhstans-public-opinion-prior-to-the-protests>

13 11 ай ішінде Қазақстан экономикасының қалыпқа келу деңгейі 3,8 % - ға өсті— А. Мамин. 9 желтоқсан 2021 жыл — Қазақстан Республикасының премьер-министрінің ресми ақпараттық желісі / <https://www.primeminister.kz/ru/news/tempy-vosstanovleniya-ekonomiki-kazahstana-za-11-mesyacev-uskorilis-do-38-a-mamin-91177>

14 Қазақстан Республикасы халқының шығыс пен кірістері. 2021 жылдың III тоқсаны — Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. / <https://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT440124&lang=kk>

15 Қазақстан Республикасының үй шаруашылықтарында азық-түлік тұтынуы. 2019 жылдың III тоқсаны — Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. / <https://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT335240>

16 Қазақстан Республикасы халқының шығыс пен кірістері. 2020 жылдың III тоқсаны — Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы / <https://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT395542&lang=kk>

Шын мәнінде алып қарасақ, мен Қазақстанның даму деңгейі жоғары дей алмаймын, өйткені бізде әлеуметтік сала нашар дамыған. Тіпті біздің Елбасының өзі кезінде әлеуметтік құрылымымыз ромбқа ұқсайтынын айтқан. Менің ойымша, біз ромб емес, пирамидамыз. < ... > Орта тап қалыптасқанына қарамастан, төменгі әлеуметтік саты әлі де бар.

Әйел, 43 жаста, қазақша ФТ

Екі аға буын фокус-топтары қатысушыларының арасында табыс пен байлықты бөлудегі теңсіздік ерекше байқалады («байлар мен кедейлер арасындағы үлкен алшақтық», «қоғамның стратификациясы»). Бұл орайда **қазақстандық контекстіндегі «байлар» тікелей саяси тұрақтылықпен** немесе сонымен байланысты адамдармен қатар келеді. Әлеуметтік лифттер жүзеге аспайтын жағдайда байлықтың тең бөлінбеу проблемасы аса қауіпті. Ал азаматтар арасында әл-ауқаттың белгілі бір деңгейіне тек билік органдары арқылы қол жеткізуге болады деген сенімнің таралуы одан да қауіпті.

Бізде, супермаркеттің жанында тамаққа ақша беруді сұрайтын адамдар тұрады. Тәуір киінген сияқты. <...> Сонымен қатар, тұрақта Лексус-570-тен жас қыздар шығады. Яғни, бұндай айырмашылық бар. Басқарушы буын, әрине, жақсы өмір сүруі керек. Бірақ, осыған ұқсас жағдайға да назар аударулары қажет.

Ер адам, 56 жаста, орысша ФТ

Жалпы алғанда, екі аға буындағы топтың өкілдері үшін экономикалық жағдай соңғы 30 жылдағы ел дамуындағы табыстылықтың негізгі көрсеткіші болып табылады. Мәселен, тәуелсіздіктің бүкіл кезеңін ересек жаста өткізген тоқырау буыны үздіксіз, тұрақты даму жолы туралы айтпайды. Реформалық буынның респонденттері көбінесе елдегі экономикалық жағдайды пессимистік түрде бағалайды. Ал егер олардың кейбіреулері өсу тенденциясын көрсетсе де, белгілі бір қиындықтарды қатарынан еске алып отырды. Сонымен қатар, фокус-топтық пікірталастарға қатысушылар елдің өсіп келе жатқан әл-ауқатын немесе өмір сүру деңгейін нақты бейнелейтін индикаторларды атап көрсеткен жоқ. Бірақ қатысушылардың бірі бүгінгі жағдайдың айтарлықтай тәуір күйде екенінің көрсеткіші-мерекелік іс-шараларды атап өту деді.

Бізде Түркістан облысында <...> дерлік күнде той. Жағдайымыз жақсы болған соң ғана той жасаймыз. Егер жағдай жаман болса, той өткізе алмас едік. Сондықтан мен [Қазақстанның дамуын] жоғары бағалаймын.

Әйел 47 жаста, қазақша ФТ

Өмір сүрі деңгейі

Қатысушылар елдегі өмір сүру деңгейінің төмендеу себептерін мемлекеттік аппараттың тиімсіз жұмысында және мемлекеттік саясатта өзекті мәселелерді нақты шешуге емес, салдарын жеңілдетуге, тіпті ол проблемалар болмағандай көз жұмумен байланыстырады. Сонымен қатар, фокус-топтардың қатысушылары өмір сүру деңгейінің төмен екенін режимнің ерекшеліктерімен байланыстыра бермейді.

Бірақ мені қарапайым халықтың жағдайы, олардың өмір сүру сапасы, азық-түлік пен бағаның сапасы, отын алаңдатады. Мұның бәрі мен үшін демократиядан немесе авторитарлық режимдерден гөрі маңызды. Режимдерді аса ойламаймын. Мүмкін, режим мен өмір сүру жағдайы байланысты шығар. Яғни, егер бізде демократия болса, онда өмір сапасы да жақсарады. Бірақ білмеймін. Бола ма, жоқ па. Десе де, мені өмірдің сапасы және біз тұтынатын өнімдердің сапасы көбірек алаңдатады.

Ер адам, 22 жаста, орысша ФТ

Өмір сүру деңгейінің төмендігі және негізгі қажеттіліктерін толығымен өте алмау бірнеше топтарда негізгі мәселелердің бірі болып саналады. Фокус-топтардың қатысушылары көбінесе елдің қазіргі жағдайын «тоқырау», «регрессия», «құлдырау» сияқты сөздермен сипаттайды. Кейбір буын өкілдері аман қалудың қамын ойлаған «90 жылдардың оралғанын» көреді. Барлық буын өкілдері жалақының төмендігі мен жұмысқа орналасу қиындықтарын айтты. Өңірлердегі мен ауылдық жерлердегі жағдайды айтқанда, қатысушылар жұмыс орындарын таңдаудағы шектеулер мен олардың тартымсыздығын атап өтті.

Біз осындай бай елде тұрғанда, бізде зауыттар жоқ. Біздің жастар такси айдап ақша табады. Күнкөрістің қамы үшін.

Әйел, 64 жаста, қазақша ФТ

Меніңше, керісінше, аймақтар қазір күйреп бара жатыр. Зауыттарға субсидия беріледі, бірақ олар жұмыс істемейді. Ал ауылдық жерлерде жұмыстан екі-ақ таңдау бар: мемлекеттік қызметші болу немесе мектепте мұғалім болу. Немесе барлығы саудамен айналысады. Өзіміздің өндіріс жоқ.

Әйел, 26 жаста, қазақша ФТ

Ірі қалаларда (елорда сияқты) және ауылдарда әл-ауқат пен өмір сүру деңгейінің айырмашылығы барлығына белгілі. Егер елорданың тұрғындары үшін бәрі «гүлденіп» дамыса, шағын қала мен облыстан тыс ауылдарда даму жайын айту қиын. Қазақстандықтардың көз алдында елорда мен Алматы алдыңғы қатарлы және дамыған Қазақстанның мұқабасы ретінде. Ал олардың артында сан өңірлер мен өмірі тоқтап қалған жекелеген қалалар қалды. Мұны аға буын да, жас буын да айтты.

Астана, Астанаға жақын өңірлер гүлденуде. Ақмола облысынан тыс жерлерді білмеймін. <...> Бір апта бұрын сұраған едім, жақын ауылда, қаладан 200 шақырым жерде, су, жарық жоқ дейді. Яғни, өркениет әлі дамымаған жерлер жетерлік.

Әйел, 55 жаста, орысша ФТ

Шығыс Қазақстан облысы қалаларының бірінде тұратын азаматша өзінің туған қаласы дамудан қалған, мұны қалалық инфрақұрылымның жоқтығымен және қаланың жандануына көңіл бөлінбейтіндігімен байланыстырады.

Ешнәрсе өзгермейді. Керісінше, теріс бағытқа кетеді. Ескі нәрсені жаңасына ауыстырмаймыз. Жаңа нәрсе жасасақ та, қолымыздан келмейді. Бұл тек қаланы жандандыруға ғана қатысты емес.

Әйел, 22 жаста, орысша ФТ

Елордада тұратын аға буын өкілдерінің арасында соңғы жылдар «90 жылдарға оралу» деп айтуға біршама бейім, ал облыс орталықтарында тұратындар дерлік өзгермейтін жағдай туралы айтады. Елдің дамуы мен әл-ауқатының артуы оларға мүлдем білінбейді. Даму мүмкіндігі жөнінде көп болса бестен бір бөлігі ғана айтады.

Сыртқы саясат

Фокус-топтардың қатысушылары үшін Тәуелсіздік кезеңіндегі ең көрнекті көріністердің бірі - әлемдік қоғамдастықтың Қазақстанды халықаралық құқық субъектісі ретінде танығаны. Респонденттер еліміздің халықаралық қатынастар саласындағы жетістіктерін жиі атап өтеді. Мәселен, Қазақстанның басқа елдер үшін тең құқылы және достық серіктес ретінде қалыптасуын, дипломатиялық қатынастардың нығаюын, түрлі халықаралық ұйымдарға мүше болуын, әлемдік аренада танымалдылыққа ие болуын және шекаралардың бекітілуін мақтан тұтады.

Менің ойымша, ең маңызды жетістік — шекарамыздың заң жүзінде бекітілгені. Көптеген елдерде шекара бекітілмеген. Тек қызыл сызықпен белгіленген. Ал Қазақстан көрші елдермен халықаралық шарт жасап, шекараны заң деңгейінде бекітті. Біз кез келген жағдайда шекарамызды дәлелдей аламыз.

Ер адам, 30 жаста, қазақша ФТ

Танымал, бейбітшіл және қонақжай мемлекет. Кездескеннің бәрін қонаққа шақырады. Рим Папасы Еуропаның барлық мемлекеттерінде болмаса да, бізге келген.

Әйел, 57 жаста, орысша ФТ

Сонымен бірге, кейбір респонденттер Қазақстанның көрші елдермен қарым-қатынасына, атап айтқанда Ресей мен Қытайға экономикалық және тіпті геосаяси тәуелділігіне байланысты алаңдаушылық білдірді. Талқылау барысында қатысушылар «Қазақстан шынымен тәуелсіз бе?» деген сұрақ қойды. Фокус-топтық талдау Қазақстанның егемендігі туралы пікірталастың өзі сыртқы саяси немесе экономикалық тәуелділікке келгенде жаңа реңк алатынын көрсетті. Бұл ретте пікірталас ірі державалар мүдделерінің қиылысында тұрған Қазақстанның геосаяси жағдайы туралы ғана емес, сонымен қатар практикалық мағынада да болып отыр. Көбінесе елдің шикізатқа негізделген экономикасы, өндірістің дамымауы елдің бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік бермейді: билік егемендікті жеткілікті түрде басқара алмады.

Ресми түрде Қазақстан тәуелсіз ел болып табылады, бірақ іс жүзінде ол басқа елдермен тығыз байланысты. Мысалы, Қытайға, Ресейге тәуелдіміз. Сондай-ақ, ірі өндірістік компаниялар көбінесе басқа елдерге тиесілі. Біздің барлық жағдайымыз, бағаның өсу деңгейі, бәрі солардың жағдайына байланысты. Яғни, біз қайтадан тәуелді елге айналдық.

Ер адам, 19 жаста, қазақша ФТ

Кейбір респонденттер 1991 жылдан бері Ресейге бұрынғы тәуелділік Қытаймен, АҚШ-пен және басқа серіктестермен қарым-қатынастардың күрделі жүйесімен ауыстырылғанын, мұнда Қазақстан тең құқылы тарап ретінде әрекет етпейтінін айтты:

Бізде азық-түліктік, ақпараттық тәуелсіздік жоқ. Біз айналамыздағы барлық елдерге өте тәуелдіміз.

Әйел, 41 жас, орысша ФТ

Тіл мен мәдениет

Жас ұрпақ пен аға буын топтарының өкілдері тәуелсіз Қазақстанның басты құндылықтарының бірі ретінде «халықтар достығы» туралы айтады. Сонымен қатар, қазақстандықтар арасында қазақ тілін меңгерудің төмен деңгейі, қазақтың ұлттық мәдениеті мен дәстүрлері туралы білімнің жетіспеуі жайында наразылық та бар. Фокус-топтар қатысушыларының пікірінше, бұл мәселенің шешімі үкіметке және оның тиімсіз жұмысына жиі жүктеледі.

Жастар бұл мәселеде оң көзқараста болмаса да, тілді, мәдениетті дамыту және ұлттық бірегейлікке ие болу бастамалары азаматтардың өзінен және шығармашылық өкілдерінен басталу керек деп санайды. Атап айтқанда, қатысушылар талантты жас қазақстандықтар шығармашылығының пайда болуы мен танымал болуын атап өтті. Жастардың пікірінше, олар «елді көтереді».

Центениалдар халықаралық аренада елдің біртұтас имиджін қалыптастыру және нығайту қажет деп санайды.

Бізді әлі де шапан, ұлттық киім, киіз үй және т.б. сияқты бірнеше белгілерден ғана тани алады. Егер сіз басқа елдермен салыстыратын болсаңыз, онда олардың көпшілігінің өзіндік имиджі бар. Біз әлі өзіміздікін таба алмадық. Мүмкін, біз оны тапсақ, таныла бастаймыз. Қазіргі уақытта Қазақстан тек Димаш Құдайбергеннің және басқа да бірнеше адамның арқасында белгілі, ал басқа елдерде кез келген салада танымал адамдар өте көп.

Ер адам, 21 жаста, қазақша ФТ

Фокус-топтардың қатысушылары елдің біртіндеп дамуы туралы айтқан кезде, көбінесе халықаралық аренадағы символдық немесе имидждік жетістіктермен байланыстыратыны анықталды. Бұл орайда олап әл-ауқатпен байланысты факторларға (ішкі саясат, экономика, қоғамдық даму) тікелей объективті баға бере алмайды. Респонденттер қазақстандықтардың әл-ауқатының дәлелі ретінде табыс деңгейін, тауарлар мен қызметтерді тұтыну деңгейін, қоғамдық денсаулықтың және сапалы білімге тең қолжетімділікті емес, той өткізуді атайды. Тойдан басқа факторларды зерттеуге қатысып, даму жайында теріс пікір білдіретін қатысушылар атап өтеді.

Фокус-топтық пікірталастарды талдау бізді мынадай қорытындыға әкеледі: мемлекет ақпараттық және тарихи монополияны өз қолына алғанына қарамастан, азаматтарды ақ ауыз қылуға мүмкін болмады. Қатысушылардың көпшілігі Қазақстанның мемлекеттік насихатпен таралатын бейнесін қабылдай алмайды. Кем дегенде, олар басқа шындықта өмір сүретіндіктен бұл мүмкін емес. Сонымен бірге, фокус-топтардың қатысушылары қоғамдағы ұзақ уақытқа созылған наразылықтың және бірқатар салалардағы мемлекеттік саясаттың ашық сәтсіздіктерінің себептері ретінде **сыбайлас жемқорлық, есеп берушіліктің болмауы және биліктің ауысуын** атайды. Зерттеу жүргізу кезінде (2021 жылғы қараша) коронавирустық пандемия және оның әлеуметтік-экономикалық салдары, сөзсіз, фокус-топ мүшелерінің қазіргі шындықтарды да, елдің соңғы 30 жылдағы жетістіктері мен сәтсіздіктерін де қабылдауында маңызды рөл атқарғанын атап өткен жөн. Бірақ соған қарамастан, азаматтар үшін экономиканың және әл-ауқаттың айтарлықтай өсуінің болмауы аясында соңғы бірнеше жылда қазіргі саяси институттарды қайта бағалаудың және жаңа қоғамдық сұраныстарды қалыптастырудың маңызды процесі болды деген пікір бар.

3.2. Біз қандай болашақты қалаймыз?

Қазақстанның 30 жылдық жолын қорытындылай келе, біз зерттеуімізге қатысушылардан олардың ел болашағы туралы көзқарастарын сұрадық. Олардың алдағы 10-20 жылда Қазақстаннан күтетін армандары мен үміттері қандай? Елдің одан әрі дамуына сенеді ме? Бүгінгі таңда Қазақстаннан ертеңгі күнге қандай үміттер бар? Топтық пікірталастар кезінде біз сондай-ақ қатысушылардың болашаққа деген жеке жоспарлары және олардың өз болашақтарын елімен қаншалықты байланыстыратынын сұрастырдық.

Фокус-топтардың қорытындысы бойынша, ең жас буынның өкілдері болашаққа қалыпты оптимизммен қарайды екен. Бұл оптимизм өмірге деген қанағаттануды немесе осы буынның елдегі қазіргі жағдай туралы иллюзияда болуын білдірмейді. Керісінше, центениалдардың өкілдері қоғамдағы өзекті мәселелерді түсінеді және ашық айтудан сескенбейді. Олардың оптимизмі жастарда сана сезім деңгейі болашақ өзгерістерді алға апарды деген сенімнен туған. Респонденттер азаматтық белсенділіктің, еріктілер қозғалысының және азаматтық қатысудың маңыздылығы туралы айтады. Тіпті сыбайлас жемқорлық сияқты кең таралған мәселелерді шешу туралы жастар: *«Әркім өзінен бастауы шарт»* дейді.

Мен сауатты, білімді азаматтарға сенемін. Қоғамдық проблеманы мойындаудың өзі батыл әрекет болып саналады және бұл да жаңашылдықтың бастауы болуы мүмкін. Егер біз осындай қарқынмен ілгерілей беретін болсақ, дамыған елдер қатарына тұрып, әл-ауқатымызды жақсарту аламыз деп ойлаймын.

Әйел, 18 жаста, қазақша ФТ

Жас ұрпақтың мемлекеттік құрылымдарға келуінде центениалдар соңғы 30 жыл ішінде «билік басында әлі де кеңестік идеологияны ұстанатындар болғанда» пайда болған және елдің дамуын тежеген проблемалардың шешімін көреді. Қатысушылардың пікірінше, жас ұрпақтың білім алуға деген ұмтылысымен бірге әлемге және барлық жаңа нәрселерге ашықтығы қажетті өзгерістерге қол жеткізудің негізгі шарты болып табылады.

Центениалдардың өкілдері қоғам мен технологиялардың біртіндеп дамуы арқылы әлемде орын алатын жаңа заманның ілеспе атрибуттарының маңыздылығы туралы айтады. Олардың ішіне, мысалы, электрондық үкімет жүйесі нәтижесіндегі ашықтық, коммуникацияларға арналған онлайн-платформаларды дамыту, түрлі дереккөздерден ақпарат пен жаңалықтар алу, жаһандану, білім беру құндылықтары мен адам құқықтарын тарату үрдістерін жатқызады.

Центениалдар буынының жоғарғы сана сезімін миллениалдар да ерекше атап өтеді. Жақында мектеп жасындағы болған өздерін кәметтік жасқа енді ғана аяқ басқандармен салыстыра отырып, мыңжылдықтар олар үшін мүлдем жат «өзің және өз құндылықтарың қорғай білу қабілетін» таңданыспен айтады. Олар бүгінгі жастар өкілдерінің таңдау және сөз бостандығы, өзін-өзі көрсету, төзімділік, ілгерілеушілік, сондай-ақ өз бетінше білім алуға ұмтылу, саяси-құқықтық сауаттылық сияқты құндылықтардың басым екенін атап өтеді және қазақстандықтардың жаңа буынының келуі есебінен елдің одан әрі дамуына сенеді.

Ал енді, шынымды айтсам, қазір адамдар өздерін тұлға ретінде білдіре алатындығына, не ойлайтындарын жеткізе алатынына қуаныштымын. Керек кезде "жоқ" деп те айта алады. Олар басқа адамға қарсы тұра алады. Яғни, мұнда таңдау еркіндігі, сөз бостандығы бар. Барлығы тек өзімізге, қабылдауымызға байланысты.

Әйел, 31 жаста, орысша ФТ

Миллениалдар ұрпағының өкілдері ғылымды, білімді, технологияны одан әрі дамыту қажеттілігін көріп отыр. Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлықты жою – осы салаларға салынған инвестицияның жемісі шынымен көрінуі үшін қажетті шарт.

Ең жас буын өкілдері өздерін және өз болашақтарын Қазақстанда көреді. Олар басқа елде жұмыс істеу немесе білім алу үшін өмір сүруден бас тартпайды, бірақ елдегі бірқатар мәселелер мен кемшіліктерді көргенімен, туған жерлеріне оралғысы келеді.

Менде кетуге ниет жоқ деп сеніммен айта аламын. Бұл менің елім, отаным. Біз осында дүниеге келдік, мен осында өлемін және т.б. Қандай қиындықтар болмасын, мен өмірімді және жағдайымды қаншалықты жақсы көрсем де, қандай әсерлерім болса да, мен азаматпын, менің бұған құқығым бар. Конституциям бар, ол мені қорғайды, наразылық білдіру құқығым тағы бар. Мен неге кетуім керек? Мен мұнда өзімді ыңғайлы, жақсы сезінемін. Мен бұл елді жақсы көремін және ешқайда кетпеймін.

Ер адам, 20 жаста, орысша ФТ

Алайда, орыс тілді топтағы бірнеше адам өздерін белгілі бір жермен байланыстырғысы келмейді, «әлем азаматтары» болғысы келеді екен.

Миллениалдар үшін, аға буындардан айырмашылығы, басқа елге көшу нонсенс идея сияқты көрінбейді. Олар баянды өмір іздеп көшіп кеткендердің мысалдарын біледі, кейбіреулері өздері де оны қайталағысы келеді. Десе де, фокус-топтар кезінде бұл буын өкілдерінің едәуір бөлігі елден кетуді жоспарламайтынын айтты. Бұл жерде олар оған қол жеткізе алмайтындығында емес, керісінше, олар мүмкіндікті көріп, елдің дамуына өз үлестерін қосуға ниет білдіріп жатыр. Бұл мүмкіндіктен көңілі қалған және елді қолдаудағы өз рөлін енді көрмейтін реформалық буынмен салыстырғанда контраст ерекше байқалады.

Мен де қалғым келетін еді. Әсіресе, менің салам денсаулық сақтау саласы болғандықтан, оны Қазақстанда дамытқым келеді.

Әйел, 22 жаста, орысша ФТ

Реформалық буынның орыстілді тобы басқа елге көшуге деген құлшынысын білдіреді, бірақ оның жүзеге асатынына сене қоймайды. Көшіп-қонудың қаржылық құрамдас бөлігі мен эмиграцияда жұмыс табу қиындығынан басқа, эмиграцияны

тежейтін факторлардың қатарында олар Қазақстанға үйір, оны туған жерлері, туған-туыстары мен достары орналасқан жер деп атайды. Бұл буынның қазақтілді тобы өз балаларының шет елді көріп, бірақ міндетті түрде елге оралғанын қалайды. Олар өздері көшкісі келмейді немесе көшетін мүмкіндікті көрмейді.

Реформалық буын үшін **әлеуметтік әділеттілік, сыбайлас жемқорлықтың жойылуы және қазақстандықтардың өмірі үшін қолайлы жағдай** жасауға сұраныстар бар. Бұл ретте фокус-топтардың қатысушылары түбегейлі өзгерістер жүрмей, елдің *«жарқын болашағына»* сене алмайтынын білдіреді. Түбегейлі өзгерістер қатарына *«жүйенің өзгеруі», «адамның санасының өзгеруі», «кеңес заманында [мемлекеттік органдарда] жұмыс істеген адамдардың кетуі»* жатқызылады. Бірнеше қатысушы демократияның қалыптасуы мен азаматтық қоғамның дамуы туралы қосып айтады. Сондай-ақ, реформалық буынның қазақтілді өкілдерінің арасында ұлттық сана-сезімнің төмен деңгейіне және ұлттық құндылықтардың жоғалуына қатысты кейбір алаңдаушылық болды.

Ал, жақын арада болмаса да, елді күтіп тұрған «жарқын болашақ» туралы біз Астанада жинаған аға буынның өкілдері айтып жүр. Олардың сенімі астанадағы салыстырмалы түрде жақсы өмір сүру деңгейіне негізделген. Олар 30 жыл ішінде жасаған дүниелерін болашақ ұрпақ үшін сақтап қалу және *«өз даму жолымен әрі қарай жүру»* керектігін айтады. Олардың негізгі өтініші белгілі бір өзгерістер мен бұрыннан келе жатқан мәселелерді шешу емес, керісінше экономикалық жағдайды тұрақтандыру және өмір сүру деңгейін жоғарылату болды.

Сонымен қатар, біз тоқырау буынының қазақ тілді тобын жинаған облыс орталықтарының бірінде болашақтан үміт аз болды. Дәл осы топтық талқылауда соңғы 30 жыл ішінде елдегі өзгерістердің аз болғаны соншалық, олар тіпті адамдардың өміріне ешқандай әсер етпеді деген пікірлер айтылды. Бұл топқа қатысушылар жүйелі проблемалар туралы айтады (білім деңгейінің төмендігі, мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі, жұмыс орындарының болмауы), оларды шешпей, ел одан әрі дамуы мүмкін емес. Дегенмен, олар әлі де жағдайдың жақсаруына үміттенеді - оны тағы да жас ұрпақтың келуімен байланыстырады.

Жеке жоспарларына келгенде, қазақтілді және орыстілді екі топта да аға буынның өкілдері елден кетпейтіндерін және балаларын жібергісі келмейтіндерімен бөлісті. Бір жағынан, *«жарқын болашаққа»* деген сенім болса, екінші жағынан тұрмыс-тіршілікке қатысты үйреншікті себептермен байланысты.

Жоқ, мен Қазақстанда қаламын және Қазақстаннан ешқайда көшпеймін. Туған жеріңде қызмет атқару керексің деп сенемін, ары бері көшіп қонбай. Көші-қон уақыт пен күшінді алады. Көп нәрседен айырыласың. Ең алдымен, адамдармен байланыс жоғалады.

Ер адам, 56 жаста, орысша ФТ

Елдегі болашаққа қатысты оптимизм деңгейі ұрпақтан-ұрпаққа ерекшеленгеніне қарамастан, барлық фокус-топтарда ертеңгі келер Қазақстанға деген сұраныстар өте ұқсас: тұрақты экономикалық өсу, әлеуметтік қызметтерге қолжетімділік, өмір сүрудің жоғары деңгейі және «жақсы жаққа» бағытталған өзгерістер. Бұл ретте қандай да бір **нақты күтулер, болашаққа деген сұраныстар немесе елдің «табыстылығының» анықтамалары байқалмады.** Мұндай жалпыланған ғана тілектер, ең алдымен, өзгерістер жайындағы нақты түсініктерді қалыптастыратын кең қоғамдық пікірталастың болмағандығынан тараған. Сонымен қатар, «Қазақстан-2050» немесе «100 нақты қадам» сияқты мемлекеттік бағдарламалар мен даму стратегияларының мүлде аталмағаны (немесе мысқылмен аталып өтуі) келешекте «қалыптасқан мемлекет» туралы түсінік қалыптастыру үшін қандай да бір маңызды бағдар болып табылмайтынының белгісі, яғни таңқаларлық емес.¹⁷

Әрбір буынның өкілдері арасында атышулы **«өмір сүрудің жоғары деңгейіне» және әлеуметтік әділеттілікке қалай жетуге болатынын нақты түсінбейтіндігі** (топтық пікірталасқа қатысушылардың пікірінше, бұл 30 жылда болмаған) және ел қайда алға жылжу керектігі **жайында нақты түсінік жоқ.** Фокус-топтардың қатысушылары айқындығы жоқ «дамуды тежейтін ой-сана» немесе «дұрыс реформалар» туралы ғана айтады. Алайда, демократиялық институттардың дамуы, мемлекеттік органдардың есеп беру міндеттілігі, экономикалық нарықтағы адал және ашық бәсекелестік туралы респонденттердің мағлұматқа ие аз ғана бөлігі ғана атап өтті. Мүмкін, **«бүкіл жүйеге өзгеріс керек»** дегенде, зерттеуге қатысушылар дәл осы нақты өзгерістерді меңзейтін де шығар. Алайда, қазіргі жағдайда тек бұрынғы билік өкілдерінің кетуі және жас ұрпақтың мемлекеттік органдарға келуінің өзі «жүйенің өзгеруі» басталып кеткенін білдіреді деген тұжырымды ғана байқаймыз.

17 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың халыққа жолдауы. «Қазақстан-2050». Мемлекеттің жаңа саяси бағыты. 2012 жыл —Қазақстан Республикасы премьер-министрінің ресми ақпараттық ресурсы/ <https://primeminister.kz/assets/media/strategiya-kazakhstan-2050.pdf>

I ҚОРЫТЫНДЫНЫҢ ОРНЫНА

Біздің Қазақстандықтардың соңғы 30 жылдық тарихын қалай қабылдайтынын зерттеуіміз де еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізген мұрасын көпшілік алдында ой елегінен өткізу әрекеті болып табылады. Мемлекет тарапынан Қазақстанның тарихы мен бүгінгі шындығы тек оның жетістіктері мен жеңістерінен құралған дәйекті нарратив ретінде қалыптасқанына қарамастан, пікірталасқа қатысушылар тәуелсіздіктің ресми тарихына біршама күмәнмен қарайды. Егеменді дамудың 30 жылдығының соңына қарай Қазақстанның осы кезеңде қол жеткізген нәтижелері әлі де тұрақсыз деген қоғамдық пікір қалыптасып үлгерді. Ел экономикасы 2000 жылдарда қарқынды өскенімен, кейінгі жылдары тоқырауға ұшырады. Уақыт өте келе, сыртқы және ішкі күйзелістердің әсерінен әбден құлдырады. Ішкі саяси жағдай президент ауысқаннан кейін де жаңарудың белгілерін көрсетпейді. Осы орайда дамыған, азат, әділетті ел құруға деген үміт ақталмаған деген ой да болды. Сонымен қатар, еліміз дамуының көптеген аспектілері бойынша өтпелі кезеңде екендігі туралы тұрақты нарратив бар.

Адамдарға отыз жылдық кезең туралы ой қозғаған кезде өткен шақ пен осы шақты бөліп қарастырған қиынға соғады. Бұндай рефлексия қалыптастыру үшін жеткілікті уақыт болмағаны анық. Алайда, уақыттан бөлек, адамдардың соңғы үш онжылдықты әлі қорытып үлмегендері Назарбаевтың ұзаққа созылған дәуірімен байланысты. Дәл осы дүмбілездік сезімі қоғамда белгісіздік атмосферасын тудырады, сонымен қатар азаматтардың ел болашағы туралы өзіндік бейнесін қалыптастыруға кедергі келтіреді. 30 жылдық кезеңді жан-жақты және шынайы түсінбестен, адамдар бүгінгі күннің әлсіз тұрақтылығына көбірек жабысады немесе алдағы уақыттағы өзгерістер үшін нұсқауларды іздеуде өткенге жүгінеді.

Зерттеуді жүргізу барысындағы тағы бір байқағанымыз қазақстандықтар тәуелсіздік кезеңіндегі негізгі оқиғаларға өзінің қатысын сезіне бермейді. Халықта экономикалық немесе саяси өзгерістердің тікелей қатысушысы емес, сырттан келген бақылаушысының рөлі ғана бар. Тәуелсіздікке қол жеткізу және басқа да елеулі оқиғалар (мемлекеттік рәміздердің қабылдануы, астананың көшірілуі, экономикалық даму және ЭКСПО) көбінде саясаткерлер мен сырттағы жағдаятқа ғана қатысты. Демек, елдің жетістіктері мен кемшіліктері туралы айтқанда, азаматтар «біз» деп сирек сөйлейді, елдің даму нәтижелерін нақты тұлғалардың күш-жігерімен байланыстырады. Бұл ішкі саяси процестерден алыстау нәтижесінде туындайтын азаматтарды ел тарихынан алшақтату проблемасына әкеледі.

Дегенмен, бұрын үстемдік еткен тәжірибелерді бірте-бірте өзгертіп, қазақстандықтар өздерін, азаматтықтарын және елдің дамуындағы рөлін түсіну арқылы жаңадан ортақ ойлар қалыптастыра алады. Қоғамды ішінен топтастырудың берік негізін сезінген азаматтар егемендіктің мәнін қайта қарастырып, оған жаңа мағына беруге дайын. Пікірталастарға қатысушылар Қазақстанның тәуелсіздік алуында саясат пен экономикада өздерінің ұлттық жолын анықтау мен өз шекараларын белгілеу арқылы және өзіндік тәуелсіздік символдарын қалыптастыру арқылы бостандыққа апарар жолды көреді.

Буындарға бөлу арқылы талдау жасау барысында аға буындағы топтар үшін тәуелсіздіктің өзі ең үлкен жетістік болып саналатынын байқадық, ал біршама жас топтар қазірдің өзінде мемлекетке және өздеріне үлкен талап қояды екен. Осылайша, жас респонденттер өз бірегейліктерін азаматтық, жеке даму мүмкіндіктері, неғұрлым әділ қоғам, қатысу, сондай-ақ **өз өткеніне еркін және жауапты қарым-қатынас** арқылы қалыптастырады. Бұл жерде сыни көзқарасқа орын бар қарым-қатынас жайлы айтылады — демек, болашақты жоспарлау азаматтардың саналы таңдауына негізделген.

Біз қоғамға тәуелсіздік жылдарындағы ұжымдық жады нарративтерін қалыптастыру үшін тиісті құқықтар мен мүмкіндіктердің маңызын, олардың айнадай айқын болғанымен, атап өткіміз келеді. Өзінің өткеніне, бүгінгіне және болашағына адал әрі шынайы көзбен қарау үшін ұлттық тарихтың жоғарыдан берілген сұлбасы жеткіліксіз. Оның үстіне бұл ресми сұлбалар ел мен қоғамның одан әрі дамуына үлкен кедергі болуы мүмкін.

Біз қазақстандық қоғамның жадымен жұмысында және мемориалдық тәжірибелерді жүзеге асыруда азаматтық бастамалардың ерекше рөлін көреміз. Бұл азаматтардың тарапынан өсіп келе жатқан сұранысты ескере отырып, кең аудиторияға жекелеген оқиғаларды ғана емес, сонымен бірге ел тарихындағы өз орнын түсіну процесіне қатысуға мүмкіндік береді. Бұл үдерісте қоғамды топтастыруға және тәуелсіздікті нығайтуға септігін тигізетін жоғарыдан таңылмаған, халыққа жақын ортақ құндылықтар міндетті түрде табылатынына сенеміз.

I ҚОСЫМШАЛАР

1-кесте. Фокус-топтар қатысушыларының ойлары бойынша елдің соңғы отыз жылдық дамуына ең көп әсер еткен тұлғалар тізімі

Аталымдар саны	Мемлекеттік және саяси қайраткерлер	Қоғамдық қайраткерлер мен бизнесмендер	Мәдениет пен спорт қайраткерлері	Басқалары
11	Нұрсұлтан Назарбаев Қасым-Жомарт Тоқаев Мұхтар Әблязов			
8	Иманғали Тасмағамбетов Алтынбек Сәрсенбаев		Димаш Құдайберген	
6	Заманбек Нұрқаділов	Олжас Сүлейменов	Денис Тен Геннадий Головкин	
5	Рахат Әлиев			
4	Дінмұхамед Қонаев Дариға Назарбаева			
3	Қайрат Келімбетов Кәрім Мәсімов Жанболат Мамай Серікболсын Әбділдин	Тоқтар Әубәкіров Михаил Ломтадзе Мұхтар Шаханов	Ninety One Батырхан Шүкенов Илья Ильин «Ирина Қайратовна»	
2	Бауыржан Байбек Арон Атабек Ахметжан Есімов Әкежан Қажғелдин Асхат Аймағамбетов Амандық Баталов Нұрлан Балғымбаев Виктор Храпунов Мұхтар Жәкішев Ермек Көшербаев Григорий Марченко Марат Оспанов Серік Ахметов	Сара Назарбаева Әбіш Кекілбай Айдын Рахымбаев Талғат Мұсабаев Досым Сәтпаев	Александр Винокуров Данэлия Түлешова Иманбек Жақсылық Үшкемпіров Мейрамбек Беспәев Нұрлан Сабұров Серік Сәпиев Серік Қонақбаев Скриптонит Фарица Онғарсынова	

Аталымдар саны	Мемлекеттік және саяси қайраткерлер	Қоғамдық қайраткерлер мен бизнесмендер	Мәдениет пен спорт қайраткерлері	Басқалары
1	Ғабидолла Абдрахимов Даниал Ахметов Әсет Исекешев Бағдат Мусин Күляш Шәмшидинова Ғалымжан Жәкиянов Әміржан Қосанов Тимур Күлібаев Асқар Мамин Марат Тәжин Ерлан Сағадиев Бақытжан Сағынтаев	Аружан Саин Асқар Жұмаділдаев Салтанат Байғошқарова Болат Назарбаев Дмитрий Дубовицкий Марат Әбиев Марғұлан Сейсембай Мұхамеджан Тазабек Мұхтар Әлиев Мырзатай Жолдасбеков	Айсұлтан Сейітов Ақан Сатаев Бахтияр Артаев Бейсен Құранбек Әлібек Днишев Бекзат Саттарханов Әнуар Нұрпейісов «А' Studio» тобы Зейнеп Ахметова Злиха Тамшыбаева Қабдеш Жұмаділов Күнсұлу Зәкәрия Қыран Талапбек Мұхтар Мағауин Майя Манеза Молданазар Мұрат Данияр Ольга Рыпакова Роза Рымбаева Владимир Смирнов Мария Мудряк Шерхан Мұртаза Евгений Чебатков	Дикий Арман Норман Фостер

2-кесте. Фокус-топ қатысушыларының тәуелсіздіктің бірінші онжылдығымен байланыстыратын ассоциативті қатары (1991-2001 жылдар)

	Центениалдар	Миллениалдар	Реформалық буын	Тоқырау буыны
Фильмдер	«Брат» (екі рет аталған), «Любовь и голуби», «Рэкетир» (төрт рет аталған), «Ағайынды» сериалы, «Титаник», «Один дома», «Сказ о розовом зайце», «Жмурки» (екі рет аталған)	«Брат», «Менің атым Қожа», «Рэкетир», «Бизнесмены» фильмі, «Тоғысқан тағдырлар» («Перекресток»), «Кто, если не мы»	«Бригада» (екі рет аталған), «Богатые тоже плачут», «Махаббат станциясы», «Игла», «Рэкетир» (екі рет аталған), Мэл Гибсонның «Апокалипсис» фильмі, «Бригада», «Бандитский Петербург», «Голодные игры»	«Весна на Заречной улице», «Жмурки», «Рэкетир», Тоғысқан тағдырлар», («Перекресток») (екі рет аталған), «Елбасы жолы» фильмі «Анаға апарар жол», «Избранный временем»
Музыка	Modern Talking «Cheri Cheri Lady», «When I Grow Up», Батырхан Шүкенов «Отан ана», ҚР Ескі әнұраны, «Атамекен»	«Смысловые галлюцинации», «Вечно молодой», Мейрамбек Бесбаев «Алғашқы махаббат»	«Кино» тобы «Спокойная ночь», Роза Рымбаева «Түркістан», «Наурыз», Жұбан Молдағалиев «Мен - қазақпын», «Қара бауыр қасқалдақ» (екі рет аталған), Мұқағали Мақатаев «Арыз жазып кетейін»	«Қара бауыр қасқалдақ», Роза Рымбаева «Наурыз» (екі рет аталған), Шәмші Қалдаяқов «Менің Қазақстаным», Ваншенкин «Я люблю тебя, жизнь»

3-кесте. Фокус-топ қатысушыларының тәуелсіздіктің екінші онжылдығымен байланыстыратын ассоциативті қатары (2001-2011 жылдар)

	Центениалдар	Миллениалдар	Реформалық буын	Тоқырау буыны
Фильмдер	«В погоне за счастьем», «Искусственный разум», «Талантливый мистер Рипли», Сериал «Громы», «Көшпенділер»	«Бумер», «Наша Казаша», «Игра на понижение», «Сказ о розовом зайце», «Жетімдер», Фильмы про Елбасы	«Пятый ангел», «Мальчишник в Вегасе», «Астана — махаббаттым менің», «Ағайынды-2», «Люди в черном»	«Девчата», «Брат-2», «Не было ни гроша и вдруг алтын», «Анаға апарар жол», «Жажүрек мың бала», «Томирис»
Музыка	«Beautiful day», «Дискотека Авария», «Если хочешь остаться», «Мюзикола» «Арман жолдар», Серик Мусалимов «Мой Казахстан», Песни группы «Звери» (екі рет аталған), Айқын, Бейбіт Қорған	ҚР әнұраны, «Бумер» фильміне саундтрек, Нюша, МаксИм әншілерінің әндері, группа «Звери», ҚР Әнұраны (төрт рет аталған), Песня «Азиада», Серик Мусалимов «Мой Казахстан», «МузАрт» «Сағындым Алматымды», «День Победы»	Батырхан Шүкенов «Дождь», «Каста» «Не забывай свои корни», «Үшқоңыр», «Отан ана», «МузАрт» (екі рет аталды), Группа «АБК», «МузАрт» «Есіл ағады»	«Марш веселых ребят», Роза Рымбаева «Цвети, земля моя», ҚР әнұраны (екі рет аталды), «Жаралы сезім», «МузАрт» «Қазақ елі», «Тілер едім мен екі қызыма, Сәлем бермей өсірген хан қызыма»

4-кесте. Фокус-топ қатысушыларының тәуелсіздіктің үшінші онжылдығымен байланыстыратын ассоциативті қатары (1991-2001 жылдар)

	Центениалдар	Миллениалдар	Реформалық буын	Тоқырау буыны
Фильмдер	«Улыбка Моны Лизы», «1+1», «Собачье сердце», Аниме «Начало», «Умница Уилл Хантинг», «Игра престолов», «Дьявол носит Прада», «Ешь, молись, люби», «Диктатор», «Ветер крепчает», «Балалық шағымның аспаны», «Болашақ», «Путь Лидера», «Жаужүрек мың бала»	«Побег из аула», «Келинка Сабина», Сериалы «Саке», «Шекер», «Эскорт», «Левиафан», «Дурак», «Путь Лидера» (екі рет аталған)	«Игра престолов» (екі рет аталған), «Кин-дза-дза!», «Социальная сеть», «Елбасы жолы. Астана» Елбасы туралы фильм, «Қазақ хандығы» сериалы	«Унесенные ветром», «Шеф», «Келін», «Жаужүрек мың бала», «Шал», Сериал «Қазақ хандығы», «Томирис», «Көшпенділер», «Жаужүрек мың бала»
Музыка	Team «Переплетено», «Горгород» Oxxxymiron альбомы, «Шоггот» әуені DEEP-EX-SENSE, The Script ft. will.i.am «Hall of Fame», Iggy Azalea «Started», «Режиссер», Ninety One әндері, «Жаса Қазақстан»	Linkin Park «One more light», Ахан Отыншиев «Шудың бойында», «Ирина Кайратовна» «5K», Kendrik Lamar «PRIDE», Димаш Құдайберген, Мұхтар Шаханов «Арман»	Алла Пугачева «Сильная женщина», Status Quo «In The Army Now», Ninety One, Димаш Құдайберген, «Атамекен»	Гүлнара Дали «Айым болып тудын ба», Анна Герман «Надежда», Қайрата Нұртастың әндері, «Қазақстан — наш общий дом», ҚР әнұраны